

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ**



**«ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІН ОҚЫТУДА КЕЙСТЕРМЕН
ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2025

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды (2025 жылғы 5 маусымдағы №2 хаттама)

«Құқық негіздері» пәнін оқытуда кейстермен жұмысты ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2025. – 80 б.

Әдістемелік ұсынымдарда 9-11-сыныптарда «Құқық негіздері» пәнін оқытуда кейс әдісін қолдану жолдары қарастырылады. Білім алушылардың құқықтық санасын, сауаттылығы мен мәдениетін қалыптастыру, құқық нормаларын өмірлік жағдаяттарда практикалық тұрғыда қолдану дағдыларын дамыту мақсатында кейспен жұмыс жүргізу тәсілдері ұсынылған. Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналады.

© Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025
© НАО им. Ы.Алтынсарина, 2025

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда елімізде білім беру саясатының басым бағыттарының бірі білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру. Орта білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында білім беру мазмұнын құзыреттілік тәсіл негізінде қайта қарастыру қажеттілігі айтылған[1]. Бұл тәсіл білім алушының меңгерген білімін нақты өмірлік жағдаяттарда қолдана білу мен «іс-әрекет арқылы оқытуға» бағытталуы шарт. Осы бағытта «Құқық негіздері» пәнін оқытуда білім мазмұнын өмірмен байланыстыру және білім алушыларға құқықтық білімді практикалық жағдайларда қолдануға дағдыландыру ерекше өзектілікке ие. Сондықтан оқытуда кейстермен жұмысты ұйымдастыруда оқу мақсатына жетудің тиімді тәсілдерінің бірі ретінде оқу процесінде кейс әдісін қолдану маңызды болып табылады.

Аталған әдіс құқықтық нормаларды, өмірмен байланыста игеруге, білім алушыны әлеуметтік-құқықтық жағдаяттарда әрекет ете алатын азамат ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл әдіс білім алушының құқықтық жауапкершілік сезімін, ойын дәлелдей алуын дамытып, құқықтық тұрғыдан құзыретті тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Құқықтық сауаттылықты арттыру туралы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында сөйлеген сөзінде өзекті бағыттардың бірі ретінде атап өтілді. Президент: «Азаматтардың құқықтық санасын қалыптастыру – өте өзекті мәселе. Жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру маңызды. Сонда әркім өз құқығын қорғай алады және өзгенің құқығын бұзбайды. Елде заң үстемдік етіп, тәртіп орнаса, мемлекетіміздің іргесі мызғымайды» – деп атап көрсетті [2]. Бұл тұжырым қазіргі Қазақстан қоғамында құқықтық мәдениет пен құқықтық білім берудің рөлін арттыру қажеттігін, құқықтық сауаттылықты қалыптастырудың маңыздылығын көрсетеді.

Сондықтан, оқу процесі білім алушылардың ХХІ ғасырдың түйінді құзыреттіліктерін тиімді коммуникацияны жүзеге асыру, ынтымақтастықта әрекет ету, сыни және шығармашылық тұрғыда ойлау қабілеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етуі қажет. Осылайша білім алушылардың түрлі өмірлік жағдаяттарда құқықтық нормаларды қолдану қабілетін дамытуға баса назар аудару құқықтық білім берудің мазмұндық және әдістемелік негіздерінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Осыған байланысты оқытуда кейстермен жұмысты ұйымдастыруда білім алушылардың алған құқықтық білімін практикада-күнделікті өмірде қолдану дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз ететін белсенді оқыту әдістерінің бірі ретінде кейс әдісі құқықтық білім беруді өмірлік жағдаяттармен байланыстырып, білім алушылардың функционалдық сауаттылығы мен азаматтық жауапкершілігін дамытуға әсер етеді.

Әлемдік педагогикалық практикада кейс әдісі құзыреттілікке негізделген оқытудың тиімді құралдарының бірі ретінде кеңінен танылған. Бұл тәсіл оқу

процесіне білім алушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, олардың танымдық және шығармашылық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Дәстүрлі оқыту тәсілдерімен салыстырғанда, кейс әдістің бірқатар педагогикалық және дидактикалық артықшылықтары бар. Біріншіден, оның практикалық бағыттылығы теориялық білімдерді нақты өмірлік жағдаяттарды шешу процесінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Екіншіден, интерактивті сипатымен ерекшеленетін бұл әдіс білім алушылардың оқу материалын терең меңгеруіне әсер етеді. Үшіншіден, кейс әдіс білім алушылардың болашақ кәсіби және әлеуметтік қызметінде аса қажетті функционалдық құзыреттіліктерді, атап айтқанда, коммуникация, сыни ойлау, шешім қабылдау және топта жұмыс істеу сияқты «жұмсақ дағдыларды» (soft skills) қалыптастыру мен дамытуға мүмкіндік береді.

Құқық сабақтарында кейс әдісін қолдану барысында оқу процесі нақты өмірде кездесетін құқықтық мәселелерді модельдеу арқылы ұйымдастырылады. Білім алушылар ұсынылған жағдаятты (іс жүзіндегі құқық бұзушылық, азаматтық даулар, еңбек немесе отбасы құқықтары мәселесі және т.б.) талдайды, заңнамалық негіздерге сүйене отырып шешу жолдарын ұсынады, және өз ұстанымдарын дәлелдеп қорғайды. Осындай нақты жағдаяттармен жұмыс істеу формасы «кейс» деп аталады. Оқу процесінде білім мазмұнының практикалық құндылығын арттыруда кейстер маңызды рөл атқарады.

«Құқық негіздері» пәнінде кейс әдісін (нақты жағдайларды талдау) қолдану білім алушылардың құқықтық түсінігін тереңдетудің, азаматтық жауапкершілігін қалыптастырудың және құқықтық нормаларды өмірмен байланыстыра отырып меңгерудің тиімді құралы ретінде танылады. Бұл әдіс білім алушыларды нақты мәселелерді шешуге, заң нормаларын практикада қолдануға және өз ұстанымын дәлелді түрде қорғауға үйретеді.

Аталған әдістемелік ұсынымда «Құқық негіздері» пәні шеңберінде кейс әдісін қолдану арқылы білім алушылардың құқықтық сауаттылығын, функционалдық және құқықтық құзыреттіліктерін дамыту жолдары ғылыми, мазмұндық және әдістемелік тұрғыда талданып, нақты педагогикалық шешімдер ұсынылады. Сонымен қатар, оқу процесін ұйымдастыруда кейс әдісін қолдануға арналған әдістемелік ұсыныстар мен оқу кейстерінің мысалдары беріледі.

Әдістемелік ұсынымдар педагогтерге «Құқық негіздері» пәнін оқыту барысында кейс әдістерін тиімді қолдануға практикалық көмек көрсетуге бағытталған, бұл білім алушылардың құқықтық білімін тереңдетуге және оқыту тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

1 «ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІН ОҚЫТУДА KEYC ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

«Құқық негіздері» оқу пәнін оқытуда кейс әдісін қолдану нормативтік актілерді талдауды, қатысушылардың іс-әрекеттерін бағалауды және оқу процесі шеңберінде құқықтық шешімдерді әзірлеуді талап ететін өмірлік құқықтық жағдаяттарды модельдеуге мүмкіндік береді. Оқу процесінде кейс әдісін қолдану теориялық материалды меңгере отырып, білім алушының құқықтық сауаттылығын дамытуға және өмірлік жағдаяттарды шешуде құқық нормаларын қолданудың практикалық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін тиімді тәсіл болып табылады.

2023-2029 жылдарға арналған орта білім беруді дамыту тұжырымдамасында білім беру мазмұнында құзыреттілік тәсілді іске асырудың маңыздылығы атап көрсетілген. Осыған орай педагог оқу процесінде оқу мақсаттарын құзыреттілікке бағыттау мен өмірмен байланысты тапсырмалар құрастыру арқылы білім алушының алған білімін іс жүзінде қолдана білуін қамтамасыз етеді. Осы бағытта аталған әдістемелік ұсынымдардың мектеп мұғалімдері үшін әдіснамалық-практикалық маңыздылығы жоғары. Себебі, халықаралық тәжірибеге сай құзыреттілік тәсілді іске асыруда кейс әдісі тиімді әдістердің бірі.

Пән аясында құзыреттілікке бағытталған тәсіл келесі бағыттарда жүзеге асырылады:

- білім алушының құқықтық сауаттылығы мен әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру;
- сын тұрғысынан ойлау, дәлелдеу және шешім қабылдау дағдыларын дамыту;
- нормативтік-құқықтық ақпараттарға бағдар алу дағдыларын игеру;
- заң мен адам құқықтарын құрметтеуге, құқықтық нормалар шеңберінде әрекет етуге дайын болуға тәрбиелеу.

Орта білім беруді дамыту тұжырымдамасында білім беру мазмұнында құзыреттілік тәсілді іске асырудың маңызы атап көрсетілген. Осыған байланысты мұғалімге оқу процесін білім алушылар алған білімдерін практикалық жағдайларда, соның ішінде нақты өмірлік жағдаяттарды бейнелейтін тапсырмаларды қолдануға мүмкіндік беретіндей етіп ұйымдастыру ұсынылады. Кейс әдісі халықаралық тәжірибе мен заманауи педагогикалық практика арқылы тиімділігі дәлелденген құзыреттілікке негізделген тәсілді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибеде кейс әдісі құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудың тиімді әдісі ретінде танылады. Кейс әдісін қолдану білім алушылардың оқу процесіне қатысуын арттыруға, олардың танымдық және шығармашылық қызметін жандандыруға мүмкіндік береді. Оқу процесінде нақты өмірлік жағдаяттарды талдау кезінде («жағдаяттарды» шешу) оқытудың индуктивті тәсілін жүзеге асыру мүмкіндігі пайда болады. Бұл әдісті Грузкова С. оқыту әдісі ретінде ғана емес, зерттеу әдісі ретінде де қолдану сипатын әдістемелік тұрғыдан

негіздейді [4]. Кейс әдісінің негізгі сипаттамалары суретте көрсетілген. (Сурет. 1).



Сурет. 1. Кейс әдісінің негізгі сипаттамалары

Білім беруде кейстермен оқу процесін ұйымдастырудың ғылыми-теориялық негізі ХХ ғасырдың 20-жылдарында қалыптасқанымен, оның философиялық алғышарттары Ежелгі Грекия дәуіріндегі Сократтың диалог тәсілінен бастау алады. Сократ шәкірттерімен өмірлік мысалдарды қолдана отырып пікірталас жүргізу арқылы оларды логикалық пайымдауға, дәлелдеуге үйретті. Ал заманауи кейс әдіс 1921 жылы Гарвард бизнес-мектебінде профессор Мелвин Т.Копленд пен декан Волас Донамның / «Business Teaching by the Case System» 1922; Wallace B. Donham, The American Economic Review, March 1922, vol. 12, no. 1, 58. / қатысуымен жарық көрген алғашқы жағдаяттық тапсырмалар оқулығынан бастау алады. Бұл оқулық шынайы өмірден алынған мысалдарға негізделіп, білім алушыларды теориялық білімдерін тәжірибеде қолдануға бағыттады. Бүгінде бұл әдіс тек жоғары білімде ғана емес, орта білім беруде де, оның ішінде құқықтық білім берудің практикалық бағытын арттыруда кеңінен қолданысқа ие болып отыр.

Кейс әдісі халықаралық білім беру кеңістігіндегі қарқынды таралуы 1970–1980 жылдары басталды. Бұл кезеңде әдіс тек батыс елдерімен шектелмей, кеңестік білім беру жүйесіне де ене бастады. Әсіресе, жоғары оқу орындарындағы экономикалық және басқарушылық мамандықтарды оқытуда жағдаяттарды талдау, басқару шешімдерін қабылдау үдерісін модельдеуге арналған негізгі әдістердің біріне айналды. Кеңес Одағы аясында бұл әдіс оқу процесін формализмнен арылту, ЖОО-да студенттердің дербес ойлауын, басқарушылық жауапкершілігін, кәсіби әрекетті модельдеу дағдыларын дамыту мақсатында қолданыла бастады.

Қазақстанда кейс әдісін білім беру жүйесіне енгізу процесі 2000-жылдардың ортасынан бастап дәстүрлі лекциялық форматты жаңғыртып,

білім алушылардың белсенді, өз бетінше ойлайтын, шешім қабылдай алатын субъект ретінде қалыптасуына мүмкіндік беретін тиімді құрал ретінде қарқын ала бастады.

«Құқық негіздері» пәнін оқыту контекстінде кейс әдісі нақты өмірлік жағдайларды немесе практикалық мысалдарды талдауға, негізгі құқықтық мәселелерді анықтауға, шешім қабылдауға және құқық нормасының теориясы мен практикалық қолданылуына негізделген дәлелдеуге бағытталған оқыту әдісі. Бұл әдіс теориялық білімді нақты тәжірибемен біріктіруге мүмкіндік береді, білім алушылардың аналитикалық және сыни дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Құқықтық реттеудің құқықтық тұжырымдамаларын, принциптері мен әдістерін тереңірек түсінуге, сондай-ақ құқықтық талдау және дәлелдеу дағдыларын дамытуға әсер етеді.

Оқытуда кейс әдісін қолдану барысында кейс құрылымын сақтауға ерекше назар аудару ұсынылады. Әдетте, кейс жағдаяттың сипаттамасынан, негізгі құқықтық сұрақтардан және кейде болжамды шешімдерден тұрады. Нәтижесінде білім алушылар кейс түрінде берілген жағдаяттарды талдауы, бағалауы және дәлелді қорытынды жасауы керек. Оқытуда кейстермен жұмысты ұйымдастыруда жағдаяттар қолдану форматы мен қиындық деңгейі бойынша ерекшеленеді.

Кейстер қолдану форматы бойынша:

1) Executive-кейстер (1-2 бет және одан аз), білім алушылар кейспен тікелей сабақта танысады және оны жеке немесе педагогпен талқылау барысында шешеді. Мұндай жағдаяттар теориялық материалдың иллюстрациясы ретінде немесе белгілі оқу дағдыларын тексеру үшін қолданылады.

2) Тақырыптық кейстер (3-5 бет), сабақта талдауға және жалпы пікірталасқа арналған, кейде қатысушылардың қысқаша алдын-ала дайындығы қабылданады.

3) Гарвард кейстері (орта есеппен 20-25 бет) болса бірнеше күн бойы тәуелсіз командалық жұмыстың шешімдері мен презентациясын білдіреді.

Кейстер күрделілік деңгейі бойынша:

1) Қатаң құрылымдалған кейс (highly structured) қосымша ақпараттың ең аз мөлшерін қамтиды. Шешімнің белгілі бір моделі мен шешімнің оңтайлы нұсқасын ұсынады.

2) «Қысқа фрагменттер» (short vignettes), 2-3 бетті қамтитын негізгі ұғымдарды қамтиды. Қатысушылар жұмыс істеу үшін қосымша білімді қажет етеді.

3) Шынайы өмірге жақын жағдаяттарды қамтитын, көпқырлы және көпнұсқалы шешімдерді талап ететін кейс түрі (long unstructured cases), бұл ең күрделі кейстер.

Қатысушылар жеткіліксіз құрылымдалған деректерден тұратын кейс жағдаяттарды шешуі керек. Кейсте қосымша ақпарат және/немесе қажетті мәліметтер болмауы мүмкін.

Мазмұны бойынша кейстер үш негізгі түрге бөлінеді:

1) Практикалық кейстер күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарды шынайы бейнелейді;

2) Оқыту кейстері жаңа теориялық материалды оқыту және зерделеу арқылы жүзеге асырылады;

3) Ғылыми-зерттеу кейстері білім алушыны зерттеу қызметіне қосуға бағытталады.

Материалды ұсыну тәсілі бойынша кейстер:

1) Баспа түрінде, яғни мәтіндік ақпаратты, сондай-ақ графиктерді, кестелерді, диаграммаларды, иллюстрацияларды қамтитын;

2) Мультимедиялық материал презентациялар, фотосуреттер түрінде берілген;

3) Бейне-кейстер ақпарат фильмдер, аудио және бейне материалдар түрінде ұсынылады.

Форматына қарамастан, әрбір кейс бойынша жұмыс нәтижелері анық әрі түсінікті болуы тиіс. Егер теориялық мәселе қарастырылса, қолданыстағы заңнама нормаларына сүйене отырып дәлелді шешім әзірлеу ұсынылады. Ал практикалық кейсте нақты өмірде қолдануға болатын, қарапайым әрі толық нәтиже қабылдануы қажет.

Кейс әдісті оқытуда іске асыру нақты кейсті дайындау арқылы, яғни теориялық білімді қолдана отырып және қолданыстағы заңнаманың нормаларына негізделген шешіммен талдануы керек. Бұл құқықтық нормаларды қолдана отырып шешуді, талдауды және қорытындылауды қажет ететін нақты құқықтық жағдаятты, проблеманы сипаттау болуы мүмкін. Негізгі мақсат білім алушылардың құқықтық және шиеліністі жағдаяттарды талдау, шешім қабылдау, оларды дәлелдеу және нақты жағдайда құқық нормаларын тиімді қолдану қабілетін дамыту болып табылады.

«Құқық негіздері» оқу пәнінің практикалық бағытына сәйкес кейс әдісі оқу процесінде оның мазмұндық және тақырыптық ерекшеліктеріне бейімделген әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылады. Негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінде (9, 10-11 сыныптарда) «Құқық негіздері» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының бөлімдеріндегі оқу мақсаттары нақты кейстің мазмұнын ескере отырып таңдалады. Бағдарламадағы оқу мақсаттарын тек кейс әдісіне бағыттау орынды емес, өйткені ол дидактикалық тапсырмаға, тақырыпқа және күтілетін нәтижеге байланысты қолданылады.

«Құқық негіздері» оқу пәні мазмұнын практикаға бағыттауда пәннің ерекшелігіне байланысты оқу процесінде кейс әдісін қолдану мен жүзеге асырудың бірнеше тәсілдері бар.

1. Негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің 9-11-сыныптарында «Құқық негіздері» пәні үлгілік оқу бағдарламасындағы бөлімдер бойынша оқу мақсаттары кейске қарай іріктеліп алынады. Яғни, бағдарламадағы барлық оқу мақсаттарын оқу процесінде кейске бағыттау дұрыс емес. Сәйкесінше әдістемелік ұсынымдамада бөлімдер бойынша іріктелген оқу мақсаттары №1 кестеде ұсынылады. Осы кестеде көрсетілген оқу мақсаттарының жүзеге асырылуы 2-бөлімде ұсынымдарда берілді.

Кейс-тапсырмалар көлемі мен құрылымы бойынша әр түрлі болуы мүмкін: бір бетте орналастырылған қысқаша жағдаяттық сипаттамалардан бастап бірнеше бетті қамтитын кеңейтілген мәтіндер. Сонымен қатар, бұл әдісті алғаш қолданғанда кейстерді әзірлеуде педагог материалдың артық мөлшері білім алушылардың білім мазмұнын қабылдауын қиындатуы мүмкін екенін ескеру қажет. Осыған байланысты бастапқы кезде білім алушылардың дайындық деңгейіне сәйкес келетін құрылымдық кейстерді қолдану ұсынылады.

Кейстер келесі әдістемелік талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- оқу мақсатына жетуге бағдарлану;
- орындау үшін қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келу;
- қазіргі қоғам үшін өзекті және маңызды проблемалық жағдайларды көрсету;
- ұжымдық талқылауды және шешімдерді бірлесіп әзірлеуді ынталандыру;
- бұл ашық проблемалық оқыту принциптеріне сәйкес келетін жалғыз дұрыс жауаптың болуын болдырмайтын бірнеше балама шешімдердің болуын болжайды.

Осы талаптарды сақтау «Құқық негіздері» пәні шеңберінде білім алушылардың функционалдық және құқықтық сауаттылығын қалыптастыру құралы ретінде кейс әдісінің тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Құқық негіздері» оқу пәні бойынша кейстердің көп бөлігінде жағдаяттық міндеттер түрінде ресімделген кейс-мысалдар жиі қолданылады. Бірақ, бұл іс-әрекеттің шектеулі екендігін білдірмейді. Керісінше, бұл процес мектептегі білім беру жағдайында құқық негіздерін оқытудың ерекшелігін анықтайтын бірқатар объективті практикалық және дидактикалық факторларға байланысты.

Біріншіден, күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттар қабылдаудың салыстырмалы қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Олар негізінен өмірлік, білім алушыларға түсінікті және жақын мысалдарға негізделген, бұл талқылауға қатысуға ықпал етеді және құқықтық нормаларды түсіну процесін жеңілдетеді. Нақты жағдайларға байланысты болу құқықтық мәселелердің абстрактілі емес, практикалық қолданбалы сипатын көрсетеді.

Екіншіден, күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттардың үстемдігі білім алушылардың құқықтық дайындық деңгейімен түсіндіріледі. 9-10-сынып білім алушыларының абстрактілі құқықтық ойлау қабілеті әлі толық қалыптаспаған. Осыған байланысты жағдаяттық тапсырмалар негізгі құқықтық ұғымдарды бастапқы бекітудің, нақты өмірлік жағдайлар контекстінде құқық нормаларын қолдану дағдыларын қалыптастырудың ең қолжетімді және тиімді құралы ретінде әрекет етеді.

Үшінші фактор - әдістемелік жағынан мұғалімге тиімді. Жағдаяттық кейстерді әзірлеу, оқу сабағының құрылымына енгізу, сондай-ақ түсінікті критерийлер бойынша бағалау тиімді. Олар сабақтың тақырыбына оңай бейімделеді, қызығушылық тудырады және пікірталас, рөлдік ойын үшін тиімді негіз болады.

Сонымен қатар, күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарды қолдану білім алушылардың негізгі дағдыларын қалыптастыруға бағытталған құзыреттілік тәсілді жүзеге асыруға сәйкес келеді: құқықтық бұзушылықтарды анықтау, қолданыстағы заңнаманың нормаларын қолдану, дәлелді шешімдер ұсыну. Жағдаяттық кейстердің мектеп тәжірибесінде кеңінен қолданылуы бұл әдістің білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, танымдық мүмкіндіктеріне және оқу процесінің әдістемелік талаптарына бейімділігімен түсіндіріледі.

Кейстердің әртүрлі форматы білім алушылардың түрлі іс әрекеттері мен дағдыларын жан-жақты дамытуға бағытталған. Атап айтқанда, жағдаяттық кейс – нақты өмірден алынған оқиға негізінде оқушының құқықтық нормаларды түсінуін және қолдануын дамытуға бағытталады. Сот кейсі даулы жағдайды талқылау және шешу арқылы құқықтық пікір білдіру мен дәлел келтіру қабілетін жетілдіреді. Талдамалық кейс – заңнамалық құжаттарды, құқықтық бастамаларды талдауға және сын тұрғысынан бағалауға мүмкіндік береді. Этикалық кейс болса құқықтық нормалар мен моральдық таңдаудың ара-жігін түсіндіру арқылы білім алушының құқықтық этикасын қалыптастырады. Имитациялық кейс (рөлдік ойын) – заңгерлік қызметті модельдеу арқылы білім алушылардың практикалық және коммуникативтік құзыреттерін дамытады.

Сабақта әртүрлі кейс форматтарын қолдану білім алушылардың түрлі танымдық стилдерін ескеруге көмектеседі, сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады, Құқықты тек теориялық емес, өмірлік тәжірибе ретінде қабылдауға ықпал етеді. Осы аталған кейс форматтары оқу мақсаттарын тиімді меңгеруге мүмкіндік береді және сабақтың мазмұнын өмірмен байланыстыра отырып меңгеруді көздейді.

Төменде әртүрлі кейс форматтарының сипаттамасы, оқу мақсаттарымен байланысы, күтілетін нәтижелері және пән мұғаліміне арналған әдістемелік ұсыныстар берілген.

1. Ситуациялық кейс. Кейс мысалы: 9-сынып оқушысы жолды белгіленбеген жерден кесіп өткені үшін әкімшілік айыппұл алады. Алайда ол бұл шешіммен келіспейді және ата-анасымен бірге шағым түсіруді жоспарлайды. Себебі, оның пікірінше жазаны әділетсіз деп санайды, жолдан өткенде жақын жерде көліктер болған жоқ, ал ең жақын жаяу жүргіншілер жолы айтарлықтай қашықтықта болды.

Оқу мақсаты: 9.6.2.2 Әкімшілік жауапкершілік түрлері мен қолдану тәртібін түсіндіру.

Құзыреттер: құқықтық сауаттылық, дәлелді сөйлеу, әкімшілік жауапкершілікті түсіну.

Күтілетін нәтижелер: білім алушылар әкімшілік құқық бұзушылық ұғымын түсінеді, шағымдану тәртібін біледі және азаматтық құқықтар мен міндеттердің арақатынасын ұғынады.

Мұғалімге арналған ұсыныстар: жаяу жүргіншінің құқықтары мен міндеттерін талқылауды ұйымдастыру, білім алушыларға азаматтың атынан жазбаша шағым немесе сөз сөйлеуді дайындауды ұсыну.

2. Сот кейсі

Кейс мысалы: көршілер арасында кешкі шу салдарынан шу мен тыныштық құқығына қатысты дау туындайды. Бір көрші билікке шағым түсірді, екіншісі нормалар бұзылмаған деп мәлімдейді. Жағдай шартты сот сатысында қаралады.

Оқу мақсаты: 9.3.2.2 меншік құқығын алу және тоқтату жолдарын анықтау.

Құзыреттіліктер: құқықтық дәлелдеу, жанжалдарды шешу, топтарда жұмыс істеу.

Күтілетін нәтижелер: білім алушылар даулы жағдайды құқықтық тұрғыдан бағалайды, қоғамдық және тараптардың ұстанымдарын талдай алады, дауды бейбіт жолмен шешу жолдарын ұсына алады.

Әдістемелік ұсыныс: рөлдік ойын форматын жүзеге асыру-білім алушылар судья, талапкер, жауапкер, куәгерлердің рөлдерін орындайды.

3. Талдамалық кейс

Кейс мысалы: оқушы Ажар интернет арқылы тауар сатып алып, ақысын төлегенімен, тауарын ала алмайды. Даулы мәселе меншік құқығы мен тұтынушы құқығы төңірегінде өрбиді. Сұрақ туындайды: меншік құқығы сатып алушыға қай сәтте ауысады? Тауардың жоғалуына кім жауапты?

Оқу мақсаты: 9.3.2.2-меншік құқығын алу және тоқтату жолдарын анықтау.

Құзыреттіліктер: сыни тұрғыдан ойлау, құжаттарды талдау, нормативтік актілермен жұмыс.

Күтілетін нәтижелер: білім алушылар қашықтықтан саудада меншік құқығының туындау шарттарын бөліп көрсете алады, сатып алу-сату шартының элементтерін құрылымдай алады, тәуекелдерді бағалай алады, заңнама негізінде өз ұстанымын дәлелдей алады.

Педагог үшін ұсынымдар: топтық талқылауды ұйымдастыру, білім алушыларға заңгер атынан кеңес дайындауды ұсыну, ҚР Азаматтық кодексінің тиісті баптарын пайдалану. Әдістемелік ұсыныс: «Ажар меншік иесі ме?» тақырыбында дәлел эссе жазу, ҚР Азаматтық кодексін қолдану ұсынылады.

4. Этикалық кейс

Кейс мысалы: Айдар жеке меншік компанияда тағылымдамадан өтуге келіседі, бірақ жұмыс беруші еңбек құқықтарын бұза отырып (аурухана, демалыс және т. б. болмауы) шартқа қол қоюды талап етеді. Айдар күмәнданады, бірақ жұмысынан айырылып қалудан қорқады.

Оқу мақсаты: 9.4.2.2 жұмыс беруші мен қызметкердің құқықтары мен міндеттерін түсіндіру.

Құзыреттіліктер: этикалық ойлау, еңбек құқығы нормаларын қолдану, құқықтарды білу.

Күтілетін нәтижелер: білім алушылар еңбек құқықтарын біледі, заңсыз жағдайларды анықтай алады, құқықтық ұстанымын тұжырымдай алады, этикалық нормалардың маңыздылығын түсіне алады.

Педагог үшін ұсынымдар: іскерлік ойын немесе пікірталас ұйымдастыру, Айдар атынан құқықтық қорытынды жазуды ұсыну, ҚР Еңбек кодексінің ережелерін пайдалану, Айдарға құқықтық кеңес жазу, дискуссия өткізу, ҚР Еңбек кодексінен үзінділермен жұмыс жүргізу.

5. Имитациялық кейс (рөлдік ойын) Кейс мысалы: Қайрат – көп балалы отбасынан шыққан 8-сынып оқушысы. Анасы әлеуметтік қолдау алғысы келеді, бірақ оның қандай құқықтары бар екенін білмейді. Оқушы заңгер ролінде отбасының қандай қолдау шараларына сене алатынын түсіндіруі керек.

Оқыту мақсаты: 9.5.4.1 отбасының қоғамдағы маңыздылығын бағалау.

Құзыреттіліктер: коммуникативтік дағдылар, құқықтық және әлеуметтік сауаттылық, азаматтық жауапкершілік.

Күтілетін нәтижелер: білім алушылар отбасының қоғамдағы ролін сипаттайды, қолдау шараларын анықтайды, отбасының әлеуметтік қызметі туралы пікір білдіреді және құқықтық кеңес бере алады.

Мұғалімге арналған ұсыныстар: рөлдерді бөлумен рөлдік ойынды ұйымдастыру (заңгер, ана, әкімдік маманы), «Отбасы- әлеуметтік құндылық» тақырыбында эссе жазуды ұсыну.

Әдістемелік ұсыныс: рөлдік ойын өткізу (заңгер, анасы, әкімдік қызметкері), «Отбасы әлеуметтік құндылық ретінде» эссе жазуды ұсыну, Конституция мен әлеуметтік қорғау заңдарын қолдану.

Осылайша педагогке кейс-әдісін оқу процесінде қолдану форматтарын жүйелеу арқылы құқықтық білім беруде оқушы мен пән мазмұны арасындағы байланысты жандандыруға мүмкіндік туады. Бұл кейс форматтары оқытудың формальді емес, өмірмен байланысты моделін құруға негізделген. Білім алушы өзін заңгер, сарапшы, медиатор ретінде елестету арқылы тек заң нормаларын емес, қоғам мен жеке тұлға арасындағы күрделі байланыстарды түсінеді. Кейс-форматтарды қолдану тұлғаның күнделікті өміріндегі нақты әрекет ережесі ретінде қабылдауға жетелейді. Сонымен қатар, білім алушының құқықтық мәдениетін, әлеуметтік сергектігін және құндылықтар жүйесін тәрбиелеуге ықпал етеді.

Нәтижесінде аталған кейс форматтар оқу процесін шындыққа жақындатып қана қоймайды, сонымен қатар білім алушыны өзін тек білім алушы ретінде емес, құқықтық және әлеуметтік өзара әрекеттесудің белсенді қатысушысы ретінде қарастыруға шақырады. Имитациялық, ситуациялық, аналитикалық және басқа жағдайлар білім алушылардың құқықты күнделікті өмірде шешім қабылдау, мүдделерді қорғау және қоғамда бағдар алу құралы ретінде қабылдау қабілетін қалыптастырады. Қорытындылай келе, кейс әдісі құқықтық сананың, азаматтық жетілудің және этикалық рефлексияның дамуына ықпал ететін практикалық және дүниетанымдық құралға айналады.

Оқу процесінде кейс әдісті қолдануда қарастырылатын жағдаяттың мақсатына назар аудару аса маңызды. Жағдаяттардың оқу процесінде қолданылу мақсатына қарай бірнеше түрін көрсетуге болады:

1) Иллюстрациялық кейстер көлемі бір беттен аспайтын қысқа жағдаяттар. Бұл кейстер сабақ барысында жаңа білімді талқылауға және білім алушылардың назарын нақты құқықтық мәселе төңірегінде шоғырландыруға арналған. Олар білім алушылардың ойлауын жедел белсендіру құралы ретінде қолданылады. Иллюстрациялық кейстерде комикстерді қолдану халықаралық тәжірибеде де кеңінен танылған тәсіл. Бұл әдіс әсіресе мектептегі құқық пәнінде білім

алушылардың қызығушылығын арттырып, олардың күрделі заң ұғымдарын визуалды түрде жеңіл меңгеруіне ықпал етеді. Комикстер – иллюстрациялық кейстердің тиімді визуалды түрі. Бұл әдіс зерттеуші оқушы моделіне көшуге нақты мүмкіндік береді.

2) Нормативтік (теориялық) кейстер құрамында құқықтық-нормативтік элементтері бар жағдаяттар. Мұндай кейстер, әдетте, нақты әрі біржақты шешімді қажет етеді және көбіне білімді бекіту мен бақылауға бағытталады. Теориялық білімнің меңгерілу деңгейін тексеру үшін тиімді.

3) Функционалдық кейстер білім алушыдан теориялық дайындықты талап етеді. Бұл форматтағы жағдаяттарда ұсынылған ақпаратпен қатар, шешім қабылдауға кедергі келтіретін қайшылықты немесе жеткіліксіз деректер болады. Сондай-ақ, шешімі алдын ала белгілі болуы да мүмкін. Бұл жағдайда шешімнің дәйектілігіне және дәлелдемелік деңгейіне назар аудару ұсынылады.

4) Стратегиялық кейстер білім алушылардың көп нұсқалы шешім қабылдау дағдысын, құқық пен қоғам арасындағы байланысқа қатысты рефлексиясын, әлеуметтік әділеттілікке көзқарасын дамытудың ең тиімді әдістерінің бірі болып саналады. Мұндай кейстерде тұрақсыз, өзгермелі факторлар, карама-қайшы таңдау өлшемдері, бағалаудың әртүрлі критерийлері көрініс табады. Мысалы, балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық орындардағы құқықтары мен міндеттері аясында, стратегиялық кейс ұсынылады. Мектеп оқушысы Айым мен оның достары демалыс күндері қаладағы сауда-ойын-сауық орталығына барып, қоғамдық орындағы орындықтарға жайғасып, әңгімелесіп отырады. Олар музыка тыңдайды, суретке түседі, ешкімге кедергі келтірмейді. Бірақ сауда орталығының күзетшісі келіп, жасөспірімдерге: «Мұнда ұзақ отыруға болмайды. Бұл орын ересектер мен сатып алушылар үшін» деп, оларды қуып жібереді. Сұрақтар: Бұл жағдаятта балалардың қандай құқықтары шектелді деп ойлайсыз? – Қоғамдық тәртіп пен балалардың еркіндігі арасында қандай тепе-теңдік қажет? – Күзетшінің әрекеті қаншалықты заңды? – Егер сіз сауда орталығының әкімшісі болсаңыз, не істер едіңіз? Білім алушылар қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерін құқықтық тұрғыдан талдайды; Балалардың қоғамдық өмірге қатысу құқығын бағалайды; Әлеуметтік әділеттілік пен құқықты шектеу арасындағы байланысты түсінеді; Көпнұсқалы шешімдердің артықшылықтары мен тәуекелдерін салыстырады. Бұл кейс нақты шешімді емес, сан алуан мүмкіндікті, әртүрлі мүддені, құқық пен мораль арасындағы қатынасты талдауға негізделген. Сондықтан бұл стратегиялық кейс форматына толық сай келеді және құқықтық пән аясында азаматтық ұстанымды дамытуда аса тиімді. Осы себепті, шешімдер төңірегінде пікірталас туындайды. Стратегиялық кейстердің басты ерекшелігі осындай кейстер білім алушыларды өмірлік тәжірибеге бейімдеп, күрделі жағдайларда дербес шешім қабылдауға үйретеді.

Берілген кейс түрлері кейс-әдістің белсенді оқыту негізінде құрылғанын айқын көрсетеді, мұнда білім алушылар «белсенді зерттеушілер» рөлін атқарып, өз бетінше ақпарат жинау, талдау және шешім қабылдау процесіне қатысады, ал

педагог осы процесті бағыттап, талқылау мен талдауды ұйымдастыратын фасилитатор қызметін атқарады.

«Құқық негіздері» пәнін оқытуда кейс-әдісті қолданудың бірқатар артықшылықтары бар. Біріншіден, бұл – практикалық бағыттылығы. Кейс-әдіс білім алушыларға теориялық білімнің нақты өмірде қалай қолданылатынын түсінуге мүмкіндік береді. Нақты жағдайларды талдау арқылы олар құқықтық нормалар мен үдерістерді тереңірек меңгереді.

Екіншіден, бұл – сыни ойлауды дамыту. Нақты жағдайларды талдау барысында білім алушылар тек құқықтық актілердің мазмұнын меңгеріп қана қоймай, оларды талдап, әлсіз және күшті тұстарын анықтап, мәселені шешудің баламалы жолдарын ұсынады.

Үшіншіден – интерактивтілік пен белсенділік. Кейс-әдіс оқу процесін белсенді етеді, себебі білім алушылар нақты жағдайларды бірлесіп талдап, пікір алмасып, өз көзқарасын дәлелдеуге ұмтылады. Бұл олардың оқу мотивациясын арттырып, пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Төртіншіден, бұл – шынайы өмірге дайындық және құқықтық уәж келтіру дағдыларын дамыту. Кейс-әдіс нақты құқықтық тәжірибеде кездесетін жағдайларды модельдей отырып, білім алушыларды сот немесе құқықтық тәжірибе талаптарына жақындатуға көмектеседі.

Кейс-әдісті енгізу кезінде келесі ұсыныстарды ескеру маңызды: біріншіден кейсің нақты бір дұрыс жауабы болмайды, тиімді шешімдер бірнеше болуы мүмкін, сондықтан білім алушылардың түрлі көзқарастарды қарастыруына мүмкіндік беру қажет. Екіншіден кейс жағдайлары қайшылықты және өзгермелі болуы мүмкін, бұл білім алушыларды күрделі өмірлік жағдайларға дайындайды. Үшіншіден кейстерді шектеулі уақытта шешу қажет болғандықтан, білім алушылардың уақытты тиімді басқару және жылдам шешім қабылдау дағдыларын дамыту маңызды.

«Құқық негіздері» пәні бойынша оқу үдерісіне кейс-әдісті енгізу терең ойластырылған және жүйелі тәсілді қажет етеді. Себебі бұл әдістің жоғары дидактикалық әлеуетіне қарамастан, оны қолдану барысында тиімділікке кері әсерін тигізетін белгілі бір тәуекелдер туындауы мүмкін. Осыған байланысты мүмкін болатын қиындықтардың алдын алу және әдістемелік тиімділікті арттыру бағытындағы ұсыныстардың рөлі ерекше маңызды болып табылады.

Біріншіден, кең таралған қиындықтардың бірі – білім алушылардың теориялық тұрғыдан жеткілікті дайын болмауы. Егер кейс әдіс негізгі құқықтық ұғымдарды алдын ала меңгермей қолданылса, бұл құқықтық нормаларды үстірт түсінуге және оларды дұрыс талдай алмауға алып келуі мүмкін.

Осыған байланысты оқу үдерісінде алдымен білім алушыларға негізгі құқықтық ұғымдарды мақсатты түрде енгізіп, оларды қысқаша құқықтық анықтамалықтармен, терминологиялық глоссарийлармен немесе визуалды сызбалармен қамтамасыз ету ұсынылады.

Екіншіден, кейс-әдісті тиімді қолдану үшін оны білім алушылардың жас ерекшеліктері мен дайындық деңгейіне сәйкес бейімдеу маңызды. Тым күрделі немесе абстрактілі жағдайлар когнитивтік жүктемені арттырып, оқу

мотивациясының төмендеуіне әсер етуі мүмкін. Сондықтан кейс мазмұнын мұқият іріктеп, оны білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес бейімдеу ұсынылады: 9-сыныпта – күнделікті өмірлік жағдайларға негізделген қарапайым кейстерді қолдану, ал жоғары сыныптарда – құқықтық талдау элементтерін, рөлдік шешімдерді және этикалық дилеммаларды енгізу ұсынылады.

Үшінші міндет білім алушылардың құқықтық тұрғыдан дәлелдеу қабілетін дамыту болып табылады. Жағдаятты терең түсінбеу және шешім қабылдаудағы әлсіз логика кейсті жүйелі түрде өңдеуге бағытталған талдау алгоритмдері, чек-листтер мен графикалық модельдерді енгізудің қажеттілігін көрсетеді.

Сонымен қатар, кейс-әдісті қолдану көбінесе уақыт шеңберімен шектеледі, бұл өз кезегінде педагогтен оқу тапсырмасын кейстік жұмыстың кезеңдерін ескере отырып тиімді ұйымдастыра білуін талап етеді. Осыған байланысты оқу процесінде шағын кейстерді (кейслеттерді) пайдалану немесе талдау барысын бірнеше кезеңге құрылымдау орынды, олардың бір бөлігін үй тапсырмасы немесе дербес жұмыс форматында орындауға болады.

Білім алушылардың танымдық әрекетін арттыру мақсатында нақты рөлдерді бөлу арқылы (мысалы, адвокат, сот төрешісі, жәбірленуші) топтық жұмысты ұйымдастыру тиімді, бұл әрбір қатысушыға жағдайды талдауға өз үлесін қосуға мүмкіндік береді.

Кейс әдісті қолдану барысында бағалау процесі айрықша әдіснамалық маңызға ие, өйткені білім алушылар ұсынатын шешімдердің көпнұсқалылығы оқу нәтижелерін объективті әрі дәйекті түрде өлшеуді қиындатады. Сондықтан пайымдаудың қисындылығын, ұсынылған шешімнің құқықтық нормаларға сәйкестігін, дәлелдеу мен этикалық негізділікті қамтитын нақты критерийлерді әзірлеу ұсынылады. Кейс әдісті білім беру практикасына тиімді және жүйелі енгізу, ең алдымен, педагогтің кәсіби дайындық деңгейі мен әдістемелік құзыреттілігіне тікелей байланысты. Тәжірибенің жеткіліксіздігі немесе құрылымдалған әдістемелік материалдардың болмауы бұл процестің сапалы жүзеге асырылуына кедергі келтіруі мүмкін. Осыған орай, мұғалімдерге кейс тапсырмаларын әзірлеуге арналған үлгілік құрылымдар мен нұсқаулықтарды ұсыну, жүйелі түрде әдістемелік семинарлар ұйымдастыру, сондай-ақ оқу кейстерін бейімдеуге және әзірлеуге мүмкіндік беретін жасанды интеллект элементтері бар заманауи цифрлық құралдарды қолдануды ұсыну – педагогтердің кейс әдісін меңгеруін қамтамасыз етудің маңызды шарттары болып табылады.

Кейс-әдісі – құқықтық білімді қалыптастыруға, білім алушылардың сыни ойлауын, коммуникативтік және дәлелді пікір айту қабілеттерін дамытуға ықпал ететін заманауи әрі тиімді дидактикалық құрал болып табылады. Аталған әдістің теориялық негізі әрекеттік, құзыреттілік және тұлғаға-бағдарланған тәсілдердің тұжырымдамалық қағидаттарына сүйенеді, бұл оның білім беру мазмұны аясында өзектілігін арттыра түседі. Кейс әдіске теориялық тұрғыдан талдау жүргізу оны «Құқық негіздері» пәнін оқыту практикасына мақсатты және тиімді түрде енгізудің негізін құрайды.

2 «ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІН ОҚЫТУДА КЕЙСТЕРМЕН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Қазіргі білім беру жүйесінде құзыреттілікке бағытталған тәсілді іске асыру аясында кейс-әдісі білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, құқықтық және функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік беретін тиімді педагогикалық тәсілдердің бірі ретінде кеңінен қолданыс табуда.

Аталған әдістің негізгі мақсаты – білім алушылардың келесі құзыреттіліктерін қалыптастыру:

- ақпаратты сыни тұрғыдан талдау және негізгі проблемаларды анықтау қабілеті;
- баламалы шешім нұсқаларын ұсыну және олардың тиімділігін бағалау дағдысы;
- оңтайлы шешім қабылдау және әрекет ету стратегиясын әзірлеу біліктілігі;
- топта бірлесіп шешім қабылдау тәжірибесін игеру;
- сараптамалық ойлау мен кәсіби құзыреттілікке бағыттайтын дағдыларды меңгеру;
- қажетті білімді өздігінен іздеу арқылы танымдық дербестікті дамыту;
- ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу және алынған нәтижелерді жазбаша, ауызша немесе мультимедиялық форматта ұсыну дағдысын жетілдіру.

Кейс-әдісті оқу процесіне тиімді енгізу үшін бірнеше дәйекті кезеңдерді қамтитын педагог қызметінің келесі моделі ұсынылады:

Оқу тапсырмасын әзірлеу: педагог оқу пәнінің тақырыбы мен оқу мақсаттарына байланысты практикалық жағдайды көрсететін, проблемалық сипаттағы оқу тапсырмасын таңдайды немесе өзі әзірлейді. Оқу тапсырмасы өмірлік тәжірибеге жақын, құқықтық немесе әлеуметтік мәні бар шынайы проблемалық жағдаятқа негізделуі қажет. Мұндай жағдаят білім алушылардың танымдық қызығушылығын оятып, оларды шешім іздеуге ынталандыруы тиіс.

Кейс материалын әзірлеу: педагог көлемі бір немесе бірнеше бетті құрайтын кейс әзірлейді. Техникалық мүмкіндік болған жағдайда интернет-кейсті қолдануға болады. Авторлық немесе бейімделген (дайын) кейстерді қолдануға рұқсат етіледі. Кейс әзірлеуге көркем шығармалар, кинофильмдер, деректі және ғылыми материалдар, сондай-ақ білім алушылардың өмірлік тәжірибесі негіз бола алады.

Кейспен алдын ала және тікелей танысу: білім алушыларға кейспен сабақ барысында да, өз бетінше дайындық аясында (мысалы, үй тапсырмасы ретінде) алдын ала танысу мүмкіндігі беріледі.

Кейспен таныстыру: Білім алушылар кейспен не сабақ барысында, не алдын ала (үй тапсырмасы ретінде) танысады. Бұл кезеңде мәтінді түсінуге жеткілікті уақыт қарастырылуы қажет.

Кейсті талдау және топтық жұмыс: Білім алушылар топтарға бөлініп, берілген жағдаятты бірлесіп талдайды, мәселені айқындап, оның шешу

жолдарын ұсынады және өз ұсыныстарын дәлелдейді. Мұғалім модератор рөлін атқара отырып, пікірталасты үйлестіреді, жетекші сұрақтар қояды және талқылау барысын бағыттап отырады.

Қорытындылау және шешімдерді бағалау: қорытынды кезеңде білім алушылармен бірлесіп жұмыстың нәтижесі шығарылады, қорытындылар тұжырымдалады, ұсынылған шешімдер талқыланады және бағаланады. Жағдайға байланысты бір немесе бірнеше оңтайлы нұсқаларды таңдауға болады. Білім алушылар әрекетінің нәтижелері ауызша да, жазбаша да ресімделеді; сондай-ақ ақпаратты көрнекі көрсету және көпшілік алдында ұсыну дағдыларын дамытуға әсер ететін мультимедиялық презентацияларды пайдалануға болады.

Сонымен, кейс-әдісі – теориялық білім мен практикалық дағдылардың бірігуін қамтамасыз ететін көпдеңгейлі технология болып табылады. Кейс әдісін қолдану білім алушылардың құқықтық білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың дербес ойлау, шешім қабылдау, ұжымда жұмыс жасау және алынған білімді өмірлік жағдайларда тиімді қолдану қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

«Құқық негіздері» оқу пәнін оқыту барысында кейс әдісін тиімді ұйымдастыруда, ең алдымен, осы әдіске сәйкес келетін оқу мақсаттарын нақты айқындауға ерекше көңіл бөлу қажет.

Оқу мақсаттарын анықтау кезінде білім алушылардың құқықтық ойлауын, дәлелді пікір айту және нормативтік құқықтық актілерді талдау дағдыларын дамытуға бағытталған мақсаттарды бөліп көрсету орынды. Сабақ жоспарын құрастыру барысында теориялық білімді шынайы немесе модельденген өмірлік жағдайларда қолдануға мүмкіндік беретін элементтерге баса назар аудару ұсынылады. Мұндай тәсіл білім алушылардың құқықтық ойлау қабілетін, нормативтік құқықтық актілерді талдау және негізделген шешім қабылдау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Сонымен қатар, негізделген шешім қабылдау, құқықтық ақпаратпен жұмыс істей білу және топта өзара әрекеттесу сияқты функционалдық құқықтық құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған оқу мақсаттарын қамту маңызды. Оқу мақсаттарын дұрыс әрі дәл анықтау кейс-әдісін әдістемелік тұрғыдан негізделген түрде қолдануға ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың құқықтық білім сапасын арттыруға жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Төменде кейс-әдісті қолдану арқылы тиімді түрде жүзеге асырылатын оқу мақсаттары көрсетілген (1-кесте).

1-кесте. 9-сыныпта кейс-әдістерін тиімді қолдануға арналған оқу мақсаттары.

Оқу мақсаты	Қарапайым кейс мысалдары
9. 1. 1. 1 әлеуметтік нормалар жүйесіндегі құқық ұғымы мен ролін түсіндіру	Кейс: Мектептегі жағдай: Бір оқушы сыныптағы тәртіп ережелерін бұзады, ал басқа білім алушылар оны жазалауды талап етеді. Мұғалім : <i>«Не маңыздырақ – мектеп жарғысы ма, көпшіліктің пікірі ме, әлде заң ба?»</i> деп талқылау ұйымдастырады: Талдауға арналған сұрақтар: • Құқықтың мораль, әдет-ғұрып және әдептен айырмашылығы неде?

	- Қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеу не үшін қажет? - Заң әділдікті қалай қамтамасыз етеді?
9. 2. 1. 2 Қазақстан Республикасы Конституциясын талдау арқылы адамның және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін анықтау	Кейс: <i>Оқушы әлеуметтік желіде мектебі туралы сын жазады. Ата-аналар бұл қиындықтарға әкелуі мүмкін деп алаңдайды. Оқушы сөз бостандығына сілтеме жасайды.</i> Талдауға арналған сұрақтар: - Қазақстан Республикасының Конституциясының қай бабы сөз бостандығын қорғайды? - Қандай да бір шектеулер бар ма? - Мемлекет қандай жағдайларда құқықтарды шектей алады?
9. 2. 2. 1 Конституция негізінде мемлекеттік органдардың қызметтерін анықтап, салыстыру	Кейс: <i>Қалада жылу өшірілді. Тұрғындар кімге жүгіну керектігін білмейді — әкімдікке ме, мәслихатқа ма, әлде министрлікке ме</i> Талдауға арналған сұрақтар: - Мемлекеттік билік органдары не үшін жауап береді? - Заң шығарушы, атқарушы және сот биліктері бір-бірінен несімен ерекшеленеді? - Мұндай жағдайда дұрыс әрекет ету жолы қандай?
9. 3. 2. 2 меншік құқығына ие болудың және тоқтатылудың жолдарын, құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы анықтау	Кейс: <i>Отбасы ескі автокөлік сатып алды. Бір аптадан кейін көліктің ұрланған екендігі анықталды.</i> Талдауға арналған сұрақтар: - Мүлікті заңды түрде қалай иеленуге болады? - Мүлікті иелену кезінде қандай қауіптер бар? - Меншік құқығы қашан тоқтатылады?
9. 3. 4. 1 тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын ұсыну	Кейс: <i>Оқушы жаппай сатылымда құлаққап сатып алды, 5 күннен соң ол жұмыс істемей қалды. Сатушы ақшасын қайтарудан бас тартты.</i> Талдауға арналған сұрақтар: - Тұтынушы ретінде оның қандай құқықтары бар? - Құқықтарын қорғау үшін қайда жүгінуге болады? - Қалай дәлелдеме жинап, талап өтінішін жазуға болады?
9. 4. 2. 1 Қазақстан Республикасының еңбек кодексі баптарының негізінде еңбек жағдайларын анықтау	Кейс: <i>Жұмысшы ыстық температура мен желдеткіші жоқ цехқа жұмысқа орналасты. Ол жағдайға шағымданады, бірақ басшы: "Сен келісімшартқа қол қойдың, жұмыс істей бер" дейді.</i> Талдауға арналған сұрақтар: - Қандай еңбек жағдайлары зиянды деп есептеледі? - Жұмыс берушінің қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша міндеттері қандай? - Жұмысшы қайда жүгінуі мүмкін?
9. 4. 2. 2 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы жұмыс беруші мен жұмысшының құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді	Кейс: <i>Қызметкер бір апта бойы ескертусіз жұмысқа шықпады. Жұмыс беруші оны өтемақысыз жұмыстан шығарғысы келеді.</i> Талдауға арналған сұрақтар: - Еңбек дауларын шешудің қандай түрлері бар (келісім, медиация, сот)? - Сотта қандай дәлелдемелер қажет? - Еңбек кодексінде артығымен жұмыс істеу бойынша не делінген?
9. 4. 3. 2 құқықтық нормативтік актілерге	Кейс: <i>Жұмысшы артығымен жұмыс істегені үшін төлемді талап етеді, ал жұмыс беруші «ауызша келісімге» сілтеме</i>

сүйеніп еңбек дауларын шешу жолдарын ұсыну	жасап, <i>бас тартады.</i> Талдауға арналған сұрақтар: - Еңбек дауларын шешудің қандай түрлері бар (келісім, медиация, сот)? - Сотта қандай дәлелдемелер қажет? - Еңбек кодексінде артығымен жұмыс істеу бойынша не делінген?
9. 4. 4. 1 құқықтық жағдаяттарды талдап еңбек шартының мазмұнын ашу	Кейс: <i>Жас маман еңбек келісімшартын оқымай қол қойды. Бір айдан кейін оған ауру парағы үшін төлемнен бас тартты.</i> Талдауға арналған сұрақтар: - Еңбек келісімшартының міндетті шарттары қандай? - Жұмысшы өз мүддесін қалай қорғай алады? - Қандай жағдайда келісімшарт заңсыз деп саналады?
9. 5. 2. 1 некені қию және тоқтатылу шарттарын анықтау	Кейс: <i>16 жастағы қыз бен жігіт үйленгісі келеді. Ата-аналары қарсы емес. Бұл мүмкін бе?</i> Талдауға арналған сұрақтар: - Неке қиюға неше жастан рұқсат беріледі? - Қандай жағдайда неке жарамсыз деп танылады? - Некені бұзу үшін қандай негіздер бар?
9. 5. 3. 1 отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін анықтау	Кейс: <i>ажырасқаннан кейін әкесі баласын көрмейтінін айтып алимент төлеуден бас тартады.</i> Талдауға арналған сұрақтар: - Ата-ананың міндеттері қандай? - Алимент төлеуден бас тартқан жағдайда не істеу керек? - Бұл туралы ҚР-ның Неке және Отбасы кодексінде не айтылған?
9. 5. 3. 2 құқықтық актілерге сүйене отырып, қоғам мен отбасындағы балалар құқығын талдау	Кейс: <i>Жасөспірім ата-анасының өзіне мамандық таңдауға тыйым салып, отбасылық дүкенде жұмыс істеуге мәжбүрлейтініне шағымданады.</i> Талдауға арналған сұрақтар: - Баланың қандай құқықтары бұзылды? - Қазақстанда бала құқықтарын қорғау механизмдері қандай? - Бала құқықтары туралы Конвенция нені реттейді?
9. 6. 2. 1 әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлері мен белгілерін анықтау	Кейс: <i>Оқушы смартфон сату туралы хабарламаларды бағанаға жапсырды. Полиция хаттама толтырады</i> Талдауға арналған сұрақтар: - Бұл құқық бұзушылық па? - Әкімшілік құқық бұзушылықтың қандай белгілері бар? - Қандай салдары болуы мүмкін?
9. 6. 2. 2 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы әкімшілік жауапкершілік түрлерін және оларды қолдану тәртібін түсіндіру	Кейс: <i>Жүргізуші жылдамдықты 30км/с асырып жіберді. Ол айыппұлмен келіспейді.</i> Талдауға арналған сұрақтар: - Әкімшілік жаза түрлері қандай? - Хаттамамен келіспеген жағдайда не істеу керек? - Мұндай құқықбұзушылық үшін қандай жаза қолданылады?
9. 7. 2. 1 қылмыстың белгілері мен түрлерін ажырату	Кейс: <i>Жасөспірімдер тобы түнде дүкенге кіріп кетті, бірақ ештеңе ұрлаған жоқ. Күзет қызметкерлері полиция шақырды.</i> Талдауға арналған сұрақтар: Бұл қылмыс па?

	• Қылмыстың қандай түрлері бар? • Қастандық жасау деген не?
9. 7. 3. 1 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы қылмыстық жауаптылықты және жаза түрлерін анықтау;	Кейс: 17 жасар жасөспірім ұрлық жасады. Кейін өкініп, затты қайтарып берді. Талдауға арналған сұрақтар: • Ол қылмыстық жауапкершілікке тартылады ма? • Жазаның қандай түрі қолданылуы мүмкін? • Жазаны ауыстыру мүмкін бе?
9. 7. 4. 1 қылмыстық құқықтағы гуманизм қағидасына баға беру	Кейс: қоғам ауыр қылмыс үшін қатаң жаза талап етеді, бірақ сот жеңіл үкім шығарады. Талдауға арналған сұрақтар: • Гуманизм принципі деген не? • Неліктен сот жеңілдететін жағдайларды ескеруі мүмкін? • Қай кезде гуманизм мен заң бір-біріне қайшы келуі мүмкін?

«Еңбек құқығы» бөлімі бойынша Алматы қаласы №174 мектеп-гимназияның тарих пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші Тортаева Қапиза Долдашевнаның тәжірибесінен 9-сыныпқа арналған «Еңбек құқығы» бөлімі бойынша оқу процесінде келесі кейстерді қолдану ұсынылады.

Тақырып: 187 - ҚР Конституциясының 24-ші бабы нені көздейді?

Оқу мақсаты: 9.4.1.1 еңбек құқығы ұғымын түсіндіру. Оқу мақсатына сәйкес еңбек құқығына қатысты ұғымдар туралы түсінік беру ұсынылады:

Еңбек құқығы еңбек ету процесінде қоғамдық қатынастарды реттеп отыратын құқықтық нормалар жиынтығы.

Еңбек құқықтық қатынастар жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы еңбек ету құқығы мен міндеттерінің пайда болуы.

Еңбек құқықтық қатынастар:

- құқықтық қатынастардың объектісі;
- құқықтық қатынастардың субъектісі;
- құқықтық қатынастардың мазмұны.

Конституциялық кепілдіктер Қазақстан Республикасы Конституциясында қарастырылған жағдайлар негізінде әрбір адам еркін еңбек етіп, кәсіп таңдап, белгілі мамандыққа ие болып, еңбекақы ала алады.

Еңбек шарты жұмыс беруші мен жұмыскердің арасындағы жазбаша келісім. Мұнда тараптардың міндеттемелері мен құқықтары, еңбек жағдайы мен демалыстары көрсетілген.

Еңбек бостандығы әрекет түрін таңдау мүмкіндігі.

Оқу процесінде қолданылатын нормативтік құжаттар: Қазақстан Республикасының Конституциясы

24-бап.

1. Әркім еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп тану туралы сот актісінің негізінде не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.

2. Өркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.

3. Ереуіл жасау құқығын қоса алғанда, заңмен белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы мойындалады.

4. Өркімнің тынығу құқығы бар. Еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі.

Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ.1-тарау. Негізгі ережелер. 1-бап. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1) азаматтық қызмет – азаматтық қызметшілердің қазыналық кәсіпорындардың, мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын іске асыруға, мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыруға және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді орындау жөніндегі кәсіптік қызметі;

2) азаматтық қызметші – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қазыналық кәсіпорындарда, мемлекеттік мекемелерде ақы төленетін штаттық лауазымды атқаратын және олардың міндеттері мен функцияларын іске асыру, мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру мен олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын адам;

3) айлық жалақының ең төмен мөлшері – біліктілікті қажет етпейтін қарапайым (онша күрделі емес) еңбек жұмыскері осы Кодексте белгіленген қалыпты жағдайларда және жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы кезінде еңбек міндеттерін орындаған кезде бір айда оған төленетін ақшалай төлемдердің кепілдік берілген ең төмен мөлшері;

4) арнайы киім – жұмыскерді зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардан қорғауға арналған киім, аяқкиім, баскиім, қолғап, өзге де жеке қорғаныш құралдары;

5) ауыр жұмыстар – жұмыскердің ауыр (он килограмм және одан ауыр) заттарды қолмен тұрақты түрде орнынан қозғалтуға, жылжытуға және тасуға байланысты әрі дене күшін жұмсауды талап ететін (250 ккал/сағаттан астам энергия жұмсалатын) қызметінің түрлері;

1-кейс тапсырмасы Берілген жағдаятты талдау, шешім шығару

Н есімді азамат компанияға жұмысқа тұрды. Компаниямен жасалған еңбек шартында еңбек уақыты таңертеңгі сағат 8-00 ден 17-00 дейін деп көрсетілген. Азамат Н екі апталық жұмыс мерзімінде жұмыстың ауқымының көптігіне байланысты сағат 18-00 дейін деп ескертілді. Жалақы алатын уақытта Н өзінің жалақысына екі апталық 10-00 сағаттық жұмыс ақысының төленбегенін көріп, компания есепшісіне барды. Компания есепшісі бұл сағат уақыты жалақыға қойылмайтынын ескертті. Азамат Н мен компания арасындағы еңбек қатынасы бұзылды ма? Н бұл мәселені қалай шешуіне болады?

шешім алгоритмі

1. Негізгі проблеманы анықтаңыз: бұл жағдайда қандай құқық бұзылды?

2. Ұсынылған нормативтік материалды талдаңыз;

3. Осы жағдайды шешу нұсқасын ұсыныңыз.

Тапсырма Төменде берілген түсініктермен танысып, анықтамасымен сәйкестендіру ұсынылады.

№	Түсінік	Анықтама
1	Еңбек құқықтық қатынастар	А) жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы жазбаша келісім. Мұнда тараптардың міндеттемелері мен құқықтары, еңбек жағдайы мен демалыстары көрсетілген.
2	Еңбек шарты	В) Қазақстан Республикасы Конституциясында қарастырылған жағдайлар негізінде әрбір адам еркін еңбек етіп, кәсіп таңдап, белгілі мамандыққа ие болып, еңбекақы ала алады. Еңбек шарты жұмыс беруші мен жұмыскердің арасындағы жазбаша келісім. Мұнда тараптардың міндеттемелері мен құқықтары, еңбек жағдайы мен демалыстары көрсетілген.
3	Конституциялық кепілдіктер	С) жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы еңбек ету құқығы мен міндеттерінің пайда болуы. Еңбек құқықтық қатынастар: – құқықтық қатынастардың объектісі; – құқықтық қатынастардың субъектісі; құқықтық қатынастардың мазмұны.
4	Еңбек құқығының субъектілері	Е) еңбек ұжымдары, кәсіподақ комитеттері, жұмыс беруші одақтар, еңбек дауларын шешетін бітістіруші және келістіруші комиссиялар т.б.

Тапсырма: Мәтіндегі бос орындарды қажетті сөздермен толтырыңыз

«Еңбек құқықтық қатынастардың объектісі»

Жұмыскердің жұмыс берушіге ұсына алатын _____, _____ қабілеті еңбек құқықтық қатынастарының объектісі болып табылады. Жұмыс беруші ұйымдастырған еңбек үдерісінде жұмысшының дәл осы біліктілігі, _____, қабілеті оны қызықтырып, осы қасиеттері үшін еңбекақы төлеуге дайын болады. Нарық қатынастарында жұмысшының құны қандай да бір тауар сияқты сұраныс пен _____ арқылы бағаланады. Еңбек құқықтық қатынас субъектілері - _____, екінші жағынан - мекемелер.

Мәтінді талдап, мәтінге логикалық сәйкес сөздерді қосу ұсынылады.

Түсіндірме: Жұмыскердің жұмыс берушіге ұсына алатын біліктілігі, дағдысы қабілеті еңбек құқықтық қатынастарының объектісі болып табылады. Жұмыс беруші ұйымдастырған еңбек үдерісінде жұмысшының дәл осы біліктілігі, еңбек дағдысы, қабілеті оны қызықтырып, осы қасиеттері үшін еңбекақы төлеуге дайын болады. Нарық қатынастарында жұмысшының құны

қандай да бір тауар сияқты сұраныс пен ұсыныс арқылы бағаланады. Еңбек құқықтық қатынас субъектілері - азаматтар, екінші жағынан - мекемелер.

Тақырып: Заңнамамен еңбек жағдайлары қалай реттеледі?

Оқу мақсаты: 9.4.2.1 ҚР еңбек кодексінің баптарының негізінде еңбек жағдайларын анықтау; 9.4.2.2 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы жұмыс беруші мен жұмысшының құқықтары мен міндеттерін түсіндіру.

Жұмыс беруші - жұмыскермен еңбек қатынастарында тұрған жеке немесе заңды тұлға.

Жұмыскер - жұмыс беруші мен еңбек қатынастарында тұрған жеке тұлға және келісімшарт арқылы тікелей жұмыс атқарушы.

Еңбек даулары - Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасын қолдану мәселелері бойынша жұмыскер мен жұмыс беруші арасында туындайтын, еңбек және ұжымдық келісімшарттарды, жұмыс берушінің актілерін орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша келіспеушіліктер.

Еңбек жағдайлары – ақы төлеу, еңбек тәртібі, өз міндетін орындау, жұмыс күні мен тынығу уақыты, тәртібі мамандықтарды (қызметі) қоса атқару тәртібі, қызмет көрсету аясын кеңейту, уақытша орында жоқ жұмыскердің міндетін атқару, еңбек және еңбек қауіпсіздігін қорғау, техникалық, тұрмыстық өндірістік жағдайлар, сонымен қатар басқа да екі жақтың келісімі бойынша туындаған еңбек шарттары.

Кәмелетке толмағандардың еңбегі – 18 жасқа толмаған жұмыскер еңбек қатынастары бойынша құқықтық жағынан кәмелет жасқа толғандармен теңестіріледі. Еңбекті қорғау саласындағы жұмыс уақыты, демалыс уақыты және басқа да еңбек жағдайларында қосымша кепілдіктер пайдаланады.

Оқу процесінде, кейстерді талдап, шешуде Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі басшылыққа алынады.

2-кейс тапсырмалары Берілген жағдаятты талдау, шешімін нормативтік құқықтық актілермен негіздеу.

Он алты жасар Нұрлан жазғы демалыс уақытында жалғызбасты анасына материалдық жағынан көмектесу мақсатында құрылыс бригадасына көп қабатты үй салу жұмысына бетон құюшының көмекшісі болып жұмысқа тұрды. Жұмыс уақыты таңертеңгі сағат 8-00 ден кешкі сағат 9-00 дейін созылады. Жұмыс беруші Нұрланға оның маусымдық жұмысқа келгенін айтып еңбек шартын жасамайтынын айтты. Сонымен қатар Нұрланды арнайы киіммен қамтамасыз етпеді. Еңбек ақысын алаған уақытта Нұрланның жалақысы жанындағы жұмысшылардан 30% аз екенін білгеннен соң жұмыс берушіге шағымданды, ол оның маусымдық жұмысшы екенін және жасы әлі он сегізге толмағандықтан кейін жалақы мөлшері төмен болатынын айтты.

Кейсті шешу алгоритмі

1. Он алты жастағы Нұрланға қатысты ҚР Еңбек кодексінің қандай баптары бұзылды?

2. Еңбек қатынастарында кәмелеттік жасқа толмағандардың құқығын талдау;

3. Нұрланның еңбек құқығын қорғау мақсатында атқарылатын жұмыстарды ұсыну.

Тапсырма: ҚР Еңбек құқығына сүйене отырып, құқықтық жағдаяттардағы еңбек қатынастары субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін талдау ұсынылады.

Құқықтық жағдаят	ҚР ЕК баптар бойынша
«Он алты жасар Асан құрылыс жұмысына қосалқы жұмысшы болып тұрақты жұмысқа орналасты. Құрылысты уақытында тапсыру керек болды. Соған орай Асанды түнгі уақытта жұмысқа шығуға міндеттеді. Ол бас тартты. Осы себептен оны жұмыстан шығарып жіберді. Кәмелетке толмағанын сылтауратып, еңбек жалақысы мен еңбек кітапшасын да бермей қойды»	
«Жұмысты ұзақ іздеген Әлібек, ақырында, бір фирмамен еңбек шартын жасауға келісті. Әлібек бәріне де көнеді. Алайда фирманың директоры мерзімінен тыс жұмыстар болуы мүмкін екендігін, мерзімінен тыс қалай және қанша істейтінін басшылық шешетінін ескертіп, жалақының да өзгеріссіз қалатынын айтты». (Әкімшілік ұсынған шарт еңбек заңнамасына сәйкес келе ме? Жауабыңды дәлелде.)	
«Зауытта апатты оқиға болады. Іс жүзінде барлық дерлік ұжым мерзімінен тыс жұмысқа тартылды. Кешкісін колледжде оқитын он жеті жасар Нұржанға ауысымнан кейін жұмыста қалуға талап қойылды. Сонымен бірге кадр бөлімінің маманы өздерінде Нұржанның сабақ кестесі барын айтады. Бүгін сабақ жоқ, сондықтан ол егер мерзімінен тыс жұмыстан бас тартса, оныкі заңсыз болады деп мәлімдеді». (Он жеті жасар Нұржанға әкімшіліктің талабы орынды немесе орынсыз? Неге? Дәлелде)	
Он алты жасар Қасым фирмада істейді, жүк жеткізіп, басқа да «ауыр» дене жұмыстарын атқарады. Онымен бірге жиырма жастағы Қайрат та сондай қызметтер атқарып жүр. Бірде жалақы алу кезінде қол қойып тұрып, ол Қайратқа өзі алатын сомадан екі есе көп сома қойылғанын байқап қалды. Бұл оған әділетсіздік болып көрінді. Ол өз еңбегі мен Қайраттың еңбегіне төлем арасындағы айырманың неден тұратынын сұрайды. Бухгалтер, біріншіден, Қасым кәмелетке толмаған, оған жоғары жалақы алуға әлі ерте, екіншіден, Қайрат қалай болғанда да директордың алыстан келетін туысы, деп жауап береді. Бухгалтердің дәлелі қаншалықты сендіре алады?	

Тақырып: Еңбек даулары қалай шешіледі?

Оқу мақсаты: 9.4.3.2 құқықтық нормативтік актілерге сүйене отырып, еңбек дауларын шешу жолдарын ұсыну;

Еңбекті қорғау. Еңбекті қорғау- құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық-техникалық, тазалық-эпидемиологиялық, сауықтыру-профилактикалық, реабилитациялық және басқа да шаралар мен құралдардан тұратын, жұмыс жасау барысында жұмыскердің өмірі мен денсаулығына қауіп төнбеуін қамтамасыз ету жүйесі.

Еңбек даулары. Еңбек құқықтық қатынастарында еңбек даулары өте жиі кездесіп отырады. Еңбек дауларының туындауы- жұмыс беруші мен жұмыскер арасында тікелей келіспеушіліктің пайда болуынан шығатын заңды фактілер.

Еңбек дауларын шешу жолдары:

Жеке еңбек дауларын келісім комиссиялары қарастырады. Келісім комиссияларының шешімі орындалмаған жағдайда, соттарда қарастырылады.

Ұжымдық еңбек даулары келесі ретпен шешіледі:

1. жұмыс беруші қарастырады;
2. шешілмеген жағдайда бітістіру комиссиясы қарастырады;
3. онда да келісімге қол жетпеген болса, еңбек арбитражы қарастырады;
4. соңында сот шешеді.

Оқу процесінде, кейстерді талдап, шешуде Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 8-тарау. Еңбекті нормалау және еңбекке ақы төлеу, 101-бап. Еңбекті нормалау, 102-бап. Еңбекке ақы төлеу саласындағы мемлекеттік кепілдіктер бойынша нормативтік құқықтық актілерді қолдану ұсынылады.

1-кейс «Еңбек қауіпсіздігінің сақталмауы»

Құрылыста жұмыс істейтін Азамат арнайы бас киімсіз құрылыс алаңындағы жоғарғы қабатта бетон құю кезінде үстінен арматура құлап жарақат алды. Азамат жедел жәрдем шақыртып, медицина мекемесінің көмегіне жүгінеді. Дәрігерлер басындағы жарақатының ауырлығын, енді ауыр жұмыс жасауға болмайтындығы туралы медициналық сараптама берілді. Азамат құрылыс компаниясымен еңбек шартына отырмағандықтан оның медициналық шығынын өтеуден және уақытша жұмысқа жарамсыздығына байланысты жәрдем ақы да төленбейтінін айтты.

Шешім алгоритмі:

1. Еңбек шарты жасалмаған жағдайдағы шешудің жолдары;
2. Еңбек қауіпсіздігі сақталмаған жағдайда жұмысшының әрекетін талдау;
3. Еңбек дауын шешудің жолдарын ұсыну.

Берілген кейспен жұмыста аталған жағдаятты талдау, шешімін заңнамамен негіздеу ұсынылады.

2-кейс «Қауіпті аймақта белгі қоймау»

Сауда үйінің дәліздерінде еден жуу кезінде «Абайлаңыз, еден тайғанақ» деген ескерту белгісі қойылмағандықтан үш жасар Мадина осы аймақта ойнап жүрген жерінде тайғанақ еденге жығылып, қолынан жарақат алды. Дереву жедел жәрдем шақырып, анасы рентгенге түсірді. Рентген қортындысы бойынша баланың қолының сынғанын көрсетті. Анасы осы жағдайда қандай әрекет жасауы керек. Сауда үйі еңбек қауіпсіздігін сақтап отыр ма?

Шешім алгоритмі:

1. Еңбек қауіпсіздігін сақтау бойынша жұмыс беруші міндетін талдау;
2. Баланың медициналық шығынын өндіріп алудың жолдарын ұсыну;
3. Жағдаят бойынша ҚР Еңбек кодексінің баптарын зерделеу.

Тапсырма Мәтіндегі бос орындарды қажетті сөздермен толтыру ұсынылады. Бұл білім алушылардың ҚР Еңбек кодексінің баптарын зерделеу негізінде кәмелеттік жасқа толмағандардың еңбегін құқықтық реттеу негіздерін анықтай білуіне, құқықтық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді.

«Кәмелеттік жасқа толмағандардың еңбегін құқықтық реттеу»

Он сегіз жасқа толмағандардың _____ еңбегін реттеу ерекшеліктері туралы Қазақстан Республикасы _____ кодексінде анық айтылған. Атап айтқанда он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлер, еңбек қатынастары бойынша құқықтық жағынан кәмелетке толғандармен _____ Еңбек қорғау саласында жұмыс уақыты, демалыс уақыты және басқа да еңбек жағдайларында қосымша кепілдіктерді пайдаланады.

Он сегіз жасқа толмағандардың ауыр жұмыстарда, зиянды және қауіпті жағдайларда, сонымен қатар денсаулығына және мінез-құлқының дамуына зиян келтіретін, ішімдік өнімдерін тасымалдау және сату сияқты өндіріс орындарында, түнгі ойын сауық мекемелерінде істеулеріне тиым салынады. Сонымен қатар _____ жасқа толмаған жұмыскерлерге белгіленген нормадан асатын ауыр заттарды көтеру мен тасымалдауға _____ салынады.

Мәтінді талдайды, мәтінге логикалық сәйкес сөздерді орналастырады.

Түсіндірме: Он сегіз жасқа толмағандардың _____ еңбегін реттеу ерекшеліктері туралы Қазақстан Республикасы _____ кодексінде анық айтылған. Атап айтқанда он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлер, еңбек қатынастары бойынша құқықтық жағынан кәмелетке толғандармен _____. Еңбек қорғау саласында жұмыс уақыты, демалыс уақыты және басқа да еңбек жағдайларында қосымша кепілдіктерді пайдаланады.

Он сегіз жасқа толмағандардың ауыр жұмыстарда, зиянды және қауіпті жағдайларда, сонымен қатар денсаулығына және мінез-құлқының дамуына зиян келтіретін, ішімдік өнімдерін тасымалдау және сату сияқты өндіріс орындарында, түнгі ойын сауық мекемелерінде істеулеріне тиым салынады. Сонымен қатар _____ жасқа толмаған жұмыскерлерге белгіленген нормадан асатын ауыр заттарды көтеру мен тасымалдауға _____ салынады.

Тақырып: Еңбек шарты қандай құқықтар мен міндеттерді туындатады?

Оқу мақсаты: 9.4.4.1 құқықтық жағдаяттарды талдап еңбек шартының мазмұнын ашу;

Білім алушыларға еңбек шартына қатысты ұғымдардың мазмұнын зерделеу ұсынылады:

Еңбек шарты жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы жазбаша келісім. Шартқа сәйкес жұмыскер белгіленген жұмысты атқаруды (еңбек қызметі аясын), еңбек тәртібін сақтауды міндетіне алады. Жұмыс беруші жұмыскерге шартты түрде белгіленген жұмысты беруге, еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, жұмыскерге уақытында және толық көлемде еңбек ақысын төлеуге міндетті.

Еңбек шартының мазмұны тараптардың құқықтары мен міндеттері, негізгі шарттары. Еңбек шартына Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 26-бабында көрсетілген міндеттер мен шарттар енгізілуі керек. Еңбек шартында жұмыскер мен жұмысшы берушінің аты жөні, белгілі бір мамандық, сана немесе лауазым бойынша атқарылатын жұмыс түрі көрсетіледі. Сонымен қатар жұмыс орны, еңбек шартының мерзімі, жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режімі, айлық

жалақысының мөлшері, тараптардың жауапкершілігі мен міндеттері және басқалары көрсетіледі.

Оқу процесінде, кейстерді талдап, шешуде Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 4-тарау. Еңбек шарты, 2-бөлім. Еңбек қатынастары, 28-бап. Еңбек шартының мазмұны, 31-бап. Еңбек шартын жасасуға жол берілетін жас мөлшері бойынша нормативтік құқықтық актілерді қолдану ұсынылады.

Берілген кейс тапсырмалары бойынша берілген жағдаятты талдау, шешімін нормативтік құқықтық актілермен негіздеу ұсынылады.

1-кейс. «Еңбек шарты»

Айжан есімді азаматша емханаға медбике болып жұмысқа орналасты. Жұмыс беруші жұмысшымен еңбек шартын бір жыл мерзімге жасайды. Шартта нақты жұмыс уақыты (күніне 8 сағат, аптасына 5 күн), жалақы мөлшері және еңбек міндеттері жазылған. Екі ай өткен соң, жұмыс беруші оған қосымша жұмыстар – кабинеттің едені мен медициналық қалдықтарды жинау міндеттерін жүктей бастайды. Бұл жұмыстар еңбек шартында көрсетілмеген. Айжан бұған келіспей, өз міндетінен тыс жұмыс істемейтінін айтады. Алайда емхананың меңгерушісі (жұмыс беруші) оны қысыммен жұмыстан шығармақ болады.

Жұмысшының құқықтары:

– Еңбек шартында көрсетілмеген жұмысты орындаудан бас тартуға құқылы;

– Қауіпсіз еңбек жағдайын және белгіленген еңбек ақысын алуға;

– Еңбек шартын өз еркімен бұзуға (қызметінен кетуге) құқылы, бұл туралы жұмыс берушіні кемінде 1 ай бұрын жазбаша хабарлауы керек (ҚР Еңбек кодексінің 56-бабы).

Шешім алгоритмі:

1. ҚР Еңбек кодексінің 53-56 баптары бойынша жағдаятты талдау;

2. Жұмыс берушінің әрекетіне құқықтық баға беру;

3. Айжан бұл жағдаятта қандай еңбек қатынастары бойынша әрекет жасауы керек, білім алушылардың ұсыныстары.

Тапсырма Мәтіндегі бос орындарды қажетті сөздермен толтырыңыз

Еңбек шарты

Жұмысқа тұру кезіндегі маңызды сәттердің бірі _____ отыру болып табылады. Жұмыскерге аталған шартты оқып зерттеу өте маңызды, себебі оның болашақтағы бүкіл жұмысы осыған байланысты.

Еңбек шарты жұмыс беруші мен _____ арасындағы жазбаша келісім. Жұмыскер жеке өзіне белгіленген жұмысты атқаруды (еңбек функциясын), _____ сақтауды, міндетіне алады, ал жұмыс беруші жұмыскерге шартты түрде белгіленген жұмысты беруге, еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті.

Еңбек шарты мәліметтер мен шарттардан тұрады. _____ айтарлықтай заңды орын алатын фактілерді көрсетеді. Мысалы, екі тараптың еңбек шартын құрған күнін шарттың _____ күшіне ену сәтімен байланысты.

Білім алушыларға мәтінді талдай отырып, мәтінге логикалық сәйкес сөздерді қосу ұсынылады.

Түсіндірме: Жұмысқа тұру кезіндегі маңызды сәттердің бірі келісімшартқа отыру болып табылады. Жұмыскерге аталған шартты оқып зерттеу өте маңызды, себебі оның болашақтағы бүкіл жұмысы осыған байланысты.

Еңбек шарты жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы жазбаша келісім. Жұмыскер жеке өзіне белгіленген жұмысты атқаруды (еңбек функциясын), еңбек тәртібін сақтауды, міндетіне алады, ал жұмыс беруші жұмыскерге шартты түрде белгіленген жұмысты беруге, еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті.

Еңбек шарты мәліметтер мен шарттардан тұрады. Мәліметтер айтарлықтай заңды орын алатын фактілерді көрсетеді. Мысалы, екі тараптың еңбек шартын құрған күнін шарттың заңды күшіне ену сәтімен байланысты.

Білім алушыларға еңбек келісімін жасаудың үлгісі ұсынылады.

Үлгі:

1. Келісімнің жасалған орны мен күні.

Елді мекеннің аты мен типі, келісім жасалған күн, ай және жыл көрсетіледі. Құжат атынан 1 интервал төмен елді мекен аты – сол жаққа, дата – оң жаққа жазылады.

Мысалы,

Алматы қаласы 23 қазан 2000 жыл

2. Екі жақтың толық және шартты атауы

Келісім жасаушы екі жақтың әрқайсысының ресми аты және келісімде алынған шартты атауы жазылады. Мысалы,

1 Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті атынан университет ректоры профессор _____

(аты-жөні)

әрі қарай келісімде «Жұмыс беруші» - деп аталады, екінші жақтан филология ғылымының кандидаты А. Сәрсенов бұдан әрі келісімде «Жұмысшы» деп аталады.

3. Жұмыстың сипаты мен мазмұны, квалификация дәрежесі. (Базалық шарттар)

Мұнда жұмыстың сипаты мен мазмұны оны атқаруға қажетті квалификация дәрежесі атап көрсетіледі. Жұмысшының мекеменің қай бөлімінде, кім болып жұмыс істейтіндігі анық жазылады. Мысалы,

«Жұмысшы» _____ Сәрсенов А _____ қазақ тілі кафедрасына доцент

(аты-жөні) болып қабылданады.

4. Келісім түрі

Мұнда жұмысшының негізгі жұмыс орны ретінде жұмыс істейтіндігі я болмаса басқа жердегі негізгі жұмыс орнына қосымша істелетін жұмыс орны ретінде кіріп, келісім жасап отырғаны анық жазылады. Мысалы,

«Бұл еңбек келісімі - негізгі жұмыс келісімі, қосымша істейтін жұмыс келісімі» (керектісінің асты сызылады).

5. Келісім түрі

Мұнда жұмысшы уақытша әлде тұрақты жұмысқа қабылданғаны жөнінде жазылады. Келісім уақытша жасалса, себебі көрсетіледі. Мысалы,

«Жұмысшы уақытша бос тұрған орынға қабылданып отырғандықтан, келісім шектеулі мерзімге жасалады».

6. Келісім мерзімі

Мұнда келісімнің күшіне енетін күні мен аяқталатын күні көрсетіледі. Даталар цифрмен де жазбаша да, я болмаса 2 нұсқа да көрсетіледі. Мысалы,

«Келісім 2000 жылдың 20 мамырында (екі мыңыншы жылдың жиырмасыншы мамырында) күшіне енеді». «Келісім 2001 жылдың 20 мамырында (екі мың бірінші жылдың жиырмасыншы мамырында) өз күшін жояды».

7. Сынақ мерзімі.

Егер жұмысшы сынақ мерзімімен қабылданатын болса, онда оның мерзімі көрсетіледі. Бірақ сынақ мерзімі келісім жасалған күнді қоса есептегенде 3 айдан аспауы керек. Сынақ мерзімі күнмен де аптамен де көрсетіле береді. Мысалы,

«Жұмысшыға екі апта сынау мерзімі белгіленеді».

8. Жұмысшының міндеттері.

Мұнда жұмысшының кәсіптік міндеттері айтылады. Ол қандай құжат (бұйрық, нұсқау т.б.) негізінде жүзеге асырылатындығы атап көрсетіледі. Мысалы,

«Жұмысшы»:

- өз міндеттерін мезгілінде және сапалы атқаруға;
- келісімнің 1.3-тармағында айтылған еңбек және өндірістік тәртіпті сақтауға;
- техника қауіпсіздігі талаптарын сақтауға;
- мемлекеттік құпияны жария етпеуге;
- ішкі еңбек тәртібі ережесіне бағынуға міндетті

9. Жұмыс беруші міндеттері.

Бұл бөлікте жұмысшыны қалыпты еңбек жағдайымен қамтамасыз ету, еңбекақы төлеу мерзімі, медициналық сақтандыру, қамтамасыз ету сияқты әкімшілік өз мойнына алған негізгі міндеттер айтылады. Мысалы, Әкімшілік «Қазақстан Республикасының Еңбек туралы заң кодексіне сәйкес қалыпты еңбек жағдайымен қамтамасыз етуге міндеттенеді. Зейнетақымен қамтамасыз ету және медициналық сақтандыру жалпы Қазақстан Республикасы азаматтарына ортақ негізде жүргізіледі»

10. Жұмысшының еңбек құқығын қорғауға қосымша кепілдік беретін мәлімет.

Бұл бөлікте жұмысшының еңбек құқығын қорғауға берілетін қосымша кепілдіктер жайлы айтылады. Атап айтқанда, басқа жұмысқа ауыстыру, еңбек демалысын өткізуге берілетін жеңілдік, қоғамдық транспортта жүруге берілетін жеңілдік, медициналық, мәдени және тұрмыстық қызмет көрсету, тұрғын үймен қамтамасыз ету т.б. Мысалы,

«Еңбек келісінде көрсетілген мерзім аралығында жұмысшы онда көрсетілген міндеттерді толық атқарып, келісім талаптарын орындаған жағдайда

оның еңбек құқығын қорғау мақсатында «Жұмыс беруші» әкімшілік тарапынан қосымша мынадай жеңілдіктерге кепілдік береді:

а) Қазақстан Республикасы Президентінің 21.04.1993 жылғы N 431 Жарлығында айтылған жеңілдіктерді толық пайдалануға;

ә) Жеке тұрғын үй құрылысын жүргізу үшін пайызсыз қарыз алуға;

11. Еңбек пен демалыс тәртібі

Бұл бөлікте жұмысшының еңбек тәртібі, оның ерекшеліктері айтылады. Мысалы,

«Жұмысшыға» 5 күндік (40 сағаттық) жұмыс күні белгіленеді. Толық емес жұмыс күніне көшіру қосымша өзара келісім негізінде жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының Еңбек туралы заң кодексіне сәйкес «Жұмысшы» өз міндетін атқаруға демалыс, мейрам күндері де шақырылуы мүмкін. "

12. Ақшалай сыйлық көлемі және оның төлену тәртібі

Бұл бөлікте еңбекақы төлеу тәртібі және қосымша берілетін ақшалай сыйлық көлемі мен оның берілу тәртібі айтылады. Мекеме немесе ұйымның өз ерекшелігіне, жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы келісім жағдайына қарай:

а) лауазымдық төлемақы көлемі (айына _____ теңге);

ә) сағаттық төлемақы көлемі (сағатына _____ теңге);

б) атқарылатын жұмыс ерекшелігіне қарай үстемақы (лауазымдық төлемақы мөлшерінің _____ пайызы);

в) басқа қосымша ақы мөлшері _____ (теңгемен я пайызбен);

г) мереке күндері берілетін ақшалай сыйлық _____ мөлшері (теңгемен, пайызбен) көрсетіледі.

13. Демалыс алу тәртібі.

Бұл бөлікте негізгі еңбек демалысының ұзақтығы, қосымша алынатын демалыс ұзақтығы, оларды алу тәртібі, сонымен қатар ақысы төленбейтін демалыс алу тәртібі анықталады. Мысалы,

«Жұмысшыға» жылына бір рет Қазақстан Республикасының еңбек туралы Заңы кодексіне сәйкес, ұзақтығы 18 жұмыс күні мөлшерінде ақылы демалыс беріледі. Демалыстың берілу мерзімін әкімшілік анықтайды. Жұмысшының қалауына қарай бұл демалыс екі бөлікке бөлініп те беріледі. Мұнда демалыстың бір бөлігінің ұзақтығы кемінде 5 жұмыс күнінен тұрады.

Ақысы төленбейтін қосымша демалыс 10 жұмыс күні мөлшерінде «Жұмысшының» жеке басының жағдайына байланысты әкімшілік шешімімен беріледі. т.б.

14. Келісім бойынша жасалатын басқа да жағдайлар мен шарттар.

Бұл бөлікте келісімнің негізгі бөлімінде айтылмаған, екі жақтың қосымша міндеттері сөз болады. Мысалы,

«Жұмысшыға» жылына бір рет арнайы жұмыс киімі мен аяқ киім беріледі».

«Жұмысшының» мектеп жасына дейінгі баласы болса, ұйымның бала бақшасынан орын беріледі.» т.б

15. Келісімдегі ерекше жағдайлар.

Бұл бөлікте екі жақтың жазбаша келісімін қажет ететін ерекше жағдайлар айтылады. Бұл жағдайлар әр мекемедегі еңбекті ұйымдастыру ерекшелігіне байланысты, сондықтан әр мекеменің ішкі жағдайына қарай қаралады. Сонымен қатар бұл бөлікте ерекше жағдайлардан басқа келісім бұзылатын немесе қайта қаралатын, күшін жоятын жағдайлар сөз болады.

16. Келісімнің тоқтатылуы.

Бұл бөлікте келісім күшін жоятын жағдайлар атап көрсетіледі. Мысалы, «Келісім мынадай жағдайда тоқтатылады:

- екі жақтың бірі келісім мерзімін ұзартудан бас тартқанда (бұл жөнінде келісім аяқталудан 1 ай бұрын жазбаша хабарлану керек);

- мезгілінен бұрын — егер екі жақтың бірі үнемі өз міндетін орындамаса;

- кәсіпорын я мекеме таратылған жағдайда;

Келісім мезгілінен бұрын тоқтатылатын болса ол жайлы екі жақ бір-біріне мерзімінен 15 жұмыс күн бұрын жазбаша хабарлау керек».

17. Екі жақтың мекен-жайы мен реквизиттері.

Бұл бөлікте екі жақтың толық мекен-жайы мен реквизиттері жазылады. Жұмыс беруші мекен-жайы сол жаққа, жұмысшы мекен-жайы оң жаққа жазылады.

Астана қаласы. Quantum STEM school тарих және құқықтану пәні мұғалімі педагог-зерттеуші Касенова Гульмира Талғатовнаның тәжірибесінен 9-сыныпқа арналған «Отбасы құқығы бөлімі» бойынша кейс үлгілері ұсынылады.

Бөлім: «Отбасы құқығы»

Тақырып: Заңнамада отбасы қалай қорғалған?

ОМ: 9. 5. 1. 1 неке және отбасы ұғымдарын түсіндіру

1-кейс: Ерлі-зайыптылардың құқықтарының теңдігі

Жағдаят: Нұрлан мен Айжан көп жылдан бері бірге тұрып келеді және олар заңды түрде неке құрған. Нұрлан үй шаруашылығын басқаруға және отбасының қаржысын ұйымдастыруға жауапты, ал Айжан оны тек өз міндеті деп санайды. Айжан Нұрланның осы үй шаруашылығын басқару құқығын асыра пайдаланып, оның қаржы мәселелерін бақылауға тырысады. Осыған байланысты олар жиі жанжал шығарады.

Құқықтық талдау: Қазақстан Республикасының Неке және отбасы туралы Заңының 2-бабының 2-тармағына сәйкес, отбасындағы ерлі-зайыптылардың құқықтары тең болады. Ерлі-зайыптылардың бірінің екінші біріне қатысты тең емес құқықтық қарым-қатынастарға жол берілмейді. Нұрлан мен Айжанның жағдайында, олар өз құқықтарын тең дәрежеде пайдаланып, үй шаруашылығын бірлесіп басқаруы тиіс. Нұрлан мен Айжан осы мәселені өзара келісіммен шешуі керек.

1-кейсті орындау бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар:

1. *Тақырыпты таныстыру:* Білім алушыларға Қазақстан Республикасының Неке және отбасы туралы Заңының 2-бабы 2-тармағын түсіндіру. Заң бойынша ерлі-зайыптылардың құқықтары тең екендігіне назар аудару ұсынылады.

2. Рөлдік ойын ұйымдастыру: Білім алушыларды топтарға бөліп, Нұрлан мен Айжанның рөлін ойнау арқылы жағдайды талқылау. Бұл арқылы білім алушылар эмоционалды және құқықтық тұрғыда жағдайды тереңірек түсінеді.

3. Диалогқа негізделген пікірталас: Ерлі-зайыптылардың отбасындағы міндеттері мен құқықтары туралы пікірталас ұйымдастыру. Әр білім алушыға өзінің көзқарасын білдіріп, заңмен негіздеуге бағыт беру ұсынылады.

4. Шағын эссе жазу: «Отбасындағы теңдік – бақытты өмірдің негізі», «Қазақ қоғамындағы әйел теңсіздігі» деген тақырыпта эссе жазу арқылы білім алушылардың құндылыққа бағытталған талдау қабілеттерін дамыту.

5. Құқықтық шешім табу: Жағдайды заң аясында шешудің жолдарын ұсыну. Білім алушыларға медиатор немесе кеңесші рөлін беру арқылы шешу жолдарын талқылау.

1-кейсті орындау бойынша білім алушыларға арналған бағыттаушы сұрақтар:

Сенің ойыңша, Нұрлан мен Айжанның арасында қандай құқықтық теңсіздік бар?

Нұрланның үй шаруашылығын басқаруына Айжан араласуға құқылы ма?

Айжанның әрекетін қалай бағалайсың – заңды ма, әлде заңсыз ба? Неге?

Мұндай жағдайда жанжал туындамас үшін олар қандай келісімге келуі керек еді?

Сенің ойыңша, отбасындағы міндеттерді қалай әділ бөлген дұрыс?

Ерлі-зайыптылар арасында құқықтық теңдік сақталмаса, қандай қиындықтар тууы мүмкін?

Бұл жағдайды заң аясында қалай шешуге болады?

Қазақстан заңдары отбасылық қарым-қатынастарда қандай құндылықтарды насихаттайды?

2-кейс: Мемлекеттік органда тіркелмеген неке

Жағдаят: Дина мен Арман 3 жыл бірге тұрып, некеге отыру туралы шешім қабылдады, бірақ олардың неке қиюлары діни жоралар бойынша өткізілді. Олар ресми түрде тіркеуден өтпеді, себебі олардың ойынша, діни рәсімдер бойынша некеге тұру жеткілікті. Бірнеше айдан кейін олар үй сатып алмақшы болды. Бір адамның айлық табысы жетпегендіктен, Дина жұбайы ретінде тең қарыз алушы болуды ұсынды, бірақ банк неке куәлігін сұрағанда қиындықтарға тап болды. Банктің талабы орынды ма?

Құқықтық талдау: Қазақстан Республикасының Неке және отбасы туралы Заңының 2-бабының 3-тармағына сәйкес, тек мемлекеттік тіркеуден өткен неке ғана заңды неке болып есептеледі. Діни жоралар бойынша қиылған неке заңды салдарларды тудырмайды және тіркеуші органдарда тіркелген некеге теңестірілмейді. Сондықтан Дина мен Арманның некесі заңды деп танылмайды,

бұл олардың азаматтық құқықтарын жүзеге асыруда қиындықтарға алып келеді. Аталған жағдайда жұбайы ретінде тең қарыз алушы бола алмайды.

2-кейсті орындау бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар:

1. «Заңды неке деген не?» тақырыбын түсіндіру: Сабак басында Қазақстан Республикасының Неке және отбасы туралы Заңының негізгі баптарын қарастыру. Заңды некенің тек АХАЖ органдарында тіркелген жағдайда ғана заңды күші бар екенін атап өту қажет.

2. Салыстыру кестесі құру: Білім алушылармен бірге заңды неке мен діни неке арасындағы айырмашылықтарды салыстыратын кесте жасау (мысалы, құқықтық салдары, мүліктік құқықтар, балалардың жағдайы т.б.).

3. Шынайы өмірден мысалдар: Мұғалім білім алушылардан осыған ұқсас жағдайларды естіген-естімегенін сұрап, олармен байланыстырып талқылау ұйымдастыра алады.

3. Рөлдік ойын немесе дебат: Бір топ – заң бойынша тіркелуді жақтайды, екіншісі – діни рәсім жеткілікті деп санайды. Осы пікірталас арқылы білім алушылар өз ойларын дәлелдеуге және құқықтық тұрғыдан негізделген шешім қабылдауға үйренеді.

4. Құқықтық кеңес жазу: Білім алушылар топпен жұмыс жасап, Дина мен Арманға арнап қысқаша кеңес жазу ұсынылады: олар бұл мәселені қалай шеше алады, не істеу керек?

2-кейсті орындау бойынша білім алушыларға арналған бағыттаушы сұрақтар:

Дина мен Арманның некесі неге заңды деп танылмайды?

Діни неке мен заңды некенің қандай айырмашылығы бар?

Банктің неке куәлігін талап етуі дұрыс па? Неліктен?

Мұндай жағдайда ерлі-зайыптылардың қандай құқықтары шектелуі мүмкін?

Егер Дина мен Арман ресми тіркелген болса, олардың мүліктік құқықтары қалай қорғалатын еді?

Діни немесе азаматтық неке азаматтардың күнделікті өмірінде қандай қиындықтар туындатуы мүмкін?

Осы жағдаятты шешу үшін Арман мен Дина не істеуі тиіс?

Сенің ойыңша, неке міндетті түрде тіркелуі керек пе? Неге?

3-кейс: Отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

Жағдаят: Жанна мен Әлібек арасында жиі жанжалдар болады, Әлібек Жаннаның жеке некеге дейін алынған машинасын заңсыз алып, оны өз атына тіркеп алған. Жанна мұның заңсыз екенін түсініп, өзінің мүлкіне қатысты құқығын қорғауға шешім қабылдайды. Жаннаның іс-әрекеті дұрыс па?

Құқықтық талдау: Қазақстан Республикасының Неке және отбасы туралы Заңының 6-бабының 2-тармағына сәйкес, отбасының барлық мүшелерінің құқықтары мен міндеттері басқа отбасы мүшелерінің құқықтарын бұзбай жүзеге асырылуы тиіс. Жанна өзінің мүлкіне қатысты құқығын қорғау үшін сотқа шағымдана алады. Әлібектің Жаннаның мүлкін заңсыз алуы оның құқықтарын бұзу болып табылады, әрі Жанна заң бойынша оны қалпына келтіре алады.

3-кейсті орындау бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар:

1. «Жеке және ортақ мүлік» тақырыбын түсіндіру: Білім алушыларға некеге дейін және некеден кейінгі мүліктің айырмашылығын түсіндіру. ҚР Неке және отбасы туралы Заңының 33-бабын мысалға келтіру ұсынылады.

2. Оқиғаны талқылау арқылы құқықты түсіндіру: Жағдайды сыныппен бірге талдап, «кімнің әрекеті дұрыс, кімнің бұрыс екенін» талқылау. Неліктен заңсыз әрекет болғанын анықтау.

3. Рөлдік ойын: Білім алушыларды бірнеше рөлге бөлу: Жанна, Әлібек, адвокат, судья. Әркім өз рөлін ойнап, сот процесінің көрінісін ұйымдастыру ұсынылады.

4. Құқық қорғау тетіктері туралы ақпарат беру: Жанна сияқты азаматтар қайда және қалай шағымдана алатынын түсіндіру. Сотқа жүгіну, құжаттар жинау тағы басқа тетіктері туралы ақпарат беру ұсынылады.

5. Эссе немесе БАҚ-на пост жазу: білім алушыларға «Меншік құқығын қорғау – әр азаматтың құқығы» деген тақырыпта шағын эссе немесе әлеуметтік желіге арналған пост жазуды ұсынуға болады.

3-кейсті орындау бойынша білім алушыларға арналған бағыттаушы сұрақтар:

Жаннаның көлігі қандай мүлік түріне жатады – ортақ па, әлде жеке ме? Неге?

Әлібектің әрекеті заңға сәйкес келе ме? Өз ойыңды дәлелдеңіз.

Жанна қандай жолмен өзінің мүлкіне қатысты құқығын қорғай алады?

Мүліктік дау-дамайлар отбасында қандай салдарға әкелуі мүмкін?

Сенің ойыңша, отбасында мұндай жағдай болмас үшін не істеу керек?

Сен Жаннаның орнында болсаң, не істер едің?

Сенің ойыңша, неге заң отбасындағы мүліктік құқықтарды нақты бөледі?

Жеке мүлікті заңсыз иемденудің салдары қандай болуы мүмкін?

4-кейс: Отбасын қолдау орталығының қызметі

Жағдаят: Жергілікті учаскелік инспектордың пайымдауы бойынша Гүлнар мен Қанаттың отбасында тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайы орын алып, Гүлнар бірнеше рет психолог пен әлеуметтік қызметкерлерден көмек сұрады. Оларға жақын маңдағы отбасын қолдау орталығынан көмек алу ұсынылды. Ұсынылған көмек түрі орынды ма?

Құқықтық талдау: Қазақстан Республикасының Неке және отбасы туралы Заңының 5-1-бабы бойынша отбасын қолдау орталықтары тұрмыстық зорлық-зомбылық белгілері бар адамдарға көмек көрсетеді. Гүлнар мен Қанаттың жағдайында отбасын қолдау орталығы тұрмыстық зорлық-зомбылықты болдырмау және әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету мақсатында, оларды уақытша тұрғын үймен қамтамасыз етуі, әлеуметтік, заңдық және психологиялық қолдау көрсетуі қажет.

4-кейсті орындау бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар:

1.»Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол жоқ» немесе «Нөлдік төзімділік» тақырыбын ашу: ҚР Неке және отбасы туралы Заңының 5-1-бабы

негізінде тұрмыстық зорлық-зомбылық түрлерін түсіндіру ұсынылады (физикалық, психологиялық, экономикалық және т.б.).

2. Қауіпсіздік картасы немесе әрекет алгоритмін жасау: Білім алушылармен бірге зорлық-зомбылыққа ұшыраған адамның не істеуі керектігі туралы әрекет жоспарын құрастыру (қайда жүгіну керек, кімге хабарласу керек, қандай орталықтар көмектесе алады т.б.).

3. Топтық талдау: Білім алушыларды топқа бөліп, әр топқа жағдайға байланысты ұсынылған көмек түрлерін талдату, дұрыс шешімді табуға үйрету.

4. Әлеуметтік рөлдермен таныстыру: Отбасын қолдау орталығының мамандары: психолог, әлеуметтік қызметкер, заңгер – олардың әрқайсысының қызметін білім алушыларға түсіндіріп, олардың рөлін кейспен байланыстыру.

5. Эмпатия мен адамгершілікке бағытталған әңгіме: Гүлнардың орнында өзің не істер едің? деген сұрақ арқылы білім алушыларды эмоциялық тұрғыда жағдайды түсінуге бағыттау.

4-кейсті орындау бойынша білім алушыларға арналған бағыттаушы сұрақтар:

Гүлнардың жағдайында қандай құқық бұзушылық байқалады?

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған адам қайда жүгінуі тиіс?

Отбасын қолдау орталығы қандай көмек түрлерін көрсете алады?

Инспектор мен психологтың рөлі қандай болды? Олар дұрыс әрекет етті ме?

Гүлнардың өз құқықтарын қорғау үшін жасаған әрекеттері орынды ма?

Отбасындағы зорлық-зомбылықты болдырмау үшін қандай шаралар қолдану керек?

Сенің ойыңша, зорлық-зомбылық тек физикалық бола ма? Басқа қандай түрлері бар?

Осындай жағдай туындағанда өзің немесе досың не істеу керексің?

5-кейс: Некеге отыру кезінде дискриминация

Жағдаят: Ержан мен Лора бір-бірін ұнатып, некеге тұрғысы келеді. Бірақ олардың некесіне Ержанның әкесі қарсы шығып, Лораның отбасының әлеуметтік жағдайына, басқа ұлт өкілі екендігіне қатысты теріс пікір білдіреді. Ол Лораны некеге тұру үшін Ержанға лайықсыз деп санайды. Ержанның әкесі неке құруға қарсылық білдіре алады ма? Заң жүзінде бұл орынды ма?

Құқықтық талдау: Қазақстан Республикасының Неке және отбасы туралы Заңының 2-бабының 4-тармағына сәйкес, некеге отыру кезінде және отбасы қатынастарында азаматтардың әлеуметтік жағдайына, ұлтына, тіліне немесе діни көзқарасына қарай дискриминация жасауға тыйым салынады. Ержанның әкесінің көзқарасы заңға қайшы келеді. Ержан мен Лора некеге тең құқықпен тұрғысы келеді және әлеуметтік жағдайына байланысты олардың құқықтары шектелмеуі тиіс.

5-кейсті орындау бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар:

1. Дискриминацияны түсіндіру: Білім алушыларға дискриминацияның анықтамасын беріп, оның түрлерін түсіндіру. Ержанның әкесінің әрекеті қандай дискриминация түріне жатады? Оны нақты мысалмен салыстыру ұсынылады.

2. Құқықтық ақпарат: Қазақстан Республикасының Неке және отбасы туралы Заңының 2-бабы 4-тармағын оқып, некеге отыру барысында қандай құқықтар мен шектеулер бар екенін түсіндіру.

3. Құқықтық білім: Білім алушыларға некеге отыру кезіндегі құқықтық теңдік принципін түсіндіру. Ержан мен Лораның құқықтары қандай заңды негіздермен қорғалады?

4. Рөлдік ойын: Білім алушыларды топтарға бөліп, бір топта Ержан мен Лораның рөлін ойнайтын білім алушылар болса, екінші топта Ержанның әкесінің рөлін ойнайтын білім алушылар болады. Әр топ өз көзқарасын қорғап, жағдайды талқылайды.

5. Пікірталас ұйымдастыру: Білім алушыларды екі топқа бөліп, бірінші топ ерлі-зайыптылардың еркін таңдау құқығын қорғап, екінші топ Ержанның әкесінің көзқарасын жақтайды. Талқылау барысында дұрыс шешімге келуге бағыттау ұсынылады.

5-кейсті орындау бойынша білім алушыларға арналған бағыттаушы сұрақтар:

Ержанның әкесінің Лораға қатысты айтқан пікірлері қандай дискриминация түріне жатады?

Қазақстанның заңдары бойынша некеге отыру кезінде қандай құқықтық теңдік бар? Ержан мен Лора осы теңдікті пайдалана ала ма?

Ержанның әкесінің көзқарасы заңға қайшы келсе де, ол өз ұлының некесіне қалайша әсер етуі мүмкін?

Дискриминацияның қоғамға қандай теріс әсерлері болуы мүмкін?

Бұл жағдайды дұрыс шешу үшін Ержан мен Лора не істеуі керек?

Ержанның әкесінің құқықтары мен Ержанның құқықтарын қалай теңестіруге болады?

Неке кезінде әлеуметтік жағдайы, ұлты немесе діни көзқарасына қарай шектеулер қою орынды ма? Неліктен?

Сенің ойыңша, отбасы мүшелерінің келіспеушілігін заңды түрде қалай шешуге болады?

Бөлім: «Отбасы құқығы»

Тақырып: Неке қандай жағдайда қиылады және тоқтатылады?

ОМ: 9. 5. 2. 1 некені қию және тоқтатылу шарттарын анықтау

1-кейс: Заңды неке құру үшін жастық шектеу

Жағдаят: Қазақ халқы 13 жаста отау иесі дейтін. Бірақ қазіргі заман заңнама сәйкес болса абзал. Жанна мен Мұраттың арасында сүйіспеншілік бар. Жанна 16 жаста, ал Мұрат 18 жаста. Олар некеге тұрғысы келеді, бірақ Жанна әлі заң бойынша некеге отыру жасына жеткен жоқ. Алайда, олардың ата-аналары осы некеге қарсы емес. Жанна мен Мұрат неке қиюға үмітті, бірақ заң бойынша кедергі бар.

Құқықтық талдау: Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, неке (ерлі-зайыптылық) жасы 18 жас болып белгіленген. Жанна мен Мұрат некеге тұрғысы келсе, онда неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету үшін олардың ата-аналары немесе

қамқоршыларының жазбаша келісімі қажет. Сондай-ақ, жасөспірімнің жүкті болуы немесе ортақ баласы болуы жағдайында некеге отыру жасын төмендету мүмкін болады. Бірақ, бұл жағдайда да Жанна мен Мұраттың келісімі қажет.

1-кейсті орындау бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар:

1.Топтық зерттеу жұмысы: Білім алушыларды бірнеше топқа бөліп, әр топқа неке жасын төмендету туралы нақты елдердің заңдарын зерттеу тапсырмасын беру. Әр топ зерттеген елдің ерекшеліктерін салыстырып, өз пікірін қорғауға талаптанады. Сонымен қатар, қазақ қоғамында 13 жаста отау иесі деген сөздің мағынасын талдайды.

2.Құқықтық жағдайды талқылау: Бұл жағдай бойынша мектепте құқықтық семинар немесе дөңгелек үстел ұйымдастыру. Білім алушыларды «Неке жасын төмендету туралы заңдардың адам құқықтары мен қоғамдағы ықпалы» тақырыбы бойынша пікір алмасуға шақыру.

3. Рөлдік ойындар: Білім алушыларға судья, заңгер, қоғам мүшесі ретінде рөлдер беріп, нақты өмірде осындай жағдайларда заң қалай қолданылатындығы туралы ойын түрінде мысалдар келтіру.

4. Жасөспірімдер құқықтары мен міндеттері туралы ақпараттық парақшалар жасау: Білім алушыларға өздерінің құқықтары мен міндеттерін түсінуге көмектесетін қысқаша ақпараттық парақшалар жасауды ұсыну.

5. Ерте жастан некеге тұрудың артықшылықтары мен кемшіліктері деген постер жасау, сынып алдында талдау. Басты түйін: ерте жастан некеге тұрмауға білім алушыларды үгіттеу.

1-кейсті орындау бойынша білім алушыларға арналған бағыттаушы сұрақтар:

Неке жасы неге 18 жас деп белгіленген? Бұл шектеудің мақсаты қандай?

Ата-аналардың немесе қамқоршылардың келісімі неке жасын төмендету қандай жағдайларда маңызды?

Жасөспірімдердің некеге тұрмағаны дұрыс па? Осы мәселеге қатысты құқықтық және әлеуметтік аспектілерді қалай түсіндіруге болады?

Заң бойынша, егер Жанна жүкті болса, олардың некеге тұруына қандай жеңілдіктер беріледі?

Қоғамдық тұрғыдан бұл жағдайды қалай қабылдауға болады?

18 жасқа толмаған жастардың өз құқықтары мен міндеттерін түсінбеуі заңды және әлеуметтік қиындықтарға әкеп соғуы мүмкін бе?

Сіздің ойыңызша, 16 жасар адам некеге тұруы керек пе? Оның психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан салдары қандай болуы мүмкін?

Ата-ананың неке мәселесіндегі рөлі қандай?

Заңды шектеулер қандай құқықтық мәселелерге әкеп соғуы мүмкін?

2-кейс: Неке қиюға жол берілмейтін жақын туыстар

Жағдаят: Жеті атаға дейін қыз алыспау ата-бабамыздың бұрыннан келе жатқан қатаң ережесі еді. Алима мен Сырым бір-бірін ұнатып, үйлену туралы шешім қабылдады. Бірақ олар екеуі туысқан, яғни Алима мен Сырым ағалы-қарандас болып табылады. Сырым бірінші некеден туып, анасының асырауында 1 жастан қалған. Сол кезден бастап туған әкесін мүлдем көрмеген. Олар некеге

тұрғысы келеді, бірақ олардың ата-аналары бұл шешімді қолдамайды, себебі олар жақын туыстар арасындағы некеге заң бойынша тыйым салынғанын түсінеді.

Құқықтық талдау: Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңының 11-бабының 3-тармағына сәйкес, жақын туыстардың арасында неке қиюға заң бойынша жол берілмейді. Жақын туыстар деп туыстықтың бірінші және екінші дәрежесіндегі адамдар (ата-ана, бала, бауыр, әпке, аға және т.б.) танылады. Осы себептен, Алима мен Сырымның неке қиюлары заңсыз болады.

2-кейсті орындау бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар:

1. Жақын туыстар арасындағы некеге тыйым салудың заңдық негізін түсіндіру. ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Заңының 11-бабы 3-тармағына сәйкес: Жақын туыстардың, атап айтқанда ата-анасы мен баласының, аға-қарындас, әпке-іні арасындағы некеге жол берілмейді. Туыстық дәрежесінің (I және II) анықтамасын түсіндіру: I дәрежелі туыстар: ата-ана мен бала; II дәрежелі туыстар: аға-қарындас, әпке-іні.

2. Ұлттық дәстүр мен заңнаманың үндестігіне мән беру. Қазақ халқының «Жеті атаға дейін қыз алыспау» дәстүрінің маңызын атап өту. Бұл тек салт емес, генетикалық, әлеуметтік және мәдени тұрғыда да маңызды қағида болғанын талдау. Қазіргі заңнама да осы дәстүрді құқықтық негізде жалғастырып отырғанын көрсету (халық даналығынан заңдылыққа дейінгі жол).

3. Құндылықтарға бағытталған көзқарас қалыптастыру. Бұл жағдаят арқылы отбасы тазалығы, мораль, ата-ананы тыңдау, қоғамның ортақ ережелерін сақтау сынды қоғамдық құндылықтар білім алушылар бойына сіңіріледі. Мұғалімдер жастардың эмоционалды тұрғыдан ойлауына, бірақ заңға сай әрекет етуге үйренуіне көмек көрсетуі тиіс.

4. Білім алушылардың ойлау қабілетін дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдер. Пікірталас: «Махаббат бәрінен жоғары ма, әлде заң мен дәстүр ме?» деген тақырыпта пікірсайыс ұйымдастыру. Кейс-талдау: Білім алушыларға ұқсас жағдаяттар беріп, құқықтық шешімін өз бетімен табуға бағыттау. Рөлдік ойын: Алима, Сырым, ата-аналар, заңгер, психолог рөлін бөліп, олардың көзқарасын сахналық қойылым арқылы көрсету.

2-кейсті орындау бойынша білім алушыларға арналған бағыттаушы сұрақтар:

Қазақстан заңында жақын туыстар арасында неке қиюға неге тыйым салынған?

Жеті ата дәстүрі неліктен маңызды деп саналады? Бұл дәстүр қандай мәселелердің алдын алады?

Сырым мен Алима некеге тұрғысы келеді. Бірақ олар жақын туыс екені анықталды. Бұл жағдайда заң қандай шешім ұсынады?

Алима мен Сырымның ата-аналарының бұл некеге қарсы болуын қалай бағалайсың? Бұл заңға сәйкес пе, әлде жеке көзқарас па?

Егер Сырым туған әкесін білмесе, ол Алимаға туыс болмай ма? Заң бұған не дейді?

Дәстүр мен заңды қатар ұстану қаншалықты маңызды? Қай кезде қайсысын басшылыққа алу керек?

Сенің ойыңша, махаббат заңды шектеулерден биік тұра ала ма? Мұндай жағдайларда шешімді кім қабылдауы тиіс?

Егер сен Алима немесе Сырымның орнында болсаң, қандай шешім қабылдар едің? Неге?

3-кейс: Асырап алушылар арасындағы неке

Жағдаят: Бекзат пен Әлия балалар үйінен баланы асырап алды. Олар балаға қамқорлық көрсетіп, өз балаларымен бірдей тәрбиелейді. Бірақ кейін, олардың қызы мен асырап алынған баланың арасындағы қарым-қатынас жақсарып, некеге тұрғысы келгенде, бұл шешімді ата-аналары қолдайды. Бірақ заңды тұрғыдан олардың арасында некеге тұруға рұқсат бар ма?

Құқықтық талдау: Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңының 11-бабының 4-тармағына сәйкес, асырап алушылар мен асырап алынған балалардың, сондай-ақ асырап алушылардың балалары мен асырап алынған балалардың арасында неке қиюға жол берілмейді. Бұл тыйымның мақсаты – асырап алу мен отбасылық қарым-қатынастардың дұрыс және заңды түрде реттелуін қамтамасыз ету. Бекзат пен Әлияның арасындағы неке заңсыз болады, себебі олар асырап алған бала арасындағы қарым-қатынас бұл жағдайда неке қиюды шектейді.

3-кейсті орындау бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар:

1. Құқықтық негізде отбасы мүшелері арасындағы шектеулерді түсіндіру. ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Заңының 11-бабының 4-тармағына сәйкес: Асырап алушылар мен асырап алынған балалардың, сондай-ақ асырап алушылардың балалары мен асырап алынған балалардың арасында некеге жол берілмейді. Бұл шектеу заңда отбасы құрылымының тұрақтылығы мен моральдық тазалығын сақтау мақсатында белгіленген. Тіпті биологиялық туыстық болмаса да, отбасылық рөлдердің арасындағы шекараны сақтау – заңмен бекітілген.

2. Этикалық және әлеуметтік құндылықтарды талдау. Білім алушыларға асырап алу – тек заңды рәсім емес, адамгершілік, қамқорлық пен жауапкершілік екенін түсіндіру өте маңызды дәйек болып табылады. Мұндай тыйым – отбасы құрылымындағы шекараларды анықтап, балалардың дамуы мен психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталғанын түсіндіру.

3. Сыныпта қолдануға болатын әдістер мен тәсілдер: Кейс-талдау әдісі: Бұл нақты жағдаятты топтарға бөліп, әр топқа түрлі көзқараспен (заңгер, психолог, ата-ана, бала) баға беруді ұсыну. «Заң және мораль» тақырыбында пікірталас: Некеге тыйым салудың құқықтық жағы мен моральдық себептері жайлы. Рөлдік ойын: Білім алушыларға рөлдер беріп (мысалы, ата-ана, бала, заңгер), диалог немесе сот отырысы форматында ойынды жүргізу. Инфографика немесе плакат жасау: «Отбасы мүшелерінің кіммен некеге тұра алмауы» тақырыбында визуалды кесте жасау.

3-кейсті орындау бойынша білім алушыларға арналған бағыттаушы сұрақтар:

Не себепті асырап алынған бала мен асырап алушы отбасының биологиялық балалары арасында неке құруға тыйым салынған?

Бекзат пен Әлияның балалары заң алдында туыс болып есептеледі ме?

Махаббат пен заң қай кезде қайшылыққа түсуі мүмкін? Қайсысын басшылыққа алу керек деп ойлайсың?

Баланы асырап алу – заңды туыстық орната ма? Бұл туыстық қатынастың құқықтар мен міндеттерін атаңыз.

Асырап алынған бала мен отбасындағы басқа балалар арасында шекара болу керек пе?

Егер сен Бекзат пен Әлияның балаларының орнында болсаң, қандай шешім қабылдар едің? Неліктен?

Аталған заңдар адам құқығын шектейді ме, әлде қорғай ма? Неліктен?

4-кейс: Некеге тұрғысы келетін адамның психикалық ауруы

Жағдаят: Данияр мен Айым бір-бірін жақсы көреді және үйлену туралы шешім қабылдады. Данияр әскер қатарында болып, ауыр жарақат алып, психикалық ауруға шалдыққан, оның жағдайы ауыр және ол ақыл-есі кем деп танылған. Айым бұл туралы хабардар болған соң, Даниярдың психикалық жағдайы некеге тұрғанда қалай әсер ететіндігі туралы жиі ойланды. Олар неке қиюға дайын болғанымен, бұл жағдайға заңды тұрғыдан қандай талаптар қойылатынын білмейді.

Құқықтық талдау: Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңының 11-бабының 5-тармағына сәйкес, психикалық ауруы немесе ақыл-есі кемдігі салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдар арасында неке қиылмайды. Бұл жағдайда, егер Данияр психикалық ауруы немесе ақыл-есі кемдігі бойынша әрекетке қабілетсіз деп танылса, Айыммен некеге тұруға заң бойынша рұқсат етілмейді. Айым мен Даниярдың неке қиюы мүмкін болмайды.

4-кейсті орындау бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар:

1. Неке құқығы мен әрекетке қабілеттілік туралы түсінік беру. ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңының 11-бабы 5-тармағына сәйкес: Психикалық ауруы немесе ақыл-есі кемдігі салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдар арасында неке қиылмайды. Әрекетке қабілетсіз — соттың арнайы шешімімен заңды түрде бекітілген мәртебе. Бұл адамның өзі үшін маңызды шешімдерді (мысалы, неке, келісім-шарт, мүлік) өз еркімен, саналы түрде қабылдай алмайтынын білдіреді.

2. Этикалық және адами аспектілерге мән беру. Адам құқықтары мен заң шектеулерінің қайшылығын талқылау. Айымның сезімі мен заң талабын тең ұстап ойлану – бұл моральдық-адамгершілік тәрбиенің өзегі. Білім алушылардың бойында қамқорлық, түсіністік пен құрмет сезімдерін дамыту.

3. Жағдаятты талдаудың тиімді әдістері: Сұрақ-жауап (Сократтық диалог): Білім алушыларға ойлануға, өз пікірін дәлелдеуге бағытталған сұрақтар беру. Дебат: «Махаббат бар жерде заң шектеуі болмауы керек» немесе «Заң – бәрінен жоғары» тақырыптары бойынша пікірсайыс ұйымдастыру. Рөлдік ойын: Данияр, Айым, дәрігер, заңгер, ата-ана рөлдерін бөліп, жағдайды сахналау. Құқықтық

карта құру: Қандай жағдайда неке қиылады/қиылмайтыны туралы ақпаратты кесте немесе инфографика арқылы көрсету.

4. Сабақта немесе сабақтан тыс уақытта психолог немесе заңгерді шақырып, «Әрекетке қабілеттілік» туралы дөңгелек үстел ұйымдастыру. Білім алушыларға алдын-ала болжам сұрақтар әзірлету, маманның құқықтық жауабы негізінде білім алушылардың бойында дұрыс пікір қалыптастыруға жағдай жасау.

4-кейсті орындау бойынша білім алушыларға арналған бағыттаушы сұрақтар:

Қазақстан заңында неке қиылмайтын жағдайлар қатарына қандай талаптар кіреді?

Әрекетке қабілеттілік деген не? Ол қалай анықталады және кім шешім шығарады?

Данияр мен Айымның сезімі заң шектеуіне тап болды. Бұл жағдайда не істеу керек деп ойлайсың?

Психикалық ауруы бар адаммен некеге тұру қандай қиындықтарға әкелуі мүмкін?

Айым өз сүйген адамы үшін бәріне дайын болса, заң оған неге тыйым салады?

Соттың «әрекетке қабілетсіз» деп тануы адамның өз құқығынан айырылады дегенді білдіре ме?

Сен осындай жағдайда Айымның орнында болсаң, қандай шешім қабылдар едің? Неге?

Адам құқығы мен заң арасындағы тепе-теңдік қалай сақталуы керек деп ойлайсың?

5-кейс: Неке қию тәртібі

Жағдаят: Мұрат пен Айжан ұзақ уақыт бірге тұрып, некеге тұрғысы келеді. Олар некеге тіркелу үшін тіркеуші органға өтініш береді. Бірақ Айжан ауыр науқастанғандықтан, ол үйінен шыға алмайды. Мұрат тіркеуші органға барып, некесін үйде тіркеуге болады ма деп сұрады.

Құқықтық талдау: Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңының 13-бабына сәйкес, егер некеге тұруға тілек білдіруші адамдардың бірі айрықша жағдайларда (ауыр науқастануы, жүріп-тұру қиындығы, бас бостандығынан айыру орындарында болуы) тіркеуші органға келе алмаса, онда неке үйде немесе басқа тиісті жерде тіркелуі мүмкін. Бұл жағдайда, Мұрат пен Айжанның некесі үйде тіркеледі, бірақ тіркеуші органның тиісті ұйымымен келісілген болуы керек.

5-кейсті орындау бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар:

1. Некеге тұру тәртібі мен рәсімдік талаптарды түсіндіру. ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңының 13-бабы: Некеге тұруды тіркеу азаматтық хал актілерін тіркеу органында жүзеге асырылады. Егер өтініш берушінің бірі ауыр сырқатқа ұшыраған, жүріп-тұру мүмкіндігі шектеулі болса, неке үйде немесе арнайы

мекемеде тіркелуі мүмкін. Мұндай рәсім мемлекет тарапынан жасалатын жеңілдік ретінде қарастырылады.

2. Мемлекеттік қызметтің бейімделгіштігі туралы айту. Бұл жағдай арқылы білім алушылар мемлекеттік органдардың адам өміріндегі әртүрлі жағдайларды ескеріп, икемді әрекет етуін бағалай алады. Азаматтардың құқықтарын сақтаумен қатар, гуманизм, қолдау көрсету сынды құндылықтар да іске асатынын атап өту.

3. Құндылыққа негізделген көзқарас қалыптастыру. Мұрат пен Айжанның махаббаты мен өмірлік жағдайын ескеріп, білім алушыларға жанашырлық, құрмет, жауапкершілік секілді құндылықтар аясында ойлау мүмкіндігі беріледі.

4. Топтық талдау: Білім алушыларды шағын топтарға бөліп, некені тіркеудің әртүрлі формаларын салыстырып, артықшылықтары мен шектеулерін табу.

5. Интерактивті рөлдік ойын: «Неке тіркеу қызметкері», «Айжан мен Мұрат», «дәрігер», «заңгер» рөлдерін бөліп, үйде неке тіркеу процесін сахналау.

6. Сұрақ-жауап ойыны: «Бір минут – бір сұрақ» әдісі арқылы білім алушылардан заң және неке тіркеу бойынша жылдам жауап алу.

7. Инфографика жасау: «Некені тіркеудің кезеңдері» немесе «Арнайы жағдайда неке қалай тіркеледі?» атты сызба-кесте құру.

8. Мини-жоба: «Ерекше жағдайда неке тіркеу тәртібі» атты шағын постер немесе презентация жасау.

9. Салыстыру жұмысы: Басқа елдерде (мысалы, Германия, Корея, Жапония) ауыр жағдайда неке қалай тіркелетіні жайлы зерттеу жүргізу.

5-кейсті орындау бойынша білім алушыларға арналған бағыттаушы сұрақтар:

Неке қандай жағдайларда үйде немесе арнайы жерде тіркелуі мүмкін?

Бұл жағдайда заң неге мұндай жеңілдік қарастырады деп ойлайсың?

Мұрат пен Айжанның әрекеті заңға сәйкес пе? Неліктен?

Айжанның жағдайы ескерілмегенде, бұл оның қандай құқығын бұзады?

Мемлекет мұндай жағдайларды не үшін назарда ұстауы керек? Бұл адам құқығына қалай әсер етеді?

Сенің ойыңша, заң адамдардың жағдайына бейімделіп өзгеруі керек пе? Әлде қатаң болу керек пе?

Мемлекеттік тіркеу не үшін қажет деп ойлайсың? Некені тек діни рәсіммен бекіту жеткілікті ме?

Егер сен тіркеуші орган қызметкері болсаң, не істейсің? Қандай шешім қабылдайсың?

Тақырып: Отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі қандай? Бала құқығы қалай қорғалады?

ОМ: 9. 5. 3. 1 отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін анықтау

9. 5. 3. 2 құқықтық актілерге сүйене отырып, қоғам мен отбасындағы балалар құқығын талдау

1-кейс: Баланың отбасы мүшелерімен араласу құқығы (ҚР Неке және отбасы заңы, 61-бап)

Жағдай: 12 жасар Даниярдың ата-аналары бөлек тұрады. Ол әкесіне барып тұруды қалайды, бірақ анасы оған қарсы болып, әкесімен байланыс орнатуға рұқсат бермейді. Осы жағдайда Даниярдың қандай құқығы бар?

Құқықтық талдау: Даниярдың ата-анасы бөлек тұрып жатса да, оған екі ата-анасымен де араласуға құқық беріледі (ҚР Неке және отбасы заңы, 61-бап). Баланың бұл құқығы ешқандай жағдайда шектелмейді, сондықтан анасы Даниярдың әкесімен байланысын шектеуге құқылы емес. Даниярдың әкесімен байланыс орнату құқығын қорғау үшін, баланың өзі немесе оның заңды өкілі, мысалы, қорғаушы органға немесе сотқа жүгінуі мүмкін.

1-кейсті орындау бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар:

1. Құқықтық негізді түсіндіру: Білім алушыларға Қазақстан Республикасының Неке және отбасы заңының 61-бабын түсіндіріп, әр баланың екі ата-анасымен де байланыс орнатуға құқығы бар екенін көрсету қажет. Заңның бұл нормасын жеке мысалдармен түсіндіре отырып, балаларға олардың құқықтары мен міндеттері туралы ұғымдарды қалыптастыруға мүмкіндік беру.

2. Талқылау және сұрақ-жауап әдісі: Білім алушыларға жағдайды оқып, оның мәні мен заңдық аспектілерін талқылауға мүмкіндік беріңіз. Әр түрлі жағдайларда баланың құқығын қорғау үшін қандай әрекеттер жасалуы мүмкін екендігі туралы сұрақтар қойып, пікір алмасу ұйымдастыру.

3. Құқық қорғау органдарымен таныстыру: Құқықтық көмек алу үшін балалар мен ата-аналар қай органдарға немесе инстанцияларға жүгінуі мүмкін екенін түсіндіру. Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін ата-ананың немесе қорғаушы органның рөлі қандай екенін талқылау.

4. Практикалық тапсырмалар: Білім алушыларға нақты жағдайда баланың құқығын қорғау үшін заңды түрде қандай қадамдар жасау қажет екендігін көрсету үшін рөлдік ойындар ұйымдастыру. Әр түрлі заңды жағдайлардан кейін білім алушыларға олардың өздерінің құқықтарын қорғауға арналған стратегияларды қарастыруға мүмкіндік беру қажет.

1-кейсті орындау бойынша білім алушыларға арналған бағыттаушы сұрақтар:

Сіз өзіңіз Даниярдың орнына болсаңыз, не істер едіңіз? Бұл сұрақ балаларға нақты жағдайды сезінуге көмектеседі, әрі олар өздерінің құқығын қорғау жолдарын түсінеді.

Сіздің ойыңызша, ата-анасының бірі баланың әкесіне баруына неге қарсы болуы мүмкін?

Бұл сұрақ баланың эмоционалдық жағдайын түсінуге, сондай-ақ ата-аналар арасындағы қатынастарды талқылауға мүмкіндік береді.

Даниярға әкесіне бару үшін қандай заңды қадамдар жасау қажет? Бұл сұрақ баланың құқықтарын қорғау туралы білімін бағалауға мүмкіндік береді. Балалар өз құқықтарын қорғау жолдарын талқылай алады.

Даниярдың құқықтары мен міндеттері туралы не білесіз? Бұл сұрақ заңды білімді тексеруге және оның маңыздылығын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Егер Даниярдың анасы оған әкесімен байланыс орнатуға рұқсат бермесе, Данияр қайда және кімге жүгінуі керек? Бұл сұрақ балаларға құқық қорғау

органдарының рөлін түсіндіреді және оларды нақты жағдайларда құқықтық көмекке жүгінуге ынталандырады.

Баланың екі ата-анасымен де араласуға құқығы бар екендігін біле отырып, сіз үшін не маңызды болып табылады? Бұл сұрақ білім алушылардың құқықтарын қорғау қажеттілігі туралы ойланып, әрқайсысының жеке пікірін қалыптастыруына ықпал етеді.

2-кейс. Баланың өз пікірін білдіру құқығы (ҚР Неке және отбасы заңы, 62-бап)

Жағдаят: 11 жасар Қымбаттың ата-аналары оның қай мектепке баруы керек екенін талқылауда. Қымбат өз пікірін білдіріп, жаңа мектепке баруды қалайтынын айтады. Аталған мәселе қалай шешілуі мүмкін?

Құқықтық талдау: Қымбат 10 жастан асқан бала болғандықтан, оның пікірі міндетті түрде ескерілуі керек (ҚР Неке және отбасы заңы, 62-бап). Ата-аналары оның пікірімен санасып, оны тыңдауы тиіс. Бұл жағдайда, Қымбаттың мүдделері мен еркі есепке алынуы қажет, сондықтан оның қалауы бойынша шешім қабылдануы тиіс.

2-кейсті орындау бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар:

1. Құқықтық негізді түсіндіру: Білім алушыларға ҚР Неке және отбасы заңының 62-бабын түсіндіріп, 10 жасқа толған балалардың өз пікірін білдіруге құқығы бар екенін айту қажет. Қымбаттың жағдайы арқылы баланың пікірінің маңыздылығын көрсетіп, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынасқа қатысты заңдық тұрғыдан түсінік беру.

2. Талқылау және сұрақ-жауап әдісі: Қымбаттың жаңа мектепке бару тілегінің маңызы туралы талқылау жүргізу. Балалар өз пікірін білдіруге толық құқылы екенін және оларды тыңдау маңызды екенін түсінуі керек. Білім алушыларға: «Сіз өз пікіріңізді айтқанда ата-аналарыңыз қалай әрекет етеді?» немесе «Сіздің пікіріңізді ата-аналарыңыз ескергенде не сезінесіз?» деген сұрақтар қойып, олардың ойларын тыңдау қажет.

3. Практикалық тапсырма: Білім алушыларға Қымбат сияқты жағдайды модельдеп, өз пікірін білдіріп, оны ата-аналарына түсіндіруге арналған рөлдік ойындар ұйымдастыру. Қымбаттың еркі мен мүддесін қалай қорғауға болатыны туралы сценарийлер дайындап, білім алушыларға осы сценарийлерді шешуге қатысты тапсырмалар беру ұсынылады.

2-кейсті орындау бойынша білім алушыларға арналған бағыттаушы сұрақтар:

Қымбаттың ата-аналары оның пікірімен неге санасуы керек? Бұл сұрақ білім алушыларға баланың өз қалауын білдіруге және оның пікірінің құнды екенін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Егер сіз Қымбаттың орнында болсаңыз, қандай мектепке баруды қалайсыз? Неліктен? Білім алушылар өз пікірін білдіруге және оның себептерін түсіндіруге тырысады, сондай-ақ өз қалауын қорғау әдісін ойланады.

10 жастан асқан бала ретінде сіздің пікіріңіз қалай ескерілуі керек деп ойлайсыз? Бұл сұрақ балалардың өз құқықтары мен пікірлерінің маңыздылығын түсінуге көмектеседі.

Қымбаттың ата-аналары оның қалауын ескеру үшін қандай әрекеттер жасауы керек деп ойлайсыз? Білім алушылар баланың қалауын ескеру барысында ата-ананың жауапкершілігін және оның балаға деген құрметін түсінеді.

Егер ата-ана мен бала арасында келіспеушілік болса, қандай жолмен шешім қабылдауға болады? Бұл сұрақ баланың пікірін қорғау мен ата-аналармен келіссөз жүргізу жолдарын түсіндіреді.

Егер сіздің қалауыңызды ата-аналар тыңдамаса, сіз не істер едіңіз? Білім алушылардың өз пікірін қорғау әдісін ойлап табуға мүмкіндік береді.

3-кейс. Ата-аналардың мектеп таңдауындағы келіспеушіліктері

Жағдаят: 14 жасар Арсеннің ата-аналары оның қай мектепке баруы керек екеніне келіспейді. Әкесі Арсенді мамандандырылған техникалық мектепке беруді қаласа, анасы оны жалпы білім беретін мектепке жіберуді ұсынады. Арсен өз пікірін білдіріп, мамандандырылған мектепке барғысы келетінін айтады. Мәселені қалай шешуге болады?

Құқықтық талдау: ҚР Неке және отбасы заңының 70-бабының 3-тармағына сәйкес, ата-аналар баласының білім алуын қамтамасыз етуге міндетті және баланың пікірі ескерілуі тиіс. Алайда, 14 жасқа толмаған баланың пікірі міндетті түрде шешуші фактор болмағанымен, ата-аналар баласының мүдделерін ескере отырып, шешім қабылдауы қажет. Егер ата-аналар арасында келіспеушіліктер туындаса, олар бұл мәселені қорғаншылық немесе қамқоршылық органдары немесе сот арқылы шешуі тиіс. Арсеннің пікірін ескере отырып, ата-аналар ортақ шешімге келуге тырысуы керек. Егер келіспеушілік шешілмесе, қорғаншылық органына немесе сотқа жүгіну мүмкін.

3-кейсті орындау бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар:

1. Құқықтық түсінік беру: Білім алушыларға ҚР Неке және отбасы заңының 70-бабының 3-тармағының мәнін түсіндіру: ата-аналар баласының білім алуын қамтамасыз етуге міндетті және баланың пікірін ескеру қажет. Бірақ 14 жасқа толмаған баланың пікірі міндетті түрде шешуші фактор болмағанымен, ата-аналар өз шешімдерін баланың мүддесін ескере отырып қабылдауы тиіс. Сонымен қатар, ата-аналар арасында келіспеушілік туындаған жағдайда, бұл мәселені қорғаншылық органына немесе сотқа жүгіну арқылы шешуге болатынын атап өтуге болады.

2. Талқылау әдісі: Балаларға Арсеннің жағдайын талқылауды ұсыну. Топта Арсеннің ата-аналарының позициясын түсіндіре отырып, оның пікірі мен қажеттіліктерін ескеру туралы пікір алмасуға мүмкіндік беру. Білім алушылардан «Егер сіз Арсеннің орнына болсаңыз, қандай шешім қабылдаған болар едіңіз?» немесе «Егер ата-аналарыңызбен келіспесеңіз, Сіз қандай факторларды ескерер едіңіз?» деген сұрақтар қойып, олардың пікірлерін тыңдау ұсынылады.

3. Рөлдік ойындар: Білім алушыларға ата-аналар мен баланың арасындағы келіссөздер мен шешім қабылдау үдерісін рөлдік ойын түрінде ұсыну. Арсеннің орнында болуы, ата-аналардың әртүрлі көзқарастарын тыңдауы, сондай-ақ өз пікірін қорғауы керек. Бұл әдіс балаларға нақты өмірде мұндай жағдайларда қандай әрекеттер жасауға болатындығын көрсетуге көмектеседі.

4.Құқықтық шешімдерді зерттеу: Білім алушыларға Арсеннің жағдайында шешім қабылдауда қандай құқықтық механизмдер қолданылатыны туралы сұрақтар қойып, қорғаншылық органына немесе сотқа жүгіну жолдары туралы талқылау ұйымдастыру. Арсеннің ата-аналарының арасында келіспеушіліктер болған жағдайда, балаларға бұл мәселені қалай шешуге болатынын түсіндіруге мүмкіндік беру қажет.

5.Практикалық тапсырмалар: Білім алушыларға Арсеннің жағдайы бойынша шешім қабылдаудың әртүрлі жолдарын ұсынатын тапсырма беру. Мысалы: «Егер сіз Арсеннің ата-анасының біреуі болсаңыз, қандай шешім қабылдайсыз?». Сондай-ақ, білім алушыларға ата-аналар арасындағы келіспеушілікті шешу үшін қандай қадамдар жасау керек екендігі туралы сұрақтар қойып, жауаптарын жинақтау ұсынылады.

3-кейсті орындау бойынша білім алушыларға арналған бағыттаушы сұрақтар:

Сіз Арсеннің орнында болсаңыз, қандай мектепке баруды қалайсыз? Неліктен? Бұл сұрақ білім алушыларға өздерінің таңдауларын негіздеуге мүмкіндік береді және олар өз пікірін білдірудің маңыздылығын түсінеді.

Егер сіздің ата-аналарыңызбен мектеп таңдауға қатысты келіспеушілік туындаса, сіз не істер едіңіз? Бұл сұрақ балаларға ата-аналармен келіссөз жүргізудің жолдарын ойластыруға мүмкіндік береді.

14 жастағы баланың пікірі білім алу мәселесінде қаншалықты маңызды деп ойлайсыз? Білім алушылар баланың мүдделері мен ата-ананың жауапкершіліктерін тереңірек түсінуге көмектесетін сұрақ.

Арсеннің жағдайында ата-аналар қандай шешім қабылдауы керек? Баланың мүдделерін қалай ескеру қажет? Бұл сұрақ балаларға ата-ананың шешім қабылдау барысында баланың пікірі мен қажеттіліктерін ескеру керектігін түсіндіреді.

Егер ата-аналар арасындағы келіспеушілік шешілмесе, Арсеннің не істеуі қажет? Қандай заңды қадамдар жасауға болады? Бұл сұрақ білім алушыларға құқықтық шешім қабылдау жолдары мен қорғаншылық органына немесе сотқа жүгіну туралы түсінік береді.

Баланың білім алуына қатысты ата-аналардың құқықтары мен міндеттері туралы не білесіз? Білім алушыларға ата-аналардың баланың білім алуына қатысты заңды міндеттерін түсінуге мүмкіндік береді.

4-кейс. Ата-аналардың баланы тәрбиелеу бойынша келіспеушіліктері

Жағдаят: 15 жасар Динараның ата-аналары арасындағы тәрбиелеу мәселесі бойынша келіспеушілік туындайды. Анасы Динараның киімін таңдау мен сыртқы түріне қатал талаптар қояды, ал әкесі бұл мәселеге түсіністікпен қарайды. Динара өзінің киімін таңдауында еркіндік алуды қалайды.

Құқықтық талдау: ҚР Неке және отбасы заңының 70-бабының 2-тармағына сәйкес, ата-аналар баласын тәрбиелеуге міндетті. Бұл тәрбиелеу оның адамгершілік, психикалық, рухани дамуын қамтуы тиіс. Ата-аналардың арасында келіспеушілік болған жағдайда, бұл мәселені қорғаншылық органына немесе сотқа жүгіну арқылы шешуге болады. Баланың пікірі маңызды

болғанымен, шешім қабылдау кезінде оның жас ерекшелігі мен қажеттіліктері ескерілуі тиіс. Динараның еркіндігін ескере отырып, ата-аналар баланы құрметтеп, оның құқықтарын қорғауға тырысуы керек. Ата-аналардың арасындағы келіспеушілік қорғаншылық органына немесе сот арқылы шешілуі мүмкін.

4-кейсті орындау бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар:

1. Құқықтық түсінік беру: Білім алушыларға ҚР Неке және отбасы заңының 70-бабының 2-тармағының мәнін түсіндіріп, ата-аналардың баланы тәрбиелеуге міндетті екенін және бұл тәрбиелеу баланың адамгершілік, психикалық және рухани дамуын қамтуы тиіс екенін айту қажет. Сонымен қатар, балалардың құқықтарын қорғау және олардың пікірі мен қажеттіліктерін ескеру маңызды екенін түсіндіру керек. Ата-аналар арасындағы келіспеушілік жағдайында қорғаушы органына немесе сотқа жүгіну арқылы мәселені шешуге болатынын атап өту ұсынылады.

2. Талқылау және пікір алмасу әдісі: Білім алушыларға Динараның жағдайын талқылауды ұсыныңыз. Топта әр түрлі көзқарастарды білдіріп, бұл мәселеде баланың мүдделерін ескеру қажет екенін түсіндіру. «Сіз Динараның орнында болсаңыз, қандай шешім қабылдар едіңіз?» немесе «Ата-аналар арасындағы келіспеушілік жағдайында Динара не істеуі керек?» деген сұрақтар қойып, балалардың пікірлерін тыңдау.

3. Рөлдік ойындар: Білім алушыларға ата-аналар мен баланың арасындағы тәрбие мәселесі бойынша рөлдік ойын ұйымдастыру. Олар Динараның орнында болуы керек және ата-аналарымен келіспеушіліктерін қалай шешетіні туралы ойындар қою. Бұл әдіс білім алушыларға тәрбие мәселелері бойынша өз пікірін қорғау жолдарын көрсетіп, шынайы жағдайға қалай әрекет ету керектігін үйретеді.

4. Құқықтық шешімдерді зерттеу: Білім алушыларға Динараның жағдайында ата-аналардың шешім қабылдауда қандай құқықтық механизмдер қолданылатыны туралы сұрақтар қойып, қорғаншылық органына немесе сотқа жүгіну туралы талқылау ұйымдастыру. Баланың құқықтарын қорғау және ата-аналар арасындағы келіспеушілік мәселесін қалай шешуге болатынын түсіндіру.

5. Практикалық тапсырмалар: Білім алушыларға ата-аналар арасындағы келіспеушілікті шешу жолдарын ұсынатын тапсырма беру қажет. Мысалы, «Егер сіз Динараның орнында болсаңыз, ата-анаңыздың талабына қалай жауап берер едіңіз?» немесе «Динараның орнына қандай қадамдар жасар едіңіз?». Сонымен қатар, білім алушыларға «Қалай ойлайсыз, ата-аналар мен баланың арасындағы тәрбие мәселелерінде баланың пікірін ескеру қаншалықты маңызды?» деген сұраққа жауап беру тапсырмасын беруге болады.

4-кейсті орындау бойынша білім алушыларға арналған бағыттаушы сұрақтар:

Динараның орнында болсаңыз, өз киіміңізді таңдау туралы қандай шешім қабылдар едіңіз? Неліктен? Бұл сұрақ білім алушыларға өз пікірлерін білдіруге және өзінің еркіндігін қорғауға мүмкіндік береді.

Сіздің пікіріңізше, ата-аналар арасындағы тәрбие мәселесінде баланың мүддесін ескеру қаншалықты маңызды? Білім алушылар баланың құқықтарын ескеру қажет екенін түсінуге көмектесетін сұрақ беру ұсынылады.

Егер сіздің ата-ананың тәрбиелеу мәселесінде келіспеушіліктері болса, сіз не істер едіңіз? Бұл сұрақ балаларға ата-аналармен пікірталас жүргізу немесе мәселені қалай шешуге болатынын ойластыруға мүмкіндік береді.

Баланың киімін таңдауында ата-ананың қатал талаптары мен жұмсақ көзқарастары арасында қандай айырмашылық бар? Баланың еркіндігі қандай жағдайда шектелуі керек? Бұл сұрақ арқылы балалар киім таңдауындағы ата-аналар мен баланың арасындағы қарым-қатынас пен баланың еркіндігі туралы ойлауға мүмкіндік алады.

Динараның ата-аналары арасындағы келіспеушілік жағдайда, қандай шешім қабылдау керек? Қандай құқықтық қадамдар бар? Білім алушыларға ата-аналар арасындағы келіспеушіліктерді шешу үшін заңды қадамдарды түсіндіруге мүмкіндік береді.

Динараның пікірі мен құқықтары қандай жағдайда ескерілуі керек? Ата-аналар қандай жағдайда оның еркіндігін құрметтеуге міндетті? Бұл сұрақ балаларға баланың құқықтары мен еркіндігін қорғау, сондай-ақ ата-ананың міндеттері туралы ойланып жауап беруге мүмкіндік береді.

Сіз ата-ананың қатаң тәртібін немесе жұмсақ көзқарасын таңдасаңыз, қандай жағдайларға байланысты шешім қабылдар едіңіз? Бұл сұрақ білім алушыларға ата-ана мен баланың арасындағы тәрбие мәселесінде өз пікірлерін негіздеуге мүмкіндік береді.

5-кейс. Баланың орта білім алуын қамтамасыз ету

Жағдаят: 16 жасар Айнұрдың ата-аналары оның мектепті аяқтағаннан кейін қай оқу орнында білім алу керектігін талқылап жатыр. Айнұрдың анасы оны техникалық университетке оқуға беруді қаласа, әкесі оны экономикалық мамандыққа оқытуды ұсынады. Айнұр медициналық оқу орнына барғысы келеді, бірақ ата-аналары оны тыңдамайды.

Құқықтық талдау: ҚР Неке және отбасы заңының 70-бабының 3-тармағына сәйкес, ата-аналар баласының міндетті орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті. Сонымен қатар, осы заңның 4-тармағында баланың пікірін ескере отырып, ата-аналар білім беру мәселелерін шешуі тиіс. Егер ата-аналар арасында келіспеушілік туындаса, бұл мәселені қорғаншылық немесе қамқоршылық органы арқылы шешуге болады. Ата-аналар Айнұрдың пікірімен санасып, баласының мүддесін ескере отырып шешім қабылдауы тиіс. Егер ата-аналар арасында келіспеушілік туындаса, қорғаншылық органына немесе сотқа жүгіну қажет.

5-кейсті орындау бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар:

1. Құқықтық түсінік беру: Білім алушыларға ҚР Неке және отбасы заңының 70-бабының 3-тармағы мен 4-тармағының мағынасын түсіндіріңіз: ата-аналар баласының орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті және осы шешімдерді баланың пікірін ескере отырып қабылдауы тиіс. Сонымен қатар, егер ата-аналар арасында келіспеушілік туындаса, бұл мәселені қорғаншылық немесе

қамқоршылық органына немесе сотқа жүгіну арқылы шешуге болатынын атап өтіңіз. Ата-аналардың білім беру мәселесінде баланың пікірі маңызды екенін, бірақ әр жағдайда бұл пікірдің шешуші фактор болмауы мүмкін екенін түсіндіру керек.

2.Талқылау әдісі: Білім алушыларға Айнұрдың жағдайын талқылауды ұсыну. Топта ата-аналардың көзқарастарын түсіндіре отырып, баланың мүдделерін ескерудің маңыздылығын айту қажет. «Сіз Айнұрдың орнында болсаңыз, қандай оқу орнына түскіңіз келеді?» немесе «Ата-аналар арасындағы келіспеушілік болған жағдайда, сіз не істер едіңіз?» деген сұрақтар қойып, балалардың пікірлерін тыңдау ұсынылады.

3.Рөлдік ойындар: Білім алушыларға Айнұр мен ата-аналарының рөлдерін бөліп, бұл жағдайды рөлдік ойын түрінде өткізу ұсынылады. Айнұр ата-анасымен медициналық оқу орнына түсу мәселесін талқылап, ата-аналарының көзқарастарын тыңдайды. Бұл балаларға ата-аналардың көзқарастарын тыңдау және өз пікірін қорғау жолдарын көрсетуге көмектеседі. Білім алушыларды Айнұр мен ата-аналардың арасындағы келіссөздерге қатысуға шақыру қажет. Бұл рөлдік ойын білім алушыларға келіссөз жүргізу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

4.Құқықтық шешімдерді зерттеу: Білім алушыларға Айнұрдың жағдайында шешім қабылдау кезінде қандай құқықтық механизмдер қолданылатыны туралы сұрақтар беру ұсынылады. Егер ата-аналар арасында келіспеушілік туындаса, қорғаншылық немесе қамқоршылық органына немесе сотқа жүгіну туралы талқылау ұйымдастыру. Білім алушыларға заңдық шешімдер мен қадамдарды түсіндіре отырып, баланың құқығы мен ата-ананың міндеттері туралы кеңірек ақпарат беру қажет.

5.Практикалық тапсырмалар: Білім алушыларға «Егер сіз Айнұрдың орнында болсаңыз, қандай оқу орнына түсер едіңіз? Неліктен?» деген сұрақ қойып, өз таңдауын негіздеуді сұрау қажет. Сондай-ақ, білім алушыларға «Егер ата-аналар арасында келіспеушілік туындаса, сіз қандай қадамдар жасаған болар едіңіз?» деген сұрақ қойып, оларды мәселені қалай шешу жолдарын ойластыруға ынталандыру ұсынылады.

5-кейсті орындау бойынша білім алушыларға арналған бағыттаушы сұрақтар:

Айнұрдың орнында болсаңыз, қандай оқу орнына түскіңіз келеді? Неліктен? Бұл сұрақ білім алушыларға өз таңдауын негіздеп, Айнұрдың жағдайында шешім қабылдаудың маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді.

Ата-аналар арасында келіспеушілік туындаған жағдайда, қандай қадамдар жасаған болар едіңіз? Бұл сұрақ балаларға ата-аналар арасындағы келіспеушілікті шешудің құқықтық жолдарын түсінуге көмектеседі.

Бала мен ата-аналардың арасындағы білім алу мәселесінде баланың пікірі қаншалықты маңызды? Білім алушыларға баланың құқықтарын қорғау және оның пікірін ескеру қажеттілігін түсінуге мүмкіндік береді.

Ата-аналар балалардың білім алуын қамтамасыз ету барысында қандай қадамдар жасауы керек? Олардың шешім қабылдауындағы баланың рөлі қандай?

Бұл сұрақ балаларға ата-аналардың міндеттері мен баланың пікірінің маңыздылығын түсіндіреді.

Егер сіздің ата-анаңыз сіздің оқу орныңызды таңдағанда келіспеушілік туғызса, сіз не істер едіңіз? Білім алушыларға ата-аналармен пікірталас жүргізу немесе мәселені қалай шешуге болатынын ойластыруға мүмкіндік береді.

Бөлім: «Отбасы құқығы»

Тақырып: 9.5.4 Отбасының қоғамдағы маңыздылығы

Зерттеу сұрағы: Отбасының әлеуметтік мәні неде?

ОМ: 9. 5. 4. 1 отбасының қоғамдағы маңыздылығын бағалау

1-кейс: Көп балалы отбасының құқықтары

Жағдаят: Бес баласы бар көп балалы отбасы жергілікті әкімдіктен баспана сұрайды. Алайда оларға тұрғын үйдің кезегіне тұру үшін құжаттарды жинау қажет екені айтылады. Отбасы бұл құқықты заңмен бекітілген деп есептеп, әкімдік шешіміне қарсы шығады.

Құқықтық талдау: ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңына сәйкес, көп балалы отбасылар әлеуметтік жағынан осал топқа жатады және баспана алу үшін жергілікті әкімдікке өтініш беріп, қажетті құжаттар тапсыру арқылы тұрғын үй алу кезегіне тұра алады. Бұл жерде отбасы заңды рәсімдерді сақтауы тиіс. Егер олармен заңсыз әрекет жасалса, олар прокуратураға немесе сотқа шағымдануға құқылы.

1-кейсті орындау бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар:

1. Білім алушыларға арналған тапсырма атауы: «Отбасының баспана алуға құқығы бар ма?». Білім алушыларды 3 топқа бөлу: Отбасы мүшелері рөлінде, әкімдік шешіміне қарсы уәждерін дәлелдейді; Жергілікті әкімдік рөлінде, заңға сүйене отырып, неге құжаттарды талап ететінін түсіндіреді; Құқық қорғау органдары немесе қоғам белсенділері рөлінде, мәселені бейтарап сараптап, әділ шешім ұсынады. Әр топ өз рөлінде мәселені талдайды және өз көзқарастарын қорғайды.

2. «Әділеттілік қайда?» эссе жазу: Білім алушылардан осы жағдаят бойынша өз пікірін және қандай шешім әділетті деп санайтынын қысқаша эссе түрінде жазуын сұраңыз (100–150 сөз).

3. Мәселені шешу алгоритмін құру. Білім алушыларды нақты құқықтық әрекет алгоритмін құруға үйрету. Білім алушыларға: «Көп балалы отбасы баспана алу үшін қандай қадамдар жасауы керек?» деген сұрақ қойылады. Топпен немесе жеке: Қайда жүгіну керек? Қандай құжаттар қажет? Қандай мерзім ішінде жауап алынады? Егер бас тартса — қайда шағымдануға болады? Білім алушылар осыны схема немесе жол картасы ретінде құрастырады.

4. Сынып дебаты: «Мемлекет көп балалы отбасыларды жеткілікті қолдап отыр ма?». Мақсаты: Азаматтық белсенділік пен сыни ойлауды дамыту. Бірі – қолдайтын жақ; мемлекет жеткілікті қолдау көрсетіп отыр. Екіншісі – қарсы жақ; мемлекеттен қолдау жеткіліксіз.

5. Интервью жобасы. Мақсаты: Отбасылық тәжірибе мен құқықтық нормаларды байланыстыру. Тапсырма: Білім алушылар өз отбасы мүшелерінен

немесе таныс көп балалы отбасынан сұхбат алады: Сыныпта шағын презентация немесе постер арқылы қорытындыны ұсынады.

1-кейсті орындау бойынша білім алушыларға арналған бағыттаушы сұрақтар:

Көп балалы отбасы неліктен әлеуметтік осал топқа жатады деп есептеледі?

Тұрғын үй алуға кезекке тұру үшін қандай құжаттар қажет болуы мүмкін деп ойлайсың?

Егер әкімдік заңды талап етсе, отбасы не істеуі керек?

Отбасы қандай жағдайда әкімдік шешіміне қарсы шағымдана алады?

Бұл жағдаятта әділетті шешім қандай болар еді? Неліктен?

Осындай жағдай өз басыңда немесе танысыңда болған жағдайда не істер едің?

2-кейс: Бала құқығы мен отбасының тәрбиелеу міндеті

Жағдаят: 13 жасар Нұрсұлтан кешкі уақытта достарымен жиі қыдырып жүреді, ал ата-анасы оған тыйым салмақ болады. Нұрсұлтан өзін шектеп жатыр деп ойлайды және өзінің «еркіндігін» қорғауға тырысады.

Құқықтық талдау: ҚР Неке және отбасы кодексінің 70-бабының 2-тармағына сәйкес, ата-аналар баланың адамгершілік, психикалық және рухани дамуы үшін жауап береді. Ата-аналардың тәрбие беру құқығы мен міндеті бар. Сонымен бірге, бала да өз жасына сай құқықтарды иеленеді, алайда бұл құқықтар ата-анасының тәрбиелеу міндетіне қайшы келмеуі тиіс. Бұл жағдайда ата-ана баланың қауіпсіздігі мен дамуын қамтамасыз ету үшін шектеу қоюға құқылы.

2-кейсті орындау бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар:

1. Рөлдік ойын: «Тәрбиелеу және құқықтар туралы келіссөз». Мақсаты: Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері арасындағы балансты түсіну және ата-аналар мен балалар арасындағы келіссөз жүргізуді үйрену. Рөлдік ойын барысында білім алушылар ата-аналар мен балалар арасындағы пікірталасты шешудің жолдарын іздейді.

2. Құқықтық талдау (заңдарға сүйене отырып). Мақсаты: Білім алушыларды нақты заңдармен жұмыс істей отырып, құқықтық шешімдер қабылдауға үйрету. Мұғалім білім алушыларға ҚР Неке және отбасы кодексінің 70-бабының 2-тармағын немесе басқа да заңнамалық актілерді (мысалы, Бала құқықтары туралы конвенция) бөліп береді. Білім алушылар осы заңға сүйене отырып, жағдаяттың құқықтық талдауын жасайды. Талқылау барысында білім алушылар заңның қалай жұмыс істейтінін түсініп, нақты жағдайға қатысты құқықтық шешім ұсынады.

3. Әлеуметтік әділеттілік туралы пікірталас. Мақсаты: Білім алушыларға әлеуметтік әділеттілік, құқықтар мен міндеттер арасындағы баланс туралы ойлауға мүмкіндік беру. Тақырып: «Баланың еркіндігі мен ата-ананың тәрбиелеу міндеті арасындағы баланс: қайсысы маңызды?» Әр топ өз пікірін дәлелдеп, қарсы топтың аргументтеріне жауап береді. Мұғалім дискуссия кезінде оқу барысында құқықтық және әлеуметтік әділеттілік тұрғысынан не дұрыс шешім болатынын анықтайды.

4. «Құқықтық кеңес беру» тренингі. Мақсаты: Білім алушыларға құқықтық кеңес беру дағдыларын дамыту. Мұғалім білім алушыларға екі түрлі жағдай береді: бір жағдай – ата-анасы баланың іс-әрекетін шектегенде, екінші жағдай – баланың өзінің құқығы бұзылғанда. Білім алушылар бұл жағдайларды шешу үшін құқықтық кеңес береді. Әрбір топқа өз ұсынысымен бір шешім ұсыну тапсырмасы беріледі. Білім алушылар заң негізінде ұсынған шешімдері арқылы құқық қорғаушы ретінде қандай әрекеттер жасау керектігін үйренеді.

5. Білім алушыларға топтық жұмыс тапсырмасы беріледі: «Бала құқығы және ата-ананың міндеттері» тақырыбы бойынша шағын жоба құру. Жобада білім алушылар: Бала құқығы мен ата-ананың міндеттерін сипаттайды. Құқық қорғаушы немесе адвокат ролінде мәселені шешу жолдарын ұсынады. Баланың еркіндігі мен қауіпсіздігі арасындағы теңдікті талдайды.

2-кейсті орындау бойынша білім алушыларға арналған бағыттаушы сұрақтар:

Нұрсұлтанның қандай құқықтары бар? Олар неге маңызды?

Ата-аналардың Нұрсұлтанға қойған шектеуі әділ ме? Неге?

Еркіндік пен жауапкершілік арасында қандай байланыс бар деп ойлайсың?

Баланың құқығы ата-ананың тәрбиелеу міндетіне қайшы келген жағдайда не істеу керек?

ҚР заңына сәйкес ата-ананың бала тәрбиелеудегі міндеттері қандай?

Егер сен ата-ана болар болсаң, балаларыңа қандай шектеу қояр едің және не себепті?

Қауіпсіздік пен еркіндік – қайсысы маңыздырақ? Бұл екеуін қалай теңестіруге болады?

3-кейс: Ажырасқан ата-аналардың баламен қатынасы

Жағдаят: Ата-анасы ажырасқаннан кейін, 12 жасар Аружан тек анасының қолында қалады. Бірақ ол әкесімен де араласқысы келеді. Алайда анасы оған тыйым салып, байланыс орнатуға мүмкіндік бермейді.

Құқықтық талдау: ҚР Неке және отбасы кодексінің 61-бабына сәйкес, бала ата-анасының екеуімен де араласуға құқылы. Бұл құқық еш жағдайда шектелмеуі тиіс. Егер анасы әкесінің баламен кездесуіне рұқсат бермесе, әке немесе бала сотқа немесе қорғаншылық органына жүгіну арқылы бұл құқықты қорғай алады.

3-кейсті орындау бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар:

1. Рөлдік ойын: «Ата-аналар мен балалар арасындағы құқықтар»

Мақсаты: Білім алушыларды ата-аналар мен балалар арасындағы құқықтық қатынастарды талдауға, балалардың өз құқықтарын қорғауға үйрету. Білім алушылар құқықтар мен міндеттерді талқылайды, заңды тұрғыда ата-ананың әрекеттері мен баланың құқықтарын қалай қорғауға болатынын түсіндіреді.

2. Құқықтық талдау. Мақсаты: Білім алушылардың заңдарға сүйене отырып, құқықтық шешімдер қабылдауды үйрету. Нұсқаулық: Білім алушыларға ҚР Неке және отбасы кодексінің 61-бабын оқуға тапсырма беріледі. Білім алушылар өздерінің құқықтық шешімдерін ұсынады, мұғалім олардың шешімдерін талқылайды және дұрыс шешімдер мен қадамдарды көрсетеді.

3. Пікірталас: «Баланың құқығы мен ата-ананың жауапкершілігі арасындағы тепе-теңдік». Мақсаты: Білім алушыларды баланың құқықтарын қорғау мен ата-ананың жауапкершіліктері туралы пікірталасқа тарту. Мұғалім пікірталастан кейін баланың құқықтарының негізінде ата-аналардың міндеттерін қайта қарастырады.

4. «Құқық қорғаушы» тренингі. Мақсаты: Білім алушыларды ата-аналар арасындағы құқықтық дауларды шешуге үйрету. Білім алушылар нақты жағдайға қатысты заңды кеңес беріп, шешім ұсынады.

5. Құқықтық сауалнама. Мақсаты: Білім алушылардың құқықтық білімін тексеру және нығайту. Мұғалім білім алушыларға сауалнама немесе тест таратады, онда баланың құқықтарын қорғау, ата-аналар арасындағы келісім мәселелері бойынша сұрақтар болады. Сауалнама нәтижелері бойынша мұғалім білім алушылардың құқықтық сауаттылығын тексеріп, қажетті түсініктемелер береді.

3-кейсті орындау бойынша білім алушыларға арналған бағыттаушы сұрақтар:

Ата-ананың баланы тәрбиелеуге және оның дамуына жауапкершілігі қандай?

Егер Аружан анасы берген шектеулерге қарсы болса, ол қандай қадамдар жасай алады?

Егер анасы Аружанға әкесімен кездесуіне рұқсат бермесе, ол қандай заңды әрекеттер жасай алады?

Егер сіз Аружанның адвокаты болсаңыз, оған қандай кеңес берер едіңіз? Оның құқығын қалай қорғауға болады?

Қоғамда ата-аналардың ажырасқаннан кейін баланың екі ата-анасымен де араласу құқығының сақталуы маңызды ма? Неліктен?

4-кейс: Отбасы мүшесіне қамқорлық жасау

Жағдаят: Ер жеткен Жанболат жоғары оқу орнын бітіріп, жұмыс істей бастайды. Оның қарт анасы зейнеткер, науқас. Жанболат анасымен бірге тұрғысы келмейді және оған көмектесуге міндетті емеспін деп есептейді.

Құқықтық талдау: ҚР Неке және отбасы кодексінің 145-бабына сәйкес, еңбекке жарамды кәмелетке толған балалар еңбекке жарамсыз ата-аналарын бағып-қағуға міндетті. Егер Жанболат анасына көмектесуден бас тартса, анасы сот арқылы алимент талап ете алады. Бұл – отбасының өзара жауапкершілігі мен әлеуметтік маңызының көрінісі.

4-кейсті орындау бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар:

1. Рөлдік ойын: «Отбасының жауапкершілігі». Мақсаты: Білім алушыларды отбасы мүшелерінің бір-біріне деген жауапкершілігі туралы түсінік қалыптастыруға үйрету. Білім алушыларға рөлдер бөлінеді: Жанболат, оның анасы, заңгер, сот орындаушысы, алимент өндіру бойынша маман. Білім алушыларға заң мен мораль арасындағы байланысты түсінуге, отбасы мүшелерінің өзара жауапкершілігін қалыптастыруға көмек көрсету.

2. Құқықтық талдау. Мақсаты: Білім алушыларға заңды тұрғыда шешім қабылдауды үйрету. Білім алушыларға ҚР Неке және отбасы кодексінің 145-

бабын оқуға тапсырма беріледі. Мұғалім білім алушылармен бірге заңның бұл жағдайға қалай ықпал ететінін талдайды, анасын күтуге қатысты Жанболаттың құқықтық міндетін нақтылап көрсетеді.

3. Пікірталас: «Отбасы мүшелерінің бір-біріне жауапкершілігі». Мақсаты: Білім алушыларды отбасындағы өзара жауапкершілікті талқылауға тарту.

1-топ: Жанболаттың анасын күтуге міндетті екенін, бұл заңмен бекітілген жауапкершілік екенін дәлелдейді. 2-топ: Жанболаттың өз таңдауын жасау құқығы бар екенін және бұл мәселенің жеке шешілетінін айтады. Әр топ өз пікірін дәлелдейді, қарсы тараптың аргументтеріне жауап береді. Мұғалім пікірталастан кейін білім алушылардың пікірлерін талқылайды, заң тұрғысынан қандай шешімдер дұрыс екенін көрсетеді.

4. Құқықтық сауалнама. Мақсаты: Білім алушылардың құқықтық білімін тексеру. Білім алушыларға сауалнама немесе тест таратылады. Сауалнамада отбасы мүшелерінің бір-біріне қатысты құқықтары мен міндеттері туралы сұрақтар болады.

5. «Құқықтық шешім қабылдау» жобасы. Мақсаты: Білім алушыларға отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері бойынша нақты шешімдер қабылдауға үйрету. Білім алушыларға жоба тапсырмасы беріледі. Жоба бойынша олар Жанболаттың жағдайына қатысты нақты әрекеттер жоспарын ұсынуы керек. Қалай ол өзінің міндеттерін орындап, анасын күтуге көмектесуі керек? Білім алушылар бұл жағдайды заңды тұрғыда қалай шешу керектігін анықтап, шешімдер ұсынады. Жобалар қорғауға беріледі, білім алушылар өз ұсыныстарын жариялайды.

4-кейсті орындау бойынша білім алушыларға арналған бағыттаушы сұрақтар:

Егер Жанболат анасын күтуге бас тартса, оның қандай құқықтық міндеттемелері болады?

Жанболаттың жағдайында, анасының алимент талап ету құқығы бар ма?

Қалай ойлайсыз, отбасы мүшелерінің арасындағы қамқорлық жауапкершілігін заңмен бекіту қаншалықты маңызды?

Ата-анасына қамқорлық жасау міндеті баланың моральдық немесе заңды міндеті ме?

Балалардың әлеуметтік жауапкершілігін қалай арттыруға болады?

5-кейс: Отбасы – тұлға қалыптасуының негізі

Жағдаят: Мектеп білім алушысы Әлияның ата-анасы үнемі жұмыста, балаға уақыт бөлмейді. Баласымен жиі сөйлеспейді, тәрбие мәселелеріне қатыспайды. Соның салдарынан Әлияның мінез-құлқында өзгерістер байқалады.

Құқықтық талдау: ҚР Неке және отбасы кодексінің 70-бабының 2-тармағында ата-аналар баланың дамуына қажет жағдай жасауға, оның тәрбиесімен айналысуға міндетті деп көрсетілген. Бұл – отбасының қоғамдағы маңызды рөлін, оның тұлға қалыптастырудағы шешуші маңызын дәлелдейді. Ата-аналар өз міндеттерін атқармаған жағдайда, мектеп немесе әлеуметтік педагогтар бұл мәселені қорғаншылық органына хабарлай алады.

5-кейсті орындау бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар:

1. «Отбасы – тұлға негізі» тақырыбында пікірталас. Мақсаты: Білім алушыларды отбасының бала тәрбиесіндегі рөлін түсінуге және бағалауға үйрету. 1-топ: Отбасы – бала тұлғасының негізгі қалыптасу ортасы. 2-топ: Мектеп пен қоғамның әсері басым. Топтар дәлелдер келтіреді, нақты мысалдармен сөйлейді. Мұғалім қорытынды жасай отырып, отбасылық тәрбие мен жауапкершілік туралы заң нормаларына сүйеніп түсініктеме береді.

2. Құқықтық жағдайды талдау. Мақсаты: Білім алушыларды нақты жағдаят арқылы құқықтық шешім қабылдауға баулу. Білім алушыларға Әлияның жағдайын оқуға тапсырылады.

3. Рөлдік ойын: «Отбасылық кеңес». Мақсаты: Білім алушыларды эмоциялық және құқықтық тұрғыда отбасылық рөлдерді түсінуге үйрету. Сценарий: Әлияның тәртібіндегі өзгерістер байқалып, сынып жетекшісі ата-аналармен сөйлесуге шақырады. Мақсат – отбасындағы тәрбиенің жетіспеу салдарын анықтап, бірге шешу жолдарын ұсыну.

4. Мини-жоба: «Менің отбасым – менің тірегім». Мақсаты: Білім алушылардың отбасындағы қарым-қатынасын бағалап, маңызды құндылықтарды ұғындыру. Қорғау кезінде мұғалім отбасылық тәрбие мен құқықтық жауапкершілікке назар аударады.

5-кейсті орындау бойынша білім алушыларға арналған бағыттаушы сұрақтар:

Сенің өмірінде отбасың қандай құндылықтарды үйретті?

Ата-ана тәрбиемен айналыспағанда, балаға қандай зиян келуі мүмкін?

Әлияның жағдайында мектеп қандай қадамдар жасауы керек?

Сенің отбасың сенің дамуыңа қалай ықпал етеді?

Баланың тәрбиесіне отбасы мен мектеп бірлесе қалай әсер ете алады?

Астана қаласы. М. Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі педагог-зерттеуші Рахымжан Бағдагүл Рахымжанқызы тәжірибесінен 9-сыныпқа арналған «Азаматтық құқық» бөлімі бойынша оқу процесінде келесі кейстерді қолдану ұсынылады.

Бөлім: «Азаматтық құқық»

Тақырып: Азаматтық құқық қоғамдық қатынастарды қалай реттейді?

Оқу мақсаты: 9.3.1.1 азаматтық құқық ұғымы мен қағидаларын түсіндіру.

1-кейс. Көрші дауы

Жағдаят: Алматы қаласында тұратын азамат Айнұр мен оның көршісі Бауыржан жеке тұрғын үйде тұрады. Айнұр үйінің артқы жағында шағын жылыжай (теплица) орнатты. Жылыжайдан кейде түтін шығып, иіс тарайды, бұл көршісі Бауыржанға ұнамайды. Ол бірнеше рет Айнұрға ескерту жасаған, бірақ нәтиже болмаған соң, сотқа шағым түсірді.

1-кейсті орындау бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар:

Құқықтық талдау : ҚР Азаматтық кодексі (жалпы бөлім):

188-бап (Меншік құқығының мазмұны): Меншік иесі мүлкін өз қалауынша иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге құқылы. Бірақ бұл құқықты жүзеге асыру кезінде басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбауы тиіс.

272-бап (Меншік иесінің өз құқығын асыра пайдалануға жол бермеуі): Меншік иесі өз құқығын жүзеге асыру кезінде көршілеріне және қоғамға зиян келтірмеуі тиіс.

Айнұр өз ауласында жылыжай орнатты – бұл оның меншік құқығы. Меншік иесі өз мүлкін *иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге* құқылы. Бірақ бұл *басқа адамдардың құқықтарын бұзбауы* керек.

Азаматтық кодекстің 272-бабы бойынша, меншік иесі өз құқығын іске асыру кезінде басқа адамдарға қолайсыз жағдай тудырмауы тиіс.

Егер жылыжайдан шыққан түтін, иіс санитарлық нормаларды бұзса немесе көршіге нақты зиян келтірсе – бұл көршінің құқықтарын шектеу болып саналады.

2- Кейс. Жер теліміне заңсыз кіру

Жағдаят: Марат Алматы облысының маңындағы ауылда жеке тұрғын үй мен оған тиесілі жер телімінің иесі болып табылады. Бір күні көршісі Ерлан шөп шабу маусымында техникаларымен өту үшін Мараттың жер телімінен рұқсатсыз бірнеше рет өткен. Марат бұл әрекетті байқап, Ерланға ескерту жасаған. Алайда Ерлан:

«Бұл жол бұрыннан бар, бәрі өтіп жүрген жер ғой. Мен ештеңе бүлдірген жоқпын» – деп жауап береді. Кейін Марат жер теліміне келтірілген зиянды (шөптің тапталуы, топырақтың бүлінуі) көріп, Ерланды сотқа беріп, келесіні талап етеді:

Мүліктік зиянның орнын толтыруды;

Келешекте жер теліміне рұқсатсыз кірмеуді міндеттеуді;

Жеке меншікке қол сұққаны үшін заңдық жауапкершілікке тартуды.

Құқықтық талдау: ҚР Конституциясы (6-бап, 2-тармақ): «Жекеменшікке қол сұғуға болмайды. Меншікке заңмен кепілдік беріледі».

ҚР Азаматтық кодексі (АК):

188-бап. Меншік құқығының мазмұны: Меншік иесі мүлікті иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге құқылы.

272-бап. Меншік иесінің құқығын қорғау: Өзінің меншігіне заңсыз кірген, зиян келтірген тұлғаларға қарсы меншік иесі өз құқығын қорғау мақсатында талап қоя алады.

9-бап (Азаматтық құқықтарды қорғау): Азаматтық құқықтар бұзылған жағдайда, тұлға бұл құқықтарды қорғау үшін сотқа жүгінуге құқылы.

Мараттың құқықтық жағдайы:

Марат меншік иесі ретінде өз жерін өз қалауы бойынша пайдалануға құқылы.

Ерланның рұқсатсыз әрекеттері – Мараттың меншік құқығын бұзу.

Мараттың жер телімін қорғауға және зиянның орнын толтыруды талап етуге толық заңды негізі бар.

Ерланның әрекеті:

Жер теліміне рұқсатсыз кіру – бұл меншікке қол сұғу.

Шөпті басып, техникалармен өту арқылы мүліктік зиян келтірілген.

Егер жер телімі ресми түрде Мараттың иелігінде болса және жерді пайдалануға құқық келісімі болмаса, оның «бұрыннан өтіп жүрген жол» деген уәжі – құқықтық негіз болмайды.

3-кейс. Қарыз берілді, қайтарылмады

Жағдаят: Айбек есімді азамат өзінің танысы Нұрсұлтанға 2 000 000 теңге сомасында қарыз ақша береді. Қарыз жеке келісім арқылы, бірақ жазбаша шартпен рәсімделген, оған екі жақ та қол қойған. Келісім бойынша: қарыз 6 ай ішінде қайтарылуы тиіс, қарызға ешқандай пайыз есептелмейді, қарыз толық сомамен 2024 жылдың 1 шілдесіне дейін қайтарылуы керек. Уақыт өтіп, Нұрсұлтан қарызды қайтармайды. Айбек бірнеше рет хабарласқанымен, Нұрсұлтан түрлі себептер айтып уақытты созып жүреді. Нәтижесінде Айбек 2024 жылдың қазан айында сотқа жүгініп, өз қаражатын қайтаруды талап етеді.

Құқықтық талдау:

ҚР Азаматтық кодексі: *715-бап Қарыз шарты бойынша* бір тарап (қарыз беруші) екінші тарапқа (қарыз алушыға) ақша немесе басқа мүлікті береді, ал қарыз алушы келісілген мерзімде дәл сондай мүлікті (немесе ақшаны) қайтаруға міндеттенеді.

272-бап Құқықтардың бұзылуы бойынша Азаматтың немесе заңды тұлғаның бұзылған құқықтары қалпына келтірілуі тиіс.

9-бап Азаматтық құқықтарды қорғау тәсілдері: Шартты мәжбүрлі түрде орындау, зиянды өтеу, әділетсіз мәмілені жарамсыз деп тану т.б. арқылы жүзеге асады.

Тақырып: Қалай меншік иесі бола аламыз?

Оқу мақсаты: 9.3.2.1 меншік түрлерін анықтау; 9.3.2.2. меншік құқығына ие болудың және тоқтатылудың жолдарын, құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы анықтау:

1-кейс. «Қайраттың үйі және мұрагерлік дауы»

Жағдаят: Қайрат есімді азамат Алматы қаласында жеке тұрғын үйдің иесі болған. Ол 2022 жылы қайтыс болды. Оның артында әйелі (Зәуре) және екі баласы қалды. Қайрат ешқандай өсиет қалдырмаған. Қайраттың қайтыс болғанынан кейін 1 жылдан соң оның туған інісі (Самат) осы үйге меншікке таласып, мұрагерлікке құқығы бар екенін мәлімдейді.

Алайда Зәуре мен балалары бұл үй тек жақын туыстарға тиесілі екенін айтып, Саматтың талабына қарсы шықты.

Құқықтық талдау:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім):

1046-бап – Мұра ашылған кез: Мұра мұра қалдырушы қайтыс болған күннен бастап ашылады.

1061-бап – Заң бойынша мұрагерлік кезектері:

- *бірінші кезекте* мұра қалдырушының балалары, жұбайы және ата-анасы мұрагер болады.

- *екінші кезекте* – аға-інілері, әпке-қарындастары, атасы мен әжесі (егер бірінші кезектегілер болмаса немесе қабылдмаса).

- *1071-бап* – мұрагерлікті қабылдау мерзімі: Мұрагерлік 6 ай ішінде қабылдануы керек. Бұл мерзімде арыз берілмесе – (егер сот арқылы қалпына келтірілмесе) құқығынан айырылады.

Шешім:

1. Қайраттың артында өсиет қалмаған, сондықтан мұра заң бойынша бөлінеді (АК 1060-бап).

2. Бірінші кезектегі мұрагерлер – әйелі мен балалары. Олар мұраны қабылдаса – Самат (інісі) мұрагер бола алмайды.

3. Самат тек екінші кезектегі мұрагер болғандықтан, егер бірінші кезектегілер болса және қабылдаса – оның құқығы жоқ.

4. Сонымен қатар, Самат мұраны 6 ай мерзімде қабылдамаған, сондықтан оның талап ету мерзімі өтіп кеткен (АК 1071-бап).

2-кейс: «Айдананың пәтерін сыйға беру және меншік құқығының тоқтауы»

Жағдаят: Айдана Алматы қаласынан 2020 жылы өз атына тіркелген 2 бөлмелі пәтерді сатып алған. 2024 жылы ол бұл пәтерді туған сіңлісі Аружанға сыйға береді. Сыйға тарту шарты нотариус арқылы рәсімделіп, Аружанның атына тіркеледі. 2025 жылы Айдана өз шешіміне өкінеді және бұл пәтерді қайтаруды талап етеді. Ол Аружанмен ренжісіп қалғанын, әрі оны қысыммен сыйға тартуға мәжбүр болғанын алға тартады.

Құқықтық талдау: Меншік құқығына ие болу жолы:

ҚР Азаматтық кодексі: *235-бап:* Меншік құқығы сыйға тарту, сатып алу, мұрагерлік және т.б. заңды негіздер бойынша туындайды.

– *506-бап* – Сыйға тарту шарты: Сыйға тарту шарты бойынша бір тарап (сый беруші) мүлікті екінші тарапқа (сый алушыға) қайтарымсыз береді.

– *223-бап:* Жылжымайтын мүлікке меншік құқығы мемлекеттік тіркеуден кейін туындайды.

Аружанның атына пәтер тіркелген, демек – меншік құқығы пайда болды.

Меншік құқығының тоқтауы:

249-бап: Меншік құқығы иесінің өзі мүліктен бас тартқанда немесе мүлік сыйға тартылғанда тоқтайды.

509-бап: Егер сыйға тарту кезінде қысым, алдау немесе психологиялық зорлық болғаны дәлелденсе – шарт жарамсыз деп танылып, меншік құқығы қайтадан бұрынғы иесіне өтуі мүмкін.

Қорытынды:

– Айдана сыйға тарту шартын өз еркімен жасаған және мүлікті тіркеген болса – меншік құқығы тоқтаған (АК 249-бап).

– Аружан – пәтердің заңды меншік иесі (АК 235, 223-баптар).

– Егер Айдана сотта сыйға тарту мәжбүрлі түрде жасалғанын дәлелдесе, шарт жарамсыз деп танылып, меншік құқығы қалпына келуі мүмкін (АК 157-бап – Жарамсыз мәміле туралы).

Тақырып: Азаматтық-құқықтағы міндеттемелер қандай жауапкершіліктерді туындатады?

Оқу мақсаты: 9.3.3.1 азаматтық құқықтағы міндеттемелерді талдап, жауапкершіліктерін анықтау.

1- кейс: Тұрғын үйді жалға алу (Жалға алу шарты)

Марат пәтерін 1 жылға жалға берді. Жалға алушы Әлия 6 айдан кейін жалдау ақысын төлеуді тоқтатты және пәтерді босатпай отыр.

Құқықтық талдау:

– ҚР АҚ 540-бабы – Жалға алушы мүлікті пайдаланғаны үшін жалдау ақысын уақтылы төлеуге міндетті.

– ҚР АҚ 553-бабы – Жалдаушы шартты бұзуға құқылы, егер жалға алушы жалдау ақысын уақытында төлемесе.

Шешім: Марат жалдау шартын бұзып, сот арқылы пәтерден шығару мен қарызды өндіруді талап ете алады.

2-кейс: Жүкті тасымалдау (Жеткізу шарты) Қайрат интернет-дүкеннен тоңазытқыш сатып алды. Жеткізу қызметі тауарды түсіру кезінде бүлдіріп тастады. Компания «біз жауап бермейміз» деп жауап берді.

Құқықтық талдау:

– ҚР АҚ 688-бабы – тасымалдаушы жүктің бүлінуі немесе жоғалуына жауапты.

– ҚР АҚ 689-бабы – жүкті бүлдіргені үшін тасымалдаушы залалды өтеуге міндетті.

Шешім: Қайрат бүлінген мүлік құнын толық өтеуді талап ете алады немесе жөндеу шығындарын төлетеді.

Тақырып: Біз тұтынушы ретінде өз құқығымызды білеміз бе?

Оқу мақсаты: 9.3.4.1. тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын ұсыну.

1-кейс: Сапасыз аяқ киім сатып алу

Аружан дүкеннен 45 000 теңгеге аяқ киім сатып алды. 5 күннен кейін аяқ киімнің табаны ашылып, түсі кетіп қалды. Аружан дүкенге барып, аяқ киімді қайтарғысы келді, бірақ сатушы: «Киіп қойғансыз, енді алмаймыз», – деп бас тартты.

Құқықтық талдау:

Бұл жағдайда тұтынушының құқығы бұзылған, өйткені:

ҚР «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңы.

8-бап. Тұтынушы қауіпсіз және сапалы тауар алуға құқылы.

14-бап. Егер тауар сапасыз болса, тұтынушы: басқа сапалы тауарға айырбастауды, ақшасын қайтаруды, тауардың бағасын төмендетуді, тегін жөндеуді талап ете алады.

Тауар кемшілігі 14 күн ішінде анықталса, тұтынушы толық ақшасын қайтаруды талап етуге құқылы (мұндай мерзім тұтыну тауарларына қатысты қолданылады).

Шешім: Аружан не істей алады?

1. Қайтару немесе айырбастау талабымен және чек, өнімнің фото-видеосын және ақауларын тіркеу арқылы дүкенге жазбаша түрде талап қою.

2. Сатушы жауап бермесе – Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетіне немесе «Тұтынушылар Одағына» шағымдану.

3. Сотқа талап арыз беру:

ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексі бойынша, тұтынушы сот алымын төлемейді.

2-кейс: Қызмет көрсету сапасыз орындалды (Ұялы байланыс операторы)

Берік интернет-пакет сатып алып, айына 4 500 теңге төлеп жүр. Бірақ бірнеше күн бойы интернет мүлде жұмыс істемеді. Берік байланыс операторына бірнеше рет хабарласса да, еш нәтиже шықпады. Интернет қызметі толық 6 күн жұмыс істемеді, бірақ төлем сол күйі алынды.

Құқықтық талдау:

Берік – қызметті тұтынушы, ал оператор – қызмет көрсетуші. Мұнда көрсетілген қызмет сапасыз, толық емес көлемде көрсетілді.

ҚР «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңы:

8-бап, 3-тармақ: Тұтынушы сапалы қызмет алуға құқылы.

14-бап, 2-тармақ: Сапасыз қызмет көрсетілген жағдайда тұтынушы:

- қызмет құнын толық немесе жартылай қайтаруды,
- қызметті қайта сапалы көрсетуді,
- шығынды өтеуді талап ете алады.

ҚР Азаматтық кодексі, 683-бабы бойынша:

Мердігер (қызмет көрсетуші) жұмысты уақтылы және сапалы орындауға міндетті.

Шешім: Берік не істей алады?

Операторға жазбаша талап жіберу:

Шарт бойынша интернет қызметінің сапасыз көрсетілгенін айтып, ақшаны қайтаруды сұрау.

Төлемді қайта есептеуді талап ету: Мысалы: ай сайынғы 4500 тг төлем → күніне ~150 тг. 6 күн x 150 тг = 900 тг қайтаруды немесе есептен шығаруды талап ете алады. Тұтынушылардың құқығын қорғау органына шағым беруді ЭЦҚ арқылы eGov.kz сайтында онлайн жасауға болады.

10 - 11-сыныптарда кейстер білім алушыларға білімді тәжірибелік тұрғыдан қолдануға, талдамалық және сыни ойлау дағдыларын дамытуға, сондай-ақ құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Кейс тақырыптары мен ұсынылатын мазмұны төмендегідей бөлімдер бойынша жіктеледі:

1. Құқық және мемлекет. Құқықтың қоғамдық тәртіп пен әділеттілікті қамтамасыз етуі үшін жеке қатынастарға араласуын сипаттайтын нақты мысалды зерттеу. Әртүрлі мемлекеттік органдар арасындағы өкілеттікке қатысты дау туындаған жағдайды қарастыру және мұндай дауды шешуде құқық жүйесінің қалай көмектесетінін талдау. Қандай құқық саласы нақты жағдайға қолданылатынын анықтау қажеттілігі туындаған мысалды зерттеу және бұл таңдауды негіздеу. Азаматтың өз құқықтарының бұзылуымен бетпе-бет келетін жағдайды талдау және құқықтық мемлекетте бұл құқықтарды қорғау тетіктерін

талқылау. Қоғамдық маңызы бар мәселені шешу үшін мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы ынтымақтастықтың мысалын қарастыру.

2. *Жария құқық.* Адам құқықтарының бұзылу жағдайы бар істерді зерттеу және бұл құқықтарды қорғаудың мүмкін жолдарын талдау. Құқық қорғау органдарының қылмыстың алдын алу және азаматтардың құқықтарын қорғау жолында тиімді әрекет ететін жағдайын қарастыру. Конституциялық нормалардың азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы рөлін көрсететін нақты істі талдау және бұл нормаларды жүзеге асыру тетіктерін талқылау. Конституциялық соттың заңдардың Конституцияға сәйкестігін тексеретін жағдайын қарастыру және оның құқықтық мемлекеттегі рөлін бағалау. Әкімшілік және қылмыстық құқық нормалары нақты құқық бұзушылыққа қалай қолданылатынын зерттеу және бұл нормалар құқық бұзушы үшін қандай салдарға әкелетінін талдау. Құқық бұзушылықты қылмыс ретінде саралау қажет болатын жағдайды талдау және тиісті жазаны анықтау.

3. *Жеке құқық.* Тараптар азаматтық шарт жасайтын жағдайды зерттеу және шарт бойынша олардың құқықтары мен міндеттерін талдау. Шарт талаптары бұзылған немесе сапасыз тауар сатылған жағдайда тұтынушының өз құқықтарын қорғау мысалын талқылау. Некеге тұру және оны бұзу шарттары қарастырылатын жағдайды талдау және ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттерін талқылау. Ата-аналар мен балалар өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыратын жағдайды қарастыру, ықтимал жанжалдарды талдау және оларды шешу жолдарын ұсыну. Жұмысшы мен жұмыс беруші еңбек шартына қол қоятын жағдайды зерттеу және олардың құқықтары мен міндеттерін талдау.

4. *Процессуалдық (іс жүргізу) құқық негіздері.* Әділеттілік пен бейтараптықты қамтамасыз ету мәселелері қарастырылатын сот процесін талдау. Азамат әкімшілік іс жүргізу барысында өз құқықтарын қорғайтын жағдайды қарастыру және оған қолжетімді қорғану құралдарын талдау. Сот жазаны тағайындау кезінде гуманизм қағидатын қолданатын жағдайды қарастыру және оның мәнін талқылау.

5. *Халықаралық құқық.* Халықаралық құқықтық актілердің ұлттық деңгейде адам құқықтарын қорғауда маңызды рөл атқаратын жағдайын талқылау.

Кейс әдісін қолдана отырып сабақ жоспарлау кезінде келесі талаптарды сақтау ұсынылады:

1) *Кейстің құрылымына қойылатын талаптар:* Оқу мақсаттары мен сабақтың мақсаттарына сәйкестігі. Түсінікті, қызықты, қарапайым тілмен жазылуы. Проблемасы бар (қайшылық, мәселе) жағдайды сипаттауы. Мәселенің шешімі туралы нақты сілтеменің болмауы. Түсінуге қажетті әрі жеткілікті ақпаратты қамтуы.

2) *«Құқық негіздері» пәні бойынша сабақтарда кейс-әдісті қолдану алгоритмі:*

1. Білім алушыларды кейс-әдіспен таныстыру. Педагог білім алушыларды алдағы сабақтың тақырыбы және өткізу формасымен таныстырады, кейспен жұмыс істеудің ерекшеліктерін түсіндіреді, белсенді қатысуға ынталандырады.

2. Сыныпты топтарға бөлу. Педагог білім алушыларды топтарға бөледі / білім алушылар өздері бөлінеді. Топтағы оңтайлы адам саны — 3–5 оқушы. Әр топ өз жұмысын дербес атқарады. Әр топтан капитан сайлайды. Капитанның міндеттері: Барлық идеяларды жазып алу; Идеяларға сын айтпау, ұсыныстарды топтастыру; Топ ішіндегі жұмысты ұйымдастыру.

3. Кеспен жұмысты ұйымдастыру:

а) Кейсті таныстыру. Мақсаты: білім алушылардың қызығушылығын арттыру, құқықтық жағдайға ену. Педагог нақты немесе модельденген құқықтық қайшылық не белгісіздік бар жағдайды білім алушыларға ұсынады. Кейстің тақырыппен (мысалы: тұтынушы құқықтарын қорғау, қылмыстық жауапкершілік, еңбек шарты т.б.) тығыз байланысты болуы маңызды.

б) Жағдайды талдау. Мақсаты: құқықтық ойлау мен нормативтік құқықтық актілермен жұмыс істеу дағдысын дамыту. Білім алушылар мәтінді оқып, негізгі фактілерді анықтайды (кім? не болды? мәселе неде?). Қандай құқықтық нормалар мен қағидаттар қолданылатынын анықтайды. Заңи сұрақтарды тұжырымдайды: құқық бұзылды ма? бұзылса — қандай? жауапты кім?

в) Шешімдер әзірлеу. Мақсаты: құқықтық білімді тәжірибеде қолдануға үйрету. Білім алушылар кейстегі қатысушыға арналған мүмкін шешімдер мен іс-қимыл алгоритмдерін әзірлейді. ҚР Конституциясы, Азаматтық кодекс, Қылмыстық кодекс, Еңбек кодексі және басқа нормативтік актілерді қолданады. Заңдық шешімнің неге дәл осы нұсқасы дұрыс әрі тиімді екенін негіздейді.

г) Талқылау және дәлелдеу. Мақсаты: заң тұрғысынан дәлелдеу мен өз ұстанымын жария түрде қорғау дағдысын дамыту. Әр топ (немесе оқушы) өз шешімін ұсынады. Басқа білім алушылар сұрақ қойып, күмән келтіреді немесе қарсы уәж айтады. Педагог пікірталасқа бағыт беріп отырады.

д) Альтернативті шешімдерді талқылау. Мақсаты: құқықта бірнеше заңды шешім болуы мүмкін екенін көрсету. Түрлі тәсілдердің артықшылықтары мен кемшіліктері қарастырылады. Заңдық, этикалық, әлеуметтік қырлары ескеріледі. Педагог сот шешімі немесе "идеалды" нұсқаны ұсынуы мүмкін. Білім алушылар оны өз шешімдерімен салыстырады, ықтимал тәуекелдер мен салдарларды талқылайды.

е) Кері байланыс. Мақсаты: білімді бекіту және қателерді түзету. Педагог әр шешімге егжей-тегжейлі пікір білдіреді. Қай тұсы дұрыс болғанын, не нәрсені жақсартуға болатынын түсіндіреді. Заңды қате түсінулер, дәлелдің жеткіліксіздігі немесе ұмыт қалған нормаларға назар аударады. Қажет болса, нақты құқықтық көздер мен сот тәжірибесіне сілтеме береді.

Рефлексия және кейспен жұмыс нәтижесін бағалау: Білім алушылар жұмысының нәтижелерін пәнаралық байланыс тұрғысынан бағалау. Жасалған жұмыстың тиімділігі жөнінде қорытынды жасау. Қалыптасқан шешімдер негізінде білім, білік, тұлғалық қасиеттерді тексеру (бақылау жұмысы, қорытындылау). Білім алушылардың өзіндік бағасы: қандай практикалық білім мен дағдылар алды, қандай тұлғалық қасиеттер дамыды. Педагогтың өзіндік бағасы: сабақ мақсатына жетті ме, кейс-әдіс қаншалықты нәтижелі болды.

Кейсті шешуге ұсынылған нұсқаларды бағалау кезінде нормативтік құқықтық актілерді қолдануы, заң терминдерін дұрыс пайдалануы, құқық нормаларын нақты жағдаятқа сәйкес қолдана білуі, шешімнің өнімділігі мен ұтымдылығы, ұсыныстың ерекшелігі мен түпнұсқалығы, мәселенің қаншалықты шешілгені, жауаптың объективтілігі мен қисындылығы, тәуекелдер мен салдарды ескеруі, сондай-ақ ойының дәлелділігі сияқты критерийлер ескерілуі тиіс.

Алматы қаласы әкімдігінің Б.Алтынсарин атындағы №159 гимназиясының тарих, құқықтану пәні мұғалімі, педагог- шебер Асанбекова Гульмира Сағатовнаның тәжірибесінен

Кейс әдісі білім алушылардың талдау, бағалау дағдыларын жетілдіруге, сондай-ақ командалық жұмыс дағдыларын меңгеруге септігін тигізеді. Сонымен қатар, ол нақты проблемалық жағдайларды ұтымды шешу жолдарын іздестіруге бағыттай отырып, тәжірибелік ойлауды қалыптастырады.

Кейспен жұмысты ұйымдастырудағы педагогтің іс-әрекеті:


- кейсті өзі құрастыру немесе алдын ала әзірленген кейстерді пайдалану;
- білім алушыларды шағын топтарға (4–6 адамнан) бөлу;
- білім алушыларды оқу жағдаятымен, проблеманы шешуді бағалау өлшемшарттарымен және жұмыс мерзімімен таныстыру;
- тапсырмаларды орындау барысын ұйымдастыру;
- шағын топтарда жұмыс жүргізу, баяндамашыларды дайындау және қолдау;
- әр топтың шешімдерін баяндау процесін ұйымдастыру;
- ортақ пікірталасты өткізу;
- кейстік жағдайды педагог тарапынан қорытынды талдау және рефлексия жүргізу.

Білім алушылардың кейспен жұмыс істеу қағидалары:

- кейсті екі рет оқу: бірінші – жалпы мазмұнын түсіну үшін, екінші рет – нақты фактілер мен маңызды мәліметтерді тереңірек ұғыну;
- кейсте берілген кеңестер мен қосымша ақпараттарды мұқият талдау;
- жұмыс істеуге тиісті негізгі проблемалар тізімін жасау;
- егер сандық деректер ұсынылса, оларды бағалап, талдап, түсіндіруге ынталану;
- қолда бар теориялық білімді қолдануға болатын проблемаларды анықтау;
- қазіргі жағдайға негізделген жан-жақты талдау жүргізу;
- проблеманы шешу жолдарын дәлелді түрде ұсыну және оларды нақты негіздермен қолдау;
- өзіндік шешімге негіз болатын сызба, диаграмма немесе модель әзірлеу;
- ресурстар шектеулі жағдайда ұсыныстардың басымдықтарын ескере отырып, нақты әрекет ету жоспарын жасау;
- проблеманың барлық қырлары ескерілгенін тексеру мақсатында жеке іс-әрекет жоспарын бақылау;

– сәтсіздікке ұшырауы ықтимал және жағымсыз салдарға әкелетін шешімдерден бас тарту.

Кейспен жұмыс жасаудағы білім алушының іс-әрекетінің кезеңдері:



«Мемлекет және құқық» бөлімі.

Тақырып: «Адам құқығы мен бостандығы» түсінігі

Сабақтың кіріспе сұрақтары:

– Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары туралы не білесіз?

– Өз құқықтарыңыз бен міндеттеріңіз туралы қайдан, кімнен білдіңіз?

– Бұл құқықтар қайда тіркелген?

– Кім қорғайды?

– Сізге өз құқықтарыңызды қорғауға тура келді ме?

«Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары» Кейстермен жұмыс істеу.

1-топ үшін кейстік жағдаят:

Арна ұялы байланыс салонында сатушы-кеңесші болып жұмыс істейді. Өзінің қызметтік міндеттерін орындауға байланысты ол клиенттерге олардың кіріс және шығыс қосылыстары туралы деректерді ұсыну мүмкіндігіне ие болды. Арнаның танысы Есназар қызының кіріс және шығыс қосылыстары туралы мәліметтерді беруін сұрады. Арна Есназардың өтінішін орындады. Ол өзі деректерді қарап шықпады, алынған ақпаратты жинақтаушыға көшіріп алып, Есназарға берді.

Шешім алгоритмі:

1. Негізгі проблеманы анықтаңыз: бұл жағдайда қандай құқық бұзылды?

2. Бұл жағдайда кімнің құқықтары бұзылды? Құқық бұзушы кім?

3. Ұсынылған нормативтік материалды талдаңыз.
4. Осы жағдайды шешу нұсқасын ұсыныңыз.
5. Шағын көрсетілімді (презентацияны) дайындаңыз (3,4 слайд), өз көзқарасыңызды қорғаңыз (топтан бір өкіл).

Кейске арналған нормативтік құжаттар:

Қазақстан Республикасының Конституциясы. 18-бап:

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі

144-бап. Жеке бастың құпиясын сақтау құқығы

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі

147-бап. Жеке өмірге қолсұғылмаушылықты және ҚР дербес деректер

және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу.

148-бап. Хат жазысу, телефонмен сөйлесу, пошта, телеграф хабарлары немесе өзге де хабарлар құпиясын заңсыз бұзу

2-топ үшін кейстік жағдай: Арлан мас күйінде Мәнишүктен ақша сұрап, өзінің танысы Мәнишүктің жалдамалы пәтеріне келді. Мәнишүк оны кіргізбеді, есікті ашады, қоңырауларға жауап бермеді. Арлан шатырға шығып, терезені сындырып, Мәнишүктің пәтеріне кірді. Бұл әрекеттерге жауап ретінде қыз полицияны шақырған. Арлан ештеңе алмастан пәтерден шығып кетті. Ұсталғаннан кейін ол өзінен бірдеңе алу ниеті болмағанын, жай ғана қарыз алғысы келгенін айтты.

Шешім алгоритмі:

1. Негізгі проблеманы анықтаңыз: бұл жағдайда қандай құқық бұзылды?
2. Бұл жағдайда кімнің құқықтары бұзылды? Бұзушы кім?
3. Ұсынылған нормативтік материалды талдаңыз.
4. Осы жағдайды шешу нұсқасын ұсыныңыз.
5. Шағын көрсетілімді (презентацияны) дайындаңыз (3,4 слайд), өз көзқарасыңызды қорғаңыз (топтан бір өкіл).

Кейс үшін нормативтік құжаттар:

Қазақстан Республикасының Конституциясы

21-бап

1. Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам, заңда көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы бар.

2. Әркімнің Республикадан тыс жерлерге кетуіне құқығы бар. Республика азаматтарының Республикаға кедергісіз қайтып оралуына құқығы бар.

25-бап

1. Тұрғын үйге қол сұғылмайды. Соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

2. Қазақстан Республикасында азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады. Заңда көрсетілген санаттағы мұқтаж азаматтарға тұрғын үй заңмен белгіленген нормаларға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорларынан олардың шама-шарқы көтеретін ақыға беріледі.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі

149-бап. Тұрғынжайға қолсұғылмаушылықты бұзу

1. Тұрғынжайға онда тұратын адамның еркінен тыс заңсыз басып кіру – *екі жүз алтыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.*

2. Күш қолданып не оны қолдану қатерін төндіріп жасалған немесе адамдар тобы жасаған немесе түнгі уақытта жасалған немесе заңсыз тінтумен ұласқан дәл сол іс-әрекет, сол сияқты тұрғынжайдан заңсыз шығару – *екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған іс-әрекеттер – *белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

188-бап. Ұрлық

1. Ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру – *мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

2. адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен; ақпараттық жүйеге заңсыз кіру не телекоммуникациялар желісі бойынша берілетін ақпаратты өзгерту жолымен жасалған ұрлық – *мүлкі тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

3. Ірі мөлшерде; бірнеше рет, тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға не көлік құралына заңсыз кірумен жасалған ұрлық – *мүлкі тәркіленіп, екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

4. Қылмыстық топ жасаған; мұнай-газ құбырынан; аса ірі мөлшерде жасалған ұрлық – *мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

191-бап. Тонау бойынша

1. Тонау, яғни бөтеннің мүлкін ашық жымқыру – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолданып не осындай күш қолдану қатерін төндірген; адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасалған тонау – мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Ірі мөлшерде; бірнеше рет; тұрғын, қызметтік, өндірістік үй-жайға не қоймаға заңсыз кірумен жасалған тонау – мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер оларды: қылмыстық топ жасаса; аса ірі мөлшерде жасалса, – мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

202-бап. Бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру

1. Айтарлықтай залал келтіріп, бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру – бес жүзден екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жүзден алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Өрт қою, жарылыс жасау арқылы немесе өзге де жалпы қауіпті тәсілмен жасалған; абайсызда денсаулыққа ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соққан; жәбірленушінің өзінің қызметтік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты не оның жақын туыстарына қатысты нақ сондай уәждермен жасалған; әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік немесе діни араздық уәжі бойынша жасалған; ірі залал келтірген; адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған; бірнеше рет жасалған дәл сол іс-әрекет – үш мыңнан жеті мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде:

1) абайсызда адам өліміне алып келген;

2) аса ірі залал келтіруге алып келген;

3) қылмыстық топ жасаған іс-әрекеттер – бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

V. «Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары» жедел сауалнамасы: Кейспен жұмыс жасамаған білім алушылар кезекпен педагогтің

«Сіз адамның және азаматтың қандай құқықтары мен міндеттерін білесіз» деген сұрағына жауап береді?

VI. Кейстермен жұмыс нәтижелерін қорғау.

Білім алушылар кейстермен жұмыс бойынша өз нұсқаларын қорғайды.

Педагог топтарда жұмыс істеу үшін ұсынылған жағдайлар бойынша нақты сот шешімдерін оқиды. Білім алушылар нормативтік құжаттарды қолдана отырып, кейс жағдайды шешеді. 1 және 2 топ білім алушылары №1 және №2 кейс жағдайды өз бетінше талдап шешеді.

VII. Жұмыс қорытындылары. Рефлексия (синквейн).

Синквейн түріндегі кері байланыс. Жеке парақтарда орындайды, уақыт болған жағдайда дыбыстауға болады.

4-бөлім. Сот төрелігінің қағидаттары. Құқық қорғау органдары.

Кейс. Қоғамға қарсы іс-әрекеттер үшін кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі туралы жағдайлар:

1) Бірнеше 8-11-сынып білім алушылары мектепте темекі шегіп, мектеп әкімшілігіне ұсталды;

2) 8- сынып оқушысы сыныптасының телефонын ұрлап алды;

3) 9- сынып оқушысы сыныптасын ұрып, балағаттады;

4) 10 -сынып оқушысы дүкеннің терезесіне тас лақтырып сындырды;

5) 11 - сынып білім алушылары мектеп ауласында төбелесті;

6) 9 - сынып білім алушылары бейіттегі мазарлардың біріне жаман сөздер жазып, құлпытасын құлатып кетті;

7) 11- сынып оқушысы мектепке есірткі әкеліп, сыныптастарының бірнешеуіне дәмін татып көруді ұсынды;

8) 10 - сынып білім алушылары тұрғын үйдің ауласында түнгі сағат 23-00-де гитарамен ән айтып, тұрғындардың мазасын алды;

9) 8 - сынып оқушысы сыныптасының телефондағы құпия жазбасын сынып чатына жариялады;

10) 9 - сынып оқушысы бастауыш сынып ұлдарының бірінен ақша талап етіп, қорқытты.

Нормативтік құжаттар:

ҚР кәмелетке толмағандар қылмыстық және әкімшілік жауаптылыққа Қылмыстық кодекспен де (ҚР ҚК), сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы (ҚР ӘҚБтК) жауапқа тартылады. Кәмелетке толмағандардың құқыққа қарсы әрекеттері сипатына қарай әртүрлі баптарға сәйкес құқық бұзушылық бойынша жазаланады.

Шешімі:

Қазақстанда кәмелетке толмағандар арасында қоғамға қарсы іс-әрекеттердің алдын алу – бұл мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарға арналған маңызды әлеуметтік проблема, оған назар аудару керек.

Профилактика жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алуға, сондай-ақ олардың тәрбиесі мен әлеуметтенуі үшін жағдай жасау.

Қазақстанда кәмелетке толмағандардың қоғамға қарсы мінез-құлық профилактикасының негізгі бағыттары:

Заңнамалық шаралар: Қазақстанның заңнамасында кәмелетке толмағандар жасаған құқық бұзушылықтар мен қылмыстар үшін жауаптылық көзделеді. Сонымен бірге мұндай жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік қолдау жөніндегі шаралар көзделген.

Балалардың құқықтарын қорғауға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған бағдарламалар мен заңдар (мысалы, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заң) қолданылады.

Әлеуметтік қолдау және білім беру: мектептер, әлеуметтік қызметтер, сондай-ақ жастармен жұмыс істейтін органдар. Жасөспірімдердің қызығушылықтары мен дағдыларын дамытуға бағытталған қосымша білім беру бағдарламалары, спорттық және шығармашылық секциялар ұйымдастырылады. Педагогтердің біліктілігін арттыру жөніндегі арнайы бағдарламалар қиын жасөспірімдермен жұмыс істеуге арналған тәрбиешілер қамтылады.

Психологиялық және әлеуметтік жұмыс: Мектептер мен балалар орталықтарында балалар мен олардың отбасыларына бейәлеуметтік мінез-құлыққа әкелетін психологиялық проблемаларды шешуге көмектесетін психологтар мен әлеуметтік қызметкерлер жұмыс істейді. Сонымен бірге, тұрмысы нашар отбасынан шыққан балаларды анықтау бойынша іс-шаралар, оларға психологиялық көмек пен сүйемелдеуді ұйымдастыру.

Отбасымен жұмыс істеу: Ата-аналар мен заңды өкілдер жасөспірімдерді тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Балалардың азаматтық ұстанымын саналы түрде тәрбиелеу үшін отбасына профилактикалық жұмысқа көмектесу маңызды. Тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға арналған дәрістер мен семинарлар, сондай-ақ психологтармен кеңес беру де кіреді.

Құқық қорғау органдары: полиция және басқа да құқық қорғау органдары Қазақстанда профилактикалық әңгімелесулер, рейдтер, сондай-ақ кәмелетке толмағандармен өзара іс-қимылды қалыптастырушы мекемелер жүзеге асырады. ПМ-нің арнайы бөлімшелері Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың құқықтарының сақталуын да бақылайды.

ҮЕҰ және қоғамдық ұйымдар: Қазақстанда қоғамдық ұйымдар (ҮЕҰ) белсенді жұмыс істеуде, олар балалардың құқықтарын қорғау, құқық бұзушылықтардың алдын алу және жасөспірімдер арасында оңды бос уақытты ілгерілету мәселелерімен айналысады. Іс-шараларды өткізудің негізгі міндеті - дамуға қолайлы жағдай жасау жасөспірімдерді әлеуметтендіру, сондай-ақ олардың өз іс-әрекеттері мен қоғамына саналы және жауапкершілікпен қарауын қамтамасыз ету.

2-бөлім. Жария құқық. Әкімшілік құқық бұзушылық түрлері

Кейс тапсырма. Қазақстан азаматы Сәбитов мас күйінде «Азық-түлік» дүкенінде әдепсіз сөздерді айтып, оны полиция қызметкерлері ұстаған кезде, оларға бағынбай, қолдарын сермеп ол витринадан 2 (екі) бөтелке су мен тортты еденге түсіріп құлатып, дүкенге жалпы сомасы 7300 теңге залал келтірген.

«К» басқарушы компаниясында консьерж болып жұмыс істейтіні анықталған Сәбитовке қандай әкімшілік мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін? Ол сонымен бірге, II топтағы мүгедек, 18 жастан асқан үш баласы бар.

Шешім.

1. Азамат Сәбитовтың әрекеттерінде бірнеше құқық бұзушылық құрамдар бар:

а) қоғамдық орынға мас күйінде келуі;

б) ұсақ бұзақылық (қоғамдық орында әдепсіз сөз айту), полиция қызметкеріне, яғни, заңды өкіміне бағынбаумен ұштасқан әрекет;

в) 7300 теңге сомасында материалдық залал келтіру.

Бұл жағдайда мынадай қосымша жағдайлар да белгілі:

а) Сәбитов «К» басқарушы компаниясында ағаш ұстасы болып жұмыс істейді;

б) Сәбитовтың 18 жасқа толған үш баласы бар.

2. Жоғарыда жасалған әрекеттер ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (Қоғамдық орындарға мас күйінде келу), (Ұсақ бұзақылық), сондай-ақ материалдық залал келтіру - азаматтық-құқықтық бұзушылық баптарына сәйкес саралауға жатады.

3. Өзге де уәкілетті органдар (лауазымды адамдар) қарайтын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша мүліктік зиянды өтеу, кінәлі тұлға оны өз еркімен өтеуден бас тартқан жағдайда, азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен жүргізіледі.

4. Іскерлік беделді қорғау немесе әкімшілік құқық бұзушылықтан келтірілген моральдық зиянды өтеу туралы талаптар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген негіздер бойынша азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралады.

Сондықтан, кінәсі анықталған жағдайда, Сәбитовке қатысты он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алу түріндегі әкімшілік жаза шарасы таңдалуы тиіс, сондай-ақ азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен Сәбитов материалдық залалды өтеуге міндетті болады.

Экологиялық құқық негіздері

Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.

ҚР экологиялық құқығы қазіргі кездегі ұлттық құқық жүйесінің өз алдына бөлек кешенді құқық саласын білдіреді.

Экологиялық құқық: қоғам мен қоршаған ортаның арасындағы қоғамдық қатынастар. Экологиялық құқық табиғи объектілерді пайдалану құқығы және меншік құқығын құқықтық реттеудің жалпы негіздерін, қоршаған ортаны қорғау саласында басқарудың мемлекеттік-құқықтық механизмін, табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық механизмінің құқықтық негізін, қоршаған ортаны қорғау заңдарын бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілігі жөніндегі сұрақтарды қамтиды.

Кейс жағдайы: 2024 жылдың қыркүйек айында Түркістан облысының полициясы рейд кезінде Шардара су қоймасында заңсыз балық аулаған екі жергілікті тұрғынды анықтады. Браконьерлерден 100 кг жуық балық, үш гарпун

және екі гидрокостюм тәркіленді. Осы жылдың алғашқы сегіз айында тек осы облыста ғана полиция браконьерлерден 3 тоннаға жуық балық тәркіледі. Сонымен қатар, полиция қызметкерлері балық аулау ережелерін бұзған 360-тан астам азаматты жауапкершілікке тартып, 5,5 млн теңгеге жуық сомаға айыппұл салды.

Кейсті шешуге арналған нормативтік құжаттар:

ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық кодексі. 383-бап. Балық аулау және балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау қағидаларын бұзу.

– 384-бап. Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманың талаптарын бұзу

Қылмыстық құқық жүйесі бөлімшесі бойынша кейс тапсырмалары.

Қылмыстық іс қозғау бойынша 1-кейс тапсырмасы: Жедел медициналық жәрдем ауруханасынан полиция бөлімінің кезекші бөліміне 1-қаңтарда «Алмаз» демалыс аймағының аумағынан «жабық бас сүйек-ми жарақаты» диагнозымен Ивашов естен танып, ауруханаға жеткізілді.

Болған оқиғаның мән-жайы бойынша Ивашовтан түсініктеме алу денсаулығының ауыр жағдайына байланысты мүмкін болмады. Тексеру барысында басқа нақты деректер алынбады.

Сұрақтар: Қылмыстық іс қозғауға негіз бар ма? Осы факт бойынша қандай шешім қабылдау керек?

2-кейс тапсырмасы: «Радиотехника» бірлестігінің дайын өнімдер қоймасын тексеру барысында 1 млн теңгенің тауарларының жетпейтіні анықталды. 12-шілдеде ревизия материалдары алдын ала тергеу органдарына берілді. Тергеуші ревизия актісін зерделеп, оның негізінде ұрлық фактісі туралы қорытынды жасауға болмайтынын мәлімдеді.

Сұрақтар: Қалыптасқан жағдайды бағалаңыз. Қылмыстық іс қозғауға не себеп және негіз болып табылады?

3-кейс тапсырмасы: Учаскелік полиция уәкілі Косарев жұмыс істемейтін күні демалыс саябағында тұрып, ойын-лотереяға қатысты. Сатып алған лотерея билетіне сәйкес ол түрлі-түсті теледидарды жеңіп алды. Алайда, ойынға қатысқан тағы бір әйел де жеңіске жеткенін мәлімдеп, теледидар ұтқанын айтты. Ойын жүргізушісі былай деді: теледидар бір ғана, сондықтан ең үлкен ақшалай мөлшерлемені жасаушылар сыйлыққа ие болады. Ұтыс алу мақсатында Косарев жүргізушіге 30000 теңге сомасындағы барлық ақшасын берді, бірақ әйел 10000 теңгеге артық сома берді. Содан кейін жүргізуші әйелді жеңімпаз деп жариялап, оған теледидар төлқұжаты мен Косаревтен алған ақшасын берді. Оған қатысты алаяқтық әрекеттер жасалды деп шешкен Косарев ойынға қатысушыларды ұстап, полиция бөлімінің кезекші бөліміне жеткізді.

Сұрақтар: Бұл жағдайда қылмыстық іс қозғауға не себеп болуы мүмкін және неліктен?

4-кейс тапсырмасы: Полиция бөліміне есірткі заттары үшін Захария жеткізілді. Жедел уәкіл Тұмановтың мәлімдемесінде Захария марихуанаға ұқсас зат салынған пакетті сату кезінде ұсталғаны көрсетілген. Захарияның жеке басын тексеру кезінде тағы да осындай 4 пакет табылды. Сот сараптамасының

қорытындысы бойынша алынған пакеттерде Захарияны қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін салмағы жеткілікті есірткі заты бар екені де анықталды.

Сұрақтар: Осы жағдайда қылмыстық іс қозғаудың себебі мен негіздемесін анықтаңыз.

5-кейс тапсырмасы: Учаскелік полиция уәкілі Красинге 13 жасар Горбункова өтініш білдіріп, ол бір сағат бұрын үйдің жанында құрбысымен орындықта отырғанын және ата-анасы туған күніне сыйлаған ұялы телефонмен сөйлескенін айтты. Телефонды ата-анасы бір апта бұрын сыйлаған, оның бағасы 50 мың теңге еді. Оған белгісіз жігіт жақындап келіп, жинақ банкіне қалай бару керектігін сұрады. Сосын оның қолынан телефонын тартып алып, қашып кетті. Красин Горбунковаға ата-анасының біреуімен бірге полиция бөлімінің кезекші бөліміне келіп, ресми өтініш жазуды ұсынды. Болған оқиға туралы толық ақпарат алған Красин бұл ретте ұрланған соманың шамалы екеніне назар аударды.

Сұрақтар: Учаскелік уәкілдің әрекетіне баға беріңіз. Алдын ала тергеудің жалпы шарттары

1-кейс тапсырмасы. Фролов пен Шустов алдын ала сөз байласып, Энск қаласының түрлі аудандарында жеті пәтер тонады. Олар бір ұрлықты Энск облысының Зарай ауданында жасаған. Ленин ауданында пәтер ұрлығын жасаған кезде оларды қылмыс болған жерде қожайыны ұстап алған, бірақ ұрланған заттармен бірге қашып кете алмады. Қарақшылық жасағаны үшін оларға іздеу жарияланды. Үш айдан кейін Энск қаласының Васильев ауданында ҚР ҚК 293-бабының 2-бөлігінде көзделген бұзақылық әрекеттерге байланысты ұсталды.

Сұрақтар: Алдын ала тергеудің тергелу түрлерін және жүргізілетін орнын анықтаңыз.

2-кейс тапсырмасы. Мәскеу-Ташкент пойызы жүріп келе жатқанда вагондардың бірінде купеден бағалы заттар ұрланған. Жәбірленуші поезд Амур станциясынан өткеннен кейін ұрлықты байқады. Бір айдан кейін бұл заттар Новосібір қаласындағы коммерциялық дүкендердің бірінен табылып, танылды. Құжаттардан Омбы қаласында тұратын Никоноровтың ұрланған заттарды сатуға тапсырғаны белгілі болды. Жәбірленушілер мен жолаушылар онымен бір купеде болған, олар Кемерово облысының Юрге қаласында тұрады.

Сұрақтар: Жәбірленушінің заттарын ұрлау туралы арызбен қайда жүгіну керек? Қылмыстық іс қозғау туралы мәселені кім шешеді және оны кім тергейді?

3-кейс тапсырмасы: Жол-көлік оқиғасы фактісі бойынша тергеуші 25 күн бұрын алдын ала тергеу жүргізді және істі айыптау қорытындысымен бірге прокурорға жіберді. Алайда прокурор 10 күннен кейін қылмыстық істі қосымша тергеу үшін қайтарып берді. Тергеуші тағы 25 күн ішінде қосымша тергеу жүргізіп, айыптау қорытындысын бекіту және оны сотқа беру үшін істі прокурорға қайта жіберді.

Бұл жағдайда алдын ала тергеу мерзімдері туралы заң нормаларының бұзылуы бар ма?

Тараз қаласы. Жамбыл атындағы №5 мектеп-гимназиясының тарих және құқықтану пәні мұғалімі Баєтова Сабира Сағатовнаның тәжірибесінен 10-сыныпқа арналған «Отбасы құқығы» бөлімі бойынша оқу процесінде келесі кейстерді қолдану ұсынылады.

«Құқық негіздері» пәнін оқытуда кейстермен жұмысты ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.

10 сынып. «Отбасы құқығы жүйесі» бөлімшесі. Отбасы – бір-бірімен мүлкітік және жеке мүлкітік емес құқықтар мен міндеттер арқылы байланысқан адамдар тобы. Олар некеге тұру, туыстық, асырап алу немесе балаларды тәрбиеге алудың басқа да формалары арқылы туындайды. «Отбасы құқығы жүйесі» бөлімшесі бойынша кейстер 3-кестеде берілген.

Оқу мақсаты	Кейстер	Сұрақ	Шешім
10.3.3.2 -Қазақстан Республикасының отбасылық қарым-қатынастарының құқықтық реттелуінің негізгі ұғымдары мен принциптерін түсіндіру	<i>Неке жарамсыз деп танылуы жайлы</i> Е есімді азамат пен Ж есімді азаматша некеге тұрған. Бірнеше айдан кейін Ж есімді азаматша Е есімді азаматтың неке кезінде бұрынғы әйелімен ресми ажыраспағанын анықтайды. Яғни Е есімді азамат екі некеде қатар тұрған. Ж есімді азаматша бұл некені жарамсыз деп тануды талап етеді.	Сот мұндай жағдайда неке туралы қандай шешім қабылдайды? Қандай құқықтық нормалар қолданылды?	Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» кодексінің 11-бабы бойынша мұндай неке жарамсыз деп табылады. Бұл жағдайда екінші некенің заңды салдары болмайды (мысалы, мүлкітік ортақтық туындамайды).
10.3.3.3 -әртүрлі өмірлік жағдайларда балалар құқықтарының жүзеге асырылуын зерттеу	<i>Баланың алимент алу құқығы туралы</i> М есімді азаматшы жалғыз басты ана. Ол бұрын азаматтық некеде тұрған, бірақ бала туылған кезде әкесі баланы өз атына жаздырудан бас тартқан. М есімді азаматша баласын өзі тәрбиелеп отыр. Қазіргі уақытта ол баланың әкесінен алимент талап еткісі келеді, бірақ баланың туу туралы куәлігінде әкесінің аты жоқ.	М есімді азаматша баланың әкесінен алимент талап ете ала ма? Ол үшін қандай әрекеттер жасалуы керек?	ҚР «Неке және отбасы туралы» кодексінің 47,74 және 76 – баптарына сәйкес: -Алимент талап ету үшін алдымен баланың әкесін заңды түрде анықтау қажет (әкелікті тану) -М есімді азаматша сотқа жүгініп, әкелікті анықтау туралы талап қоюы тиіс. - Сот биологиялық сараптама (ДНК) негізінде баланың әкесін анықтай алады. -Егер сот баланың әкесі екенін нақты анықтаса, оған ай сайынғы алимент төлеу міндеті жүктеледі. Шешім: М есімді азаматша әкелікті сот арқылы дәлелдесе, әкесі болып табылған азамат заң бойынша баласына алимент төлеуге міндеттеледі, яғни толық емес отбасы да мемлекет қорғауында болады.
10.3.3.3 -әртүрлі өмірлік жағдайларда балалар	<i>Қадағалаусыз қалған баланы мемлекеттің қамқорлыққа алуы</i> 12 жастағы А есімді бала ауылдағы туыстарынан қашып,	Мемлекет А есімді баланы қалай қорғайды? Оның құқығы	Құқықтық негіз: ҚР:«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі

құқықтарының жүзеге асырылуын зерттеу	қалаға келіп, вокзалда тұрып жүр. Оның ата-анасы бірнеше жылдан бері шетелде, байланыс жоқ. А есімді бала мектепке бармайды, қоқыстан бөтелке жинап күнін көреді. Оны құқық қорғау қызметкерлері тауып, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияға жеткізді.	қалай қамтамасыз етіледі?	-«Баланың құқықтары туралы» Заңы - Білім туралы Заңы -Қылмыстық-процестік кодексі бойынша: <i>Шешім:</i> А есімді 12 жасар бала уақытша қорғаншылық және қамқоршылық органының бақылауына алынады, оның ата-анасын іздестіру жұмыстары жүргізіледі. Егер олар табылмаса немесе ата-аналық құқығынан айырылса, А есімді бала мемлекеттік қамқорлыққа алынады және оның барлық заңды құқықтары (оқу, баспана, күтім, даму) мемлекет тарапынан қорғалады.
10.3.3.1- отбасылық қарым-қатынастар саласындағы нормативтік құқықтық актілердің қажеттілігін түсіндіру	<i>Бір тараптың отбасылық міндеттерді орындамауы</i> М есімді азамат пен Ж есімді азаматша некеде жеті жыл болды. Соңғы екі жылда М есімді азамат мүлде жұмыс істемейді, отбасы шығындары мен балалардың қажеттіліктерін толық Ж есімді азаматша өзі қамтамасыз етіп келеді. Сонымен қатар М есімді азамат отбасылық өмірге қатыспайды, бала тәрбиесіне араласпайды, үйде болмаған кездері жиілеп кеткен. Ж есімді азаматша мұны отбасылық міндеттерін орындамау деп есептейді және неке бұзылған жағдайда мүлікті бөлуде бұл жағдайды ескеруді сұрайды	Сот М есімді азаматтың отбасылық міндеттерін орындамағанын ескеріп, шешім қабылдай ала ма? Ерлі-зайыптылардың қандай міндеттері бар?	<i>Құқықтық негіз:</i> Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінің 31-бабы бойынша: -Ерлі-зайыптылар бір-біріне адал болуға, өзара көмек көрсетуге, балаларын тәрбиелеуге және отбасы мүддесіне сәйкес әрекет етуге міндетті. -Сондай-ақ, бірге тұру, материалдық қолдау көрсету және ортақ шаруашылық жүргізу- негізгі міндеттердің қатарына жатады. <i>Шешім:</i> Сот Ж есімді азаматшаның талап-арызы негізінде М есімді жұбайының отбасылық міндеттерді жүйелі түрде орындамағанын дәлелденген деп тапса: -Мүлікті бөлгенде сот Ж есімді азаматшаның пайдасына шешім шығаруы мүмкін
10.3.3.3- -әртүрлі өмірлік жағдайларда балалар құқықтарының жүзеге асырылуын зерттеу	<i>Бала өз пікірін білдіруге құқылы.</i> Д есімді 16 жастағы оқушы қыздың соңғы уақытта ата-анасы жиі ұрысып, бір-бірімен тіл табыса алмай жүр. Ақырында, олар ажырасуға шешім қабылдайды. Д есімді 16 жастағы қыз баланың әкесі өзімен бірге тұруды қалайды, алайда қыз анасының жанында	Отбасы тараған жағдайда баланың қай тарапта қалатынын кім шешеді? Баланың өз пікірін ескеру міндетті ме?	Шешім: Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі бойынша 68-бап- Ажырасу кезінде баланың кіммен қалатынын анықтау. Ата-аналар өзара келісімге келе алмаса, баланың кіммен қалатыны сот шешімімен

	қалғысы келетінін айтады. Бірақ әкесі оны көндіруге тырысады және шешімді тек өзі қабылдайтынын айтады.		белгіленеді. Сот шешім қабылдағанда: -баланың жасын, -ата-анасының жағдайын, -баланың өз пікірін (он жастан бастап міндетті түрде) ескереді. 74-бап-бала өз пікірін білдіруге құқылы. 10 жастан асқан баланың пікірі міндетті түрде ескерілуі тиіс, ал ерекше жағдай болмаса, бұл пікір сот шешіміне әсер етеді.
10.3.3.2 -Қазақстан Республикасының отбасылық қарым-қатынастарының құқықтық реттелуінің негізгі ұғымдары мен принциптерін түсіндіру	<i>Отбасылық қатынастардың негізгі қағидаттары</i> А есімді 15 жасар оқушы сабағын жақсы оқиды, достары көп. Бірақ соңғы кезде ата-анасымен жиі сөзге келіп жүр. Әкесі үй шаруасына көмектеспейтінін, телефонды көп қолданатынын айтып ұрсады. Ал баласы өзін ата-анасы түсінбейтінін айтып ренжиді. Бірде ол әжесінің туған күнінен барғысы келмей, достарымен кездеспек болады. Анасы ренжіп: «Отбасы-ең басты байлық» дейді. А есімді бала «Достармен де қарым-қатынас маңызды» деп жауап береді.	А есімді 15 жастағы бала отбасылық құндылықтарды ескеріп отыр ма? Әке-шеше мен бала арасындағы түсініспеушілік қалай шешілуі керек?	69 -бап- Ата-аналардың бала тәрбиелеу жөніндегі құқықтары мен міндеттері Ата-аналар баласына қамқорлық жасауға, оны адамгершілікке, сыйластыққа, отбасылық құндылықтарға тәрбиелеуге міндетті. 73-бап -Баланың құқықтары мен міндеттері Бала отбасы мүшелерін сыйлауға, олардың абыройын құрметтеуге тиіс. Сондай-ақ өз құқығын пайдалана отырып, ата-анасына зиян келтірмеуі керек. 2-бап -Отбасылық қатынастардың негізгі қағидаттары -Отбасы мүшелерінің өзара құрметі мен сүйіспеншілігі, -Баланың мүддесін басым қою, -Ата-аналардың бала алдындағы және баланың ата-ана алдындағы жауапкершілігі.
10.3.3.2 -Қазақстан Республикасының отбасылық қарым-қатынастарының құқықтық реттелуінің негізгі ұғымдары мен принциптерін түсіндіру	Некеге тұру заңдылығы. А есімді 18 жастағы азаматша колледжде оқиды. Ол А есімді жігітпен үш жылдан бері араласып, сөйлесіп жүр. Екеуі бірін-бірі жақсы көреді және жақында неке қимақ ниеттері бар. А есімді азаматшаның анасы бұл шешімге қарсы: «Сен әлі оқуыңды аяқтамадың, материалдық жағынан тәуелдісің, неке асығыс шешім» дейді. Ал А есімді жігіт «жасымыз кәмелетке толды, заң бойынша бәрі дұрыс» деп айтады.	Екі жас заң бойынша некеге тұра ала ма? Отбасын құру үшін тек заңды талаптар жеткілікті ме, әлде басқа факторлар да маңызды ма?	Құқықтық негіз: Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі: 13-бап- Неке жасы: -Некеге тұрудың заңды жасы- 18 жас; -Ерекше жағдайларда (жүктілік, баланың дүниеге келуі)- 16 жасқа дейін жергілікті атқарушы орган рұқсат ете алады. 14-бап – Некеге тұру шарттары: -Ерікті келісім болуы керек; -Басқа неке тіркелмеуі керек; -Туыстық кедергілер болмауы тиіс; -Психикалық ауру немесе шешім қабылдауға

			қабілетсіздік жағдайы болмауы қажет.
10.3.3.1- отбасылық қарым-қатынастар саласындағы нормативтік құқықтық актілердің қажеттілігін түсіндіру	<i>Ата-ананың міндеттері</i> М есімді азамат пен Ж есімді азаматша үш баласы бар ата-ана. Екеуі де жұмыс басты, таңнан кешке дейін қызметте жүреді. Үйдегі үлкен бала –14 жастағы Ә есімді ұл бала, одан кейін 9 жастағы М есімді қыз бала, ал кенжесі 4 жастағы қыз бала. Соңғы уақытта бабалар тәртібі нашарлап, мектептен шағымдар көбейген. Үлкен ұлдары көп уақытын телефонда өткізіп, сабақ оқымайды, ортаншы қызы сабақтан көп қала беретін болды, ал кенже қыздары жиі жылап, ата-анасынан көңіл бөлуді сұрайды.	Бұл отбасындағы ата-аналардың қандай міндеттерін орындамағанын байқауға болады? Ата-ананың тек материалдық қамтамасыз етуі жеткілікті ме? Ата-аналар қандай нақты әрекеттер жасауы керек еді?	Негізгі құқықтық акт: Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі 72-бап. Ата-аналардың құқықтары мен міндеттері Бұл бапта ата-аналардың баланы тәрбиелеу, білім беру, денсаулығын сақтау, моральдық-рухани дамуын қамтамасыз ету міндеттері көрсетілген. 73- бап. Ата -аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі көрсетіледі. 68 -бап. Бала құқықтарының жалпы қағидаттары. Мұнда баланың өмір сүруге, дамуға, отбасында тәрбиеленуге және қорғалуға құқығы нақтыланады.
10.3.3.2 -Қазақстан Республикасының отбасылық қарым-қатынастарының құқықтық реттелуінің негізгі ұғымдары мен принциптерін түсіндіру	<i>Жанұялық пәтер дауы.</i> Н есімді азамат пен әйелі А 15 жыл некеде тұрып жатыр. Олар некеге тұрғаннан кейін бірлесіп пәтер сатып алған. Пәтер күйеуінің атына тіркелген, бірақ А есімді азаматша да пәтердің алғашқы жарнасын төлеуге және несие төлемдеріне үлес қосқан. Біраз уақыттан кейін ерлі-зайыптылар арасында келіспеушіліктер туындап, олар ажырасуға шешім қабылдайды. Ажырасу кезінде Н есімді азамат пәтердің тек өзіне тиесілі екенін айтып, А есімді әйеліне талап етпеуге шақырды. Ал А есімді азаматша өзінің де мүлікке құқығы бар екенін алға тартады, өйткені ол да несие төлеуге қаржылай қатысқан.	Пәтер кімнің меншігі болып есептеледі? А есімді азаматша бұл мүліктен үлес талап ете ала ма?	Шешім: Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінің 38-40 баптары негізге алынады. А есімді азаматша пәтерге тең үлес талап етуге толық құқығы бар, себебі: -пәтер неке кезінде алынған; -ол ортақ қаражатпен немесе екі тараптың үлесімен алынған; -бұл мүлік ҚР Неке және отбасы кодексінің 38-40 баптарына сәйкес ортақ меншік болып табылады.
10.3.3.3- әртүрлі өмірлік жағдайларда балалар құқықтарының жүзеге асырылуын зерттеу	<i>Мұраға қалатын үй жайлы</i> Ә есімді 12 жасар ұл баланың атасы қайтыс болар алдында өз үйін немересіне мұраға қалдырып кетеді. Үй заңды түрде Ә есімді баланың атына тіркелген. Ол үйде ата-анасымен бірге бала тұрып жатады. Бір күні отбасылық мәселелермен Ә есімді 12 жасар ұл баланың ата-анасы ажырасуға шешім қабылдап,	Атадан мұра ретінде балаға қалған үй ата-анасы ажырасу кезінде ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі ретінде санала ма?	Шешім: ҚР «-Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі: 38- бап, 5-тармақ: Сыйға тарту немесе мұрагерлік тәртібі мен алынған мүлік ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне кірмейді және кімнің атына тіркелсе, соның жеке меншігі болып табылады. ҚР Азаматтық кодексі: 1049 - бап:

	әкесі үйді отбасының ортақ мүлкі ретінде бөліскісі келеді, ал баланың анасы бұл мүлік баланың жеке меншігі екенін айтып, қарсы болады.		Мұрагерлік бойынша алынған мүлік мұрагердің жеке меншігі болып табылады. Қорытынды: Ә есімді 12 жасар баланың атына мұраға қалған үй-бұл оның жеке меншігі. Ата-анасының бірі де оны ортақ мүлік ретінде бөлісе алмайды. Бұл мүлік ата-аналарының ажырасуы кезінде бөлуге жатпайды. Ата-аналар тек баланың мүлкін басқару құқығына ие, бірақ оны өз пайдаларына жарата алмайды. Егер үйді сату немесе жалға беру жоспарланса онда бұл үшін қорғаншылық органдарының рұқсаты қажет.
10.3.3.3- -әртүрлі өмірлік жағдайларда балалар құқықтарының жүзеге асырылуын зерттеу	<i>Ата-аналық құқықтан айрылған отбасы және баланың қорғалуы.</i> А есімді 9 жастағы қыз баланың ата-анасы ішімдікке салынған, балаға дұрыс қарамайды, жиі ұрып-соғып мектепке жібермей қояды. Мектеп мұғалімдері бұл жағдайды байқаған соң, қамқоршылық және қорғаншылық органдарына хабар береді. Тексеру нәтижесінде ата-ананың балаға дұрыс қарамайтыны расталды.	А есімді 9 жасар қыз баласының құқығы қалай қорғалады? Мемлекет балаға қандай кепілдіктер береді?	ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі: 19 -бап. Мемлекеттік қорғау Мемлекет әр баланың құқықтарын қорғауға, оны қатыгездік пен немқұрайлықтан сақтауға міндетті. 75- бап. Баланың құқықтарын қорғау Баланы қамқорлықсыз қалдыру жағдайында мемлекет оның өмірі, денсаулығы, білімі, мүддесі мен мүлкін қорғау үшін шаралар қабылдайды. <i>Бала құқықтары туралы Конвенция</i> (Қазақстан 1994 жылдан бастап қатысушы) Әрбір бала қатыгездік, немқұрайлылық, зорлық-зомбылықтан қорғалуға құқылы. Мемлекет осындай жағдайда дереу араласуға және баланы қауіпсіз ортаға орналастыруға міндетті.
10.3.3.3- -әртүрлі өмірлік жағдайларда балалар құқықтарының жүзеге асырылуын зерттеу	<i>Балаға есім қою құқығы</i> Ерлі -зайыптылар алғаш рет ата-ана атанды. Олар баласына есім қою кезінде келісе алмады. Екеуі де өз көзқарастарынан қайтпады. Мемлекеттік тіркеу кезінде балаға әлі есім қойылмағандықтан, АХАТ бөлімі екі ата-ананың келісімін талап етеді. Тараптар келісімге келе алмаған соң, мәселе сотқа дейін жетеді.	Кім балаға есім қою құқығына ие? Егер ата-аналар келіспесе, бұл жағдай қалай шешіледі?	ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі 66-бап. <i>Балаға есім беру.</i> Балаға есім беру- ата-анасының өзара келісімімен жүзеге асырылады. Егер ата-аналар ортақ келісімге келе алмаса, дау сот тәртібімен шешіледі. 67-бап. <i>Балаға тегі мен әкесінің атын беру</i> Бұл да екі тараптың келісімімен немесе дау туындаса -сот шешімімен анықталады.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Құқық негіздері» пәнін оқытуда теория мен практиканы тиімді біріктіретін кейс-әдісті қолдану білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, талдау, дәлелдеу, шешім қабылдау және командада жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Құқық негіздері» пәнін оқытуда сабақта кейстермен жұмысты ұйымдастыру оқу процесін мазмұнды әрі нақты өмірлік жағдайларға жақындатады. «Құқық негіздері» пәнінің мазмұны азаматтардың құқықтары мен міндеттерін, мемлекеттік органдардың қызметін, құқықтық жауапкершілікті, құқық бұзушылықтар мен құқықтық қорғауды қамти отырып, нақты өмірлік жағдайлармен тығыз байланысты.

Әдістемелік ұсынымдарда кейстерді қолданудың теориялық негіздері, оның білім беру мақсаттарына сәйкестігі, түрлі форматтары мен қолдану жолдары, сондай-ақ практикалық мысалдары мен ықтимал тәуекелдері жан-жақты қарастырылды.

Оқытуда кейстерді қолдану білім алушылардың құқықтық білімін тереңдетуге, сыни ойлауын, коммуникативтік және дәлелдеу дағдыларын дамытуға ықпал ететін заманауи әрі тиімді дидактикалық құрал болып табылады. Бұл әдістің теориялық негізі іс-әрекеттік, құзыреттілік және тұлғаға бағытталған тәсілдерге сүйенеді. Құқықты оқытудың ерекшелігі өмірлік жағдайларда құқық нормаларын қолдану қажеттілігімен тығыз байланысты болғандықтан кейстерді қолданудың маңыздылығы жоғары. Сонымен қатар, педагогикалық және әдістемелік талдаулар көрсеткендей, бұл әдісті тиімді пайдалану үшін білім алушылардың жас ерекшеліктерін, танымдық қабілеттерін және уәжін ескеру, сондай-ақ мұғалімнің әдістемелік дайындығын қамтамасыз ету қажет. Теориялық негіздеме кейс-әдісті «Құқық негіздері» пәнін оқыту тәжірибесіне мақсатты әрі нәтижелі енгізудің берік іргетасын қалыптастырады.

Кейс үлгілері арқылы мұғалім:

- оқу мақсаттарын практикалық жағдаяттармен байланыстыра отырып жүзеге асырады;
- құқықтық білімді өмірмен ұштастыруға негізделген сабақ құрылымын жасай алады;
- құқықтық және функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған жұмыс жүргізеді;
- білім алушылардың сыни және құқықтық ойлау дағдыларын дамытады;
- диалогтік оқыту, дәлелдеу, пікір айту, шешім қабылдау сияқты құзыреттерді жетілдіреді.

Сонымен қатар, түрлі типтегі кейстер (иллюстративтік, проблемалық, салыстырмалы және т.б.) сабаққа вариативтік сипат береді және оқыту мазмұнын білім алушылардың тәжірибесіне жақындатады. Бұл оқытудағы мотивацияны арттырып қана қоймай, құқықтық қатынастарға деген жауапкершілікті де қалыптастырады.

Осылайша, әдістемелік ұсынымдарда ұсынылған кейстер мұғалімнің оқу процесін құзыреттілікке бағыттауына және білім алушылардың құқықтық білімін өмірлік жағдаятта қолдана алуына нақты мүмкіндік береді.

Оқытуда кейстерді қолдану білім алушылардың құқықтық білімін тереңдетуге, сыни ойлауын, коммуникативтік және дәлелдеу дағдыларын дамытуға ықпал ететін заманауи әрі тиімді дидактикалық құрал болып табылады. Бұл әдістің теориялық негізі іс-әрекеттік, құзыреттілік және тұлғаға бағытталған тәсілдерге сүйенеді. Құқықты оқытудың ерекшелігі өмірлік жағдайларда құқық нормаларын қолдану қажеттілігімен тығыз байланысты болғандықтан кейстерді қолданудың маңыздылығы жоғары. Сонымен қатар, педагогикалық және әдістемелік талдаулар көрсеткендей, бұл әдісті тиімді пайдалану үшін білім алушылардың жас ерекшеліктерін, танымдық қабілеттерін және уәжін ескеру, сондай-ақ мұғалімнің әдістемелік дайындығын қамтамасыз ету қажет.

Жалпы алғанда, бұл әдістемелік ұсынымдар құқық пәні мұғалімдеріне оқу процесін белсендіру, білім алушылардың құқықтық ойлауын қалыптастыру және құқықтық білімді өмірлік тәжірибемен ұштастыруда нақты бағыт-бағдар береді. Алдағы уақытта бұл бағыттағы әдістемелік ізденістер мен практикалық шешімдер құқықтық білім берудің сапасын одан әрі арттыруға негіз болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248>
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі., <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinschi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959>.
3. Жук, О.Л. Педагогика. Практикум на основе компетентностного подхода. Учебное пособие / О.Л. Жук, С.Н. Сиренко; под ред. О.Л. Жук. — Минск: РИВШ, 2007. — 182 с.
4. Грузкова, С.Ю. Кейс метод: история разработки и использования метода в образовании [Электронный ресурс] / С.Ю. Грузкова, А.Р. Камалеева // Соврем. исслед. соц. проблем. – 2013. – № 6 (26). – С. 24–25.
[URL:https://cyberleninka.ru/article/n/keys-metod-istoriya-razrabotki-i-ispolzovaniya-metoda-v-obrazovanii](https://cyberleninka.ru/article/n/keys-metod-istoriya-razrabotki-i-ispolzovaniya-metoda-v-obrazovanii).
5. Митрофанова, И. Н., Чечевица, А. Ю. Кейс метод в преподавании обществознания и права. Алматы: Атамұра 2017.
6. Попова С. Ю. Кейс-стади: принципы создания и использования. – Тверь: Изд-во «СКФ-офис», 2015.
7. Грачев, А. В. Учимся с кейсами: обучение на основе реальных ситуаций. Москва: Просвещение, 2016.
8. Гаджикурбанова Г. М. Анализ подходов к классификации кейсов // Мир науки, культуры, образования. 2013. № 3 (40). С. 9–12.
10. Алексашкина, Л. Н. Кейс метод в образовательной практике. Москва: Академия, 2014.
11. Christensen, C. R., Carlile, P. R., & Baker, W. E. Teaching, and the Case Method: Text, Cases, and Readings. Boston: Harvard Business School Press, 2001.
12. Christensen, C. R., Garvin, D. A., Sweet, A. (Eds.) Education for Judgment: The Artistry of Discussion Leadership. Boston: Harvard Business School Press, 1991.
13. Негізгі білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы, ҚР Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына 63-қосымша <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767#z209>
14. Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы, ҚР Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына 122-қосымша <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767#z268>
15. Қазақстан Республикасының Конституциясы., <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>

16. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000>

17. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>

18. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-ІV Кодексі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>

19. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>

20. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1 «Құқық негіздері» пәнін оқытуда кейс әдісін қолданудың теориялық негіздері	5
2 «Құқық негіздері» пәнін оқытуда кейстермен жұмысты ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар	16
Қорытынды	77
Пайдаланылған дереккөздердің тізімі	79